



ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП

ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП



CAERCO

Орталық-Азия
Электрэнергетикалық Корпорациясы

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП МАЗМҰНЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	4	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	48
ПРЕЗИДЕНТ ҮНДЕУІ	6	Акционерлердің жалпы жиналысы	50
НЕГІЗГІ АҚПАРАТ	8	Акционерлердің жалпы жиналысы қызметінің қорытындылары	50
Қызмет профилі	8	Акционерлік капитал құрылымы	51
Корпорация құрылымы	9	Дивидендтер туралы ақпарат	51
Корпорация рейтингі	9	Директорлар кеңесі	52
Қызметтің негізгі көрсеткіштері	10	Директорлар кеңесінің құрамы	52
Негізгі өндірістік сипаттамалар	11	Ұйымдық құрылым	56
ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР	12	Директорлар кеңесі қызметінің қорытындылары	56
КОРПОРАЦИЯ ТУРАЛЫ	14	Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер қызметінің қорытындылары	57
Тарихы	16	Атқарушы орган	58
Миссия	17	Ішкі бақылау және аудит	59
Көрініс	17	Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп	59
Бизнес-модель	17	ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ	62
Қызмет географиясы	18	Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесі	64
Еншілес ұйымдар	19	Ішкі бақылау стандарттары	65
2016-2020 ЖЫЛҒЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ	20	Тәуекелдерді сақтандыру	66
Негізгі стратегиялық бағыттар	20	Қызметке айтарлықтай ықпал ететін тәуекелдерге талдау	66
Инвестициялық бағдарламаны 2020 жылға дейін жүзеге асыру перспективалары	21	ТҰРАҚТЫ ДАМУ	70
НАРЫҚТЫҚ ОРТАҒА ТАЛДАУ	22	Мүдделі тараптармен өзара қызмет	72
Қазақстан экономикасына шолу	24	Ақпараттық саясат	74
Қазақстанның энергетика саласына шолу	26	Экологиялық саясат	75
ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ	30	Кадрлық және әлеуметтік саясат	82
Өндірісті арттыру	32	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау	91
2009-2017 жылдардағы Инвестициялық бағдарламаның нәтижелері	32	Тұтынушылардың қауіпсіздігі	96
Электр энергиясын беру	35	Әлеуметтік әріптестік	96
Жылу энергиясын беру	37	Корпоративтік оқиғалар	97
Қондырғыларды қайта құру және жаңғырту бойынша 2018 жылға жоспар	38	Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы ..	98
Процестерді автоматтандыру	38	GRI элементтерінің индексі	99
Өткізуші компанияларда жобаларды жүзеге асыру	40	ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ	104
Сатып алу қызметі және қамту	42	Глоссарий	110
Қаржы-экономикалық көрсеткіштер	43	БАЙЛАНЫС	113

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Есеп «Орталық-Азия Электрэнергетикалық Корпорациясы» АҚ-ның («ОАЭК» АҚ) 2017 жылғы қызметінің қорытындылары бойынша дайындалды. Бұл құжатта «ОАЭК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының қызметі туралы ақпарат берілген.

Құжат GRI Standards: «Сәйкестіктің негізгі нұсқасы» нұсқаулығына сәйкес әзірленген Тұрақты даму туралы есепті қамтиды. Есеп жыл сайын жасалады. 2016 жылдың қорытындысы бойынша Тұрақты даму туралы есепті қамтитын өткен Есеп 2017 жылдың шілдесінде жарияланды.

Есеп мазмұнында айтарлықтай өзгерістер орын алған жоқ, сонымен қатар Корпорация GRI Standards бойынша ақпаратты жария етудің талаптарын қолдануға көшті. Есептіліктің стандартты элементтері мен көрсеткіштері жарияланған кесте «GRI элементтерінің индексі» бөлімінде орналасқан. Бұл есеп сыртқы растаудан өткен жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



АЛЕКСАНДР ЯКОВЛЕВИЧ КЛЕБАНОВ

«ОАЭК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, СЕРІКТЕСТЕР!

Бұл есепте Корпорация қызметінің жаңа кезеңін айқындаған оқиғаларға толы 2017 жылға қорытынды жасалған.

«ОАЭК» АҚ бөлімшелері Директорлар кеңесі алға қойған және Даму стратегиясында айқындалған стратегиялық міндеттерді орындады. Қазақстан электр энергетикасы секторында Корпорация активтерді жаңарту бойынша лидерлер қатарына кіреді. 2017 жылы «ОАЭК» АҚ холдингі турбоагрегаттарды жаңғырту, электр және жылу энергиясын беру кезіндегі шығындарды төмендету, сондай-ақ, Компаниялар тобына кіретін кәсіпорындар қызметінің экологиялық параметрлерін жақсарту бойынша кең ауқымды жобаларды жүзеге асыруды жалғастырды.

Менеджменттің салмақты инвестициялық және қаржылық саясаты Корпорацияның өтімділігін, шығындарды қатаң бақылауды және тұрақты қаржылық жағдайын қамтамасыз етеді. Есептік жылдағы пайда 10,639 млрд теңгені құрады.

Бұқаралық компания болып табылатын «ОАЭК» АҚ өз қызметінде корпоративтік басқару саласындағы ең жоғарғы стандарттарды ұстанады. Бұл ұзақмерзімді тұрақты дамуға және барлық мүдделі тараптардың көзқарастарын қорғауға ықпал етеді. Директорлар кеңесінің шешімімен 2017 жылы «ОАЭК» АҚ атқарушы органы қайта сайланды: Корпорация Президенті лауазымын Кан Сергей Владимирович иеленді. Бұл тағайындау топ-менеджментті жоспарлы ротациялау аясында жүзеге асты және «ОАЭК» АҚ ұзақмерзімді даму жоспарына жауап береді. Есептік жылда, сондай-ақ,

Директорлар кеңесінің құрамы жаңарды, ол Даму стратегиясына сәйкес алға қойылған жоспарларды жүзеге асыруды бақылауды жалғастырады.

Корпорацияда қызметтің ашықтығын арттыруға бағытталған жұмыстар ұдайы жүргізіледі. Бұл мақсатта Директорлар кеңесі 2017 жылы Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы әрекет ету жөніндегі саясатты қабылдады. Оның негізгі принциптері корпоративтік басқарудың жоғарғы деңгейін сақтау, өкілеттілік пен жауапкершілікті тиімді бөлу негізінде ашық ұйымдық құрылымды қалыптастыру жолымен көзқарастар қайшылығын азайту болып табылады.

Тұрақты дамуды сөз еткенде өңірлердегі еншілес ұйымдардың қызметін атап өткен маңызды. Есептік жыл қорытындысында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ жыл сайынғы республикалық «Парыз» байқауында ірі компаниялар арасында үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорындардың бірі ретінде танылды. Павлодарда акционер «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ мен «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ қолдауымен есептік жылдың желтоқсанында Павлодар монтаж колледжінің энергетик студенттеріне арналған 200 орындық жаңа жатақхананың ашылуы болды. Әлеуметтік жоба Павлодар облысы әкімдігімен қол қойылған әлеуметтік жобаларды бірлесіп жүзеге асыру туралы меморандумы аясында іске асты.

Корпорацияның 2017 жылғы қызметінің қорытындысы Даму стратегиясының тиімділігін, белгіленген басымдықтардың маңыздылығын дәлелдей түсіп, ары қарайғы тұрақты дамуды болжауға мүмкіндік береді.

ПРЕЗИДЕНТ ҮНДЕУІ



СЕРГЕЙ ВЛАДИМИРОВИЧ КАН

«ОАЭК» АҚ ПРЕЗИДЕНТІ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!

Алдарыңызда – «ОАЭК» АҚ-ның 2017 жылғы есебі. Мұнда Корпорацияның тұрақты дамуына бағытталған жобаларды жоспарлы түрде жүзеге асыру нәтижелері баяндалған.

Электр және жылу энергетикасы секторындағы ірі жеке компания болып табылатын «ОАЭК» АҚ саланы түрлендіру шараларына белсенді түрде қатысады. Атап айтқанда, «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында «Петропавл, Павлодар және Екібастұзда жылумен қамту жүйелерін жаңғырту» бағдарламасы бойынша жобалар жүзеге асырылуда. Жұмыстың алдын ала нәтижесі – 2017 жылы технологиялық ақаулар санының өткен жылмен салыстырғанда 24%-ға төмендеуі болды. Жылумен қамту жүйесін жаңғырту 2020 жылға дейін жалғасады.

Есептік жыл ішінде «ОАЭК» бөлімшелері SCADA, ЭКЕАЖ, ЖКЕАЖ, ТП БАЖ сынды зияткерлік энергожүйе элементтерін ендіру бойынша жұмыстар атқарып, тұрмыстық тұтынушыларды LPWAN сымсыз технологиясы бойынша электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесін (ЭКЕАЖ) монтаждауды және тәжірибелік пайдалануға беруді жүзеге асырды.

Өндіріс активтерін жаңғырту бойынша инвестициялық бағдарлама 2017 жылы Павлодар мен Петропавл стансаларында жалғасты. Павлодар 3-ЖЭО-нда жүзеге асырылған жобалар қатарында №4 қазандық агрегатта ТП БАЖ орнату бар, сондай-ақ, орнатылған электр және жылу қуаты тиісінше 15 МВт пен 28 Гкал/с-қа арттырылып, №6 турбоагрегатты жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізілді. Петропавл 2-ЖЭО-нда №2 турбоагрегатта ТП БАЖ орнату аяқталып, ол стансадағы мұндай жүйемен жабдықталған турбоагрегаттар санын жетінің ішінде төртке жеткізуге мүмкіндік берді.

Электр энергия өндірісі 2017 жылы 7 300,0 млн кВт·с-ты құрады. Айта кету керек, «ПАВЛОДАРЭНЕР-

ГО» үш стансасы мен «СЕВКАЗЭНЕРГО» Петропавл 2-ЖЭО-нда төмендеу есебінен «ОАЭК» Компаниялар тобы бойынша электр энергиясын өзіндік қажеттіліктерге тұтыну 0,7%-ға азайды. Бұл көрсеткіштер Корпорацияның станса энергетикалық қондырғыларын жаңғырту және жаңарту бойынша жүзеге асыратын саясатының дұрыстығын көрсетеді. Жоспарға сәйкес, 2020 жылға қарай жаңартылған өндірістік активтер қазіргі 54,9%-дан 65%-ға жақсарады.

Өндірістік жобаларды жүзеге асырумен қатар ластанушы заттар шығарылымын айтарлықтай төмендету бойынша жұмыстар да жалғасын тапты. 2017 жылы қол жеткен көрсеткіштерді ұстап қалу және атмосфералық ауа жағдайының ластануын болдырмауға бағытталған табиғат қорғау шаралары өткізілді. Олардың ішінде эмульгаторларды күрделі жөндеу, қазандық агрегаттардың ағымдағы жөндеу жұмыстары орындалды. Бұдан бөлек, Компаниялар тобы стансаларында жаңа күл үйінділері салынып, толған күл үйінділері қалпына келтірілуде.

Корпорация үшін маңызды басымдықтардың бірі – Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша саясатты жүзеге асыру болып табылады. Бұл мақсатта үздік тәжірибелер мен халықаралық стандарттар енгізілуде. 2017 жылы «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарының тиісті қызмет басшылары оқудан соң IOSH жұмысты қауіпсіз ұйымдастыру бойынша халықаралық сертификатын алды.

«ОАЭК» АҚ-ның өңірлердегі барлық бөлімшелерінің қызметі экономика тұрақтылығын, өнеркәсіп кәсіпорындарының, коммуналдық сектордың және әлеуметтік саланың тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді. Жауапкершілікті толықтай сезіне отырып, «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобы өзінің қызмет ету өңірлерінде үздіксіз электр және жылумен қамту, сондай-ақ, тұтынушылардың өмір сапасын арттыру мақсатында өндірістік активтерді жаңғырту бағдарламасын жалғастыруға ниетті.


НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

ҚЫЗМЕТ ПРОФИЛІ

«Орталық-Азия Электрэнергетикалық Корпорациясы» АҚ – Қазақстанның электр және жылу энергетикасы саласындағы вертикалды түрде біріктірілген ірі жеке холдинг болып табылады. «ОАЭК» АҚ компаниялар тобы жылу энергиясын өндіру мен тарату және электр энергиясын тарату нарығында өзі қызмет ететін өңірлерде монополиялық мәртебеге ие (100%-дан үлесі – 80%).



10 603 адам -
Компаниялар тобы
қызметкерлерінің
жалпы саны



7,1 % –
Корпорацияның
2017 жылғы электр
энергиясын өндіру
нарығындағы үлесі



**2 МЛН-НАН
АСТАМ**
тұтынушылар
(туыстықты
есепке алғанда)



1 203 МВт – орнатылған
электр қуаты



2 953 ГКАЛ/С – орнатылған
жылу қуаты



КОРПОРАЦИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ	Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі	Kaz Holdings Cooperatief U.A.	KIF ENERGY S.A.R.L.	«Baiterek Venture Fund» АҚ	CKIF ENERGY S.A.R.L.
59,65 %	22,61 %	10,49 %	4,35 %	1,45 %	1,45 %



«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ	«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	«АЭҮК» АҚ	"Астанаэнергосбыт" ЖШС
100 %	100 %	100 %	100 %

КОРПОРАЦИЯ РЕЙТИНГІ

FITCH RATINGS ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
РЕЙТИНГ АГЕНТТІГІ





**Fitch
Ratings**

- B+
- Болжам «Тұрақты»

РЕЙТИНГТІК ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ТОЛЫҚ ТІЗІМІ

- Шетелдік және ұлттық валютадағы дефолттық ұзақмерзімді РДЭ «B+» деңгейінде расталды, болжам «Тұрақты»
- Ұлттық ұзақмерзімді рейтинг «BBB(kaz)» деңгейінде расталды, болжам «Тұрақты»
- Қысқамерзімді шетелдік валютадағы РДЭ «B» деңгейінде расталды
- Басымдықты қамтамасыз етілмеген ұлттық валютадағы рейтинг «B»/ деңгейінде расталды, активтердің қайтарымдылық рейтингі «RR5»
- Ұлттық басымдықты қамтамасыз етілмеген рейтинг «BB+(kaz)» деңгейінде расталды

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Энергия өндіру



Тұтынушыларға энергия босату (тауарлы босату)



НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК СИПАТТАМАЛАР


Электр беру желілерінің ұзындығы

ЭБЖ типі	Барлығы, км
220 кВ	99,2
110 кВ	6631,9
35 кВ	10 415,0
6–10 кВ	17 985,9
0,4 кВ	14 956,4
Барлығы	50 088,4


Шағын стансалардың типі бойынша саны

Шағын стансалар типі	Барлығы
220 кВ	6
110 кВ	161
35 кВ	416
6–10 кВ	9 237
Барлығы	9 820

Активтер



Инвестициялар көлемі, млрд теңге



Жылу желілерінің ұзындығы, км

Қаласы	Барлығы, км
Павлодар қ.	419,9
Екібастұз қ.	342,3
Петропавл қ.	233,5
Барлығы	995,7

ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

ҚАҢТАР

Павлодар және Петропавл қалаларында «ОАЭК» АҚ еншілес компаниялары «PROFENERGY» бағдарламасы аясында жергілікті оқу орындарының салалық мамандықтар студенттері арасында «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ басшыларының атаулы корпоративтік шәкіртақыларын алуға байқаулар жариялады. Байқаулар 2017 жылғы бірінші жартыжылдық ішінде аяқталды.



СӘУІР

«ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарында кәсіподақ ұйымдарының қолдауымен қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметтері Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күніне орайластырылған шараларды ұйымдастырды.



ШІЛДЕ

Астанада «Ехро-2017» халықаралық көрмесін өткізу барысында Корея Электрэнергетикалық Корпорациясы (KEPCO) мен «ОАЭК» АҚ арасында өзара түсіністік меморандумына қол қою рәсімі өтті. Тараптар энергияның балама көздерін және жаңа энергетикалық технологияларды дамыту салаларында әріптестік орнату мүмкіндігін қарастырады.

«ОАЭК» АҚ акционері - «ОАОЭК» АҚ-ның 20 жылдық мерейтойына орай Компаниялар тобына кіретін кәсіпорындардың қызметкерлеріне, мектеп жасындағы балаларына және зейнеткерлерге Астана қаласына EXPO 2017 көрмесіне экскурсиялық саяхат ұйымдастырылды.



ТАМЫЗ

- Fitch халықаралық рейтинг агенттігі «ОАЭК» АҚ рейтингін «В+» деңгейінде растады. Рейтинг бойынша болжам – «Тұрақты». Дәл осындай рейтингтер еншілес компаниялар – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-на да берілді.
- «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобында сатып алу қызметі процестерін жақсарту мақсатында тренинг өткізілді. Қызметкерлер ағымдағы жұмыстарды сараптап, холдингте енгізу жоспарланып отырған үздік тәжірибелерді талқылады.
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Корпорацияның өңірлердегі өндіріс нысандарын аралады. Сапар барысында делегация өндірістік қуаттылықтарды жаңғырту және қайта құру шаралары атқарылып жатқан Инвестициялық бағдарламаның жүзеге асу жайымен танысты.



ҚЫРКҮЙЕК

- «ОАЭК» АҚ ЕҰ бірінші басшыларына, құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына және қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметтерінің басшыларына қауіпсіздік және еңбекті қорғау (Жұмысты қауіпсіз ұйымдастыру бойынша халықаралық сертификат – IOSH) бойынша корпоративтік тренинг өткізілді. Оқу қорытындысында барлық тренинг қатысушылары IOSH талаптары бойынша білімді емтихандық тексеруден өтіп, сертификат алды.
- 2017 жылғы 9 қыркүйекте Алматы қаласында Arctic Green Energy (Исландия республикасы) және «ОАЭК» АҚ арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Тараптар энергияның жаңартылатын көздерін дамыту саласында әріптестік орнату келісіміне келді.
- «ОАОЭК» АҚ-ның мерейтойлық шаралары аясында Астанада мини-футболдан тұңғыш корпоративтік турнир өтті. Турнирге «ОАЭК» АҚ, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «АЭҮК» АҚ, «Каустик» АҚ, «Астана Инвест» АҚ командалар құрамасы қатысты.



- Павлодарда «Павлодар ЭТК» АҚ алаңдарында «ОАЭК» АҚ еншілес компаниялары арасында жаңғырту, қайта құру және жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша тәжірибе алмасу мақсатында бірінші техникалық өзара аудит өткізілді.
- Үнемді өндіріс принциптерін енгізу жолымен кәсіпорындар жұмысының тиімділігін арттыру, еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында «Үнемді өндіріс» тақырыбында тренинг өткізілді. Оқуға «ОАЭК» Компаниялар тобының еншілес ұйымдарының басшылары қатысты.

ҚАЗАН

- «ОАЭК» АҚ жаңа атқарушы органы тағайындалды.
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ жыл сайынғы республикалық «Парыз» байқауында «Үздік әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпорын» аталымында 2-орын (ірі кәсіпорындар арасында) иеленді.



ҚАРАША

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі құрамының өзгеруі туралы хабарланды.

ЖЕЛТОҚСАН

Павлодар монтаж колледжінің энергетик студенттеріне арналған 200 орындық жаңа жатақханың салтанатты ашылуы болды. Жоба Павлодар облысы әкімдігі, «ОАЭК» АҚ акционері – «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ арасында қол қойылған әлеуметтік жобаларды бірігіп жүзеге асыру туралы меморандум аясында жүзеге асырылды.






CAERCO

Орталық-Азия
Электроэнергетикалық Корпорациясы

КОРПОРАЦИЯ
ТУРАЛЫ


ЭНЕРГИЯ – ӨМІР

Біз Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстары және Астана қаласында отбасылықты есепке алғанда 2 млн тұтынушыны (туыстықты есепке алғанда) электр және жылу энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етеміз.



КОРПОРАЦИЯ ТУРАЛЫ

ТАРИХЫ



МИССИЯ


Тұтынушылардың өмір сапасын арттыру және қызмет ететін өңірлердің экономикалық дамуына тұрғындарға, өнеркәсіп пен әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына энергиямен қамту бойынша сапалы қызмет көрсету арқылы жағдай жасау. Корпорация аталған миссияны өз қызметін халықаралық өндіріс, экология, денсаулық қорғау және әлеуметтік сала бойынша стандарттарына сай жүргізу арқылы жүзеге асырады. Тиімділіктің негізін Корпорация қызметкерлері құрайды, олардың құндылығы – жоғары кәсібилігінде, командамен жұмыс жасай білуінде және нәтижеге қол жеткізе алуға ұмтылысында жатыр.

КӨРІНІС


«Орталық-Азия Электрэнергетикалық Корпорациясы» АҚ – Қазақстанның жеке энергетикалық компанияларының ішінде көш басында. Корпорация өз қызметін республиканың солтүстігінде өте ауыр климаттық жағдайларда жүзеге асырады. Корпорация жеке бөлімшелердің (кәсіпорын топтарының) қарқынын, икемділігін топты орталықтан басқарудың тұрақтылығымен, сенімділігімен үйлестіре отырып, холдингтік құрылымның артықшылықтарын табысты пайдаланып келеді.

Корпорация қызметкерлері – биік мақсаттарды бағындырып келе жатқан кәсіби мамандар командасы. Корпорацияның тұтынушылармен және жеткізушілермен орнатқан серіктестік қарым-қатынасы құрмет-ілет және өзара жауапкершілік негізінде құрылған.

БИЗНЕС-МОДЕЛЬ



ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ



ЖЭО	Орнатылған электр қуаты, МВт	Орнатылған жылу қуаты, Гкал/с	2009 жылдан бері қондырғылардың жаңартылуы, %	Салынған жылы
Павлодар 3-ЖЭО	540	1126	70,4	1972
Павлодар 2-ЖЭО	110	332	-	1961
Екібастұз ЖЭО	12	782	100	1956
Петропавл 2-ЖЭО	541	713	49,7	1961

ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» акционерлік қоғамы – Павлодар облысы және Павлодар қаласында қызмет ететін, өндіріс, тасымал және өткізуші кәсіпорындарды қамтитын вертикалды түрде біріктірілген компания.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ өндіретін электр энергиясы Павлодар, Қарағанды, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарына жеткізіледі.

Халықаралық Fitch Ratings рейтинг агенттігі 2017 жылғы тамызда «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-на қатысты ұлттық және шетелдік валютадағы ұзақмерзімді эмитенттің дефолт рейтингін «В+» деңгейінде берді, болжам «Тұрақты».

«АЭҮК» АҚ

«АЭҮК» («Ақмола ЭҮК») акционерлік қоғамы – Ақмола облысы мен Астана қаласының тұтынушыларына электр энергиясын беру және тарату қызметін жүзеге асыратын электр желілік компания болып табылады. «АЭҮК» АҚ құрамында еншілес кәсіпорын – «АЭҮК-Энергосбыт» ЖШС бар. Ол Ақмола облысы тұтынушыларын қамту мақсатында электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады.

«АЭҮК» АҚ құрамына басқарушы компания, ауданаралық электр желілерінің (ААЭЖ) үш филиалы және 14 аудандық электр желілері (АЭЖ) кіреді.

«АЭҮК» АҚ Ақмола облысының 14 әкімшілік ауданының аумағында орналасқан 0,4 кВ-110 кВ электр желілеріне қызмет көрсетеді. Компания энергия ресурстарының негізгі жабдықтаушысы – «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС болып табылады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамы – Солтүстік Қазақстан облысы және Петропавл қаласында қызмет ететін, өндіріс, тасымал және өткізуші кәсіпорындарды қамтитын вертикалды түрде біріктірілген компания.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өндіретін электр энергиясы Қазақстанның солтүстік, орталық, шығыс, оңтүстік өңірлеріне жеткізіледі, болашақта электр энергиясын Ресейге, атап айтқанда, Қорған және Омск облыстарына экспорттау мүмкіндігі бар.

Халықаралық Fitch Ratings рейтинг агенттігі 2017 жылғы тамызда «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-на қатысты ұлттық және шетелдік валютадағы ұзақмерзімді эмитенттің дефолт рейтингін «В+» деңгейінде берді, болжам «Тұрақты».

«АСТАНАЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС

Компанияның негізгі қызмет түрі – Астана қаласының тұтынушыларын жылу және электр энергиясымен жабдықтау болып табылады. Компанияның энергия ресурстарымен негізгі жабдықтаушы – «Астана-энергия» АҚ (Астана қаласындағы 1-ЖЭО, 2-ЖЭО).

«Астанаэнергосбыт» ЖШС сатып алатын электр энергиясы тұтынушыларға келесі тасымалдаушы компаниялардың желілері арқылы жеткізіледі: «КЕГОС» АҚ, «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ, «Астана-ЭТК» АҚ. Ал жылу энергиясы – «Астана-Теплотранзит» АҚ желілері арқылы жеткізіледі.

Тұтынушыларға қолайлы болуы үшін «Астанаэнергосбыт» ЖШС-нде төлем қабылдайтын 8 пункт және Байланыс орталығы жұмыс жасайды. Байланыс орталығы қызметіне электр энергиясы және ыстық сумен қамту есеп құралдарының көрсеткіштерін қабылдау және энергиямен қамтуға қатысты мәселелер бойынша ақпарат беру кіреді.

Шағын стансалардың типі бойынша саны

Шағын стансалар типі	«Павлодар ЭТК» АҚ	«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ	«Ақмола ЭҮК» АҚ
220 кВ	4	-	2
110 кВ	74	37	50
35 кВ	102	121	193
6–10 кВ	3 608	2 253	3 376

Электр беру желілерінің ұзындығы, км

ЭБЖ типтері	«Павлодар ЭТК» АҚ	«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ	«Ақмола ЭҮК» АҚ
220 кВ	14,3	84,9	-
110 кВ	2 798,0	1 327,1	2 506,8
35 кВ	2 401,3	2 849,4	5 164,3
6–10 кВ	6 070,1	4 512,7	7 403,1
0,4 кВ	4 613,3	4 526,0	5 817,1

2016–2020 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Корпорация стратегиясы бизнес дамуының негізгі бағыттарын, басқарушылық жобаларды және технологияларды айқындайды. «ОАЭК» АҚ стратегиялық мақсаты – электр және жылу энергиясымен қамту сферасында өндіріс, тарату, беру және кепілді өткізу ағындарының синергиясы жолымен тұтынушыларға үздіксіз әрі сенімді қызмет көрсететін вертикалды түрде біріктірілген жеке энергетикалық компания құру болып табылады.

Негізгі стратегиялық бағыттар

Стратегия төрт стратегиялық бағыт бойынша шараларды орындауды қарастырады:

1 Кепілді өткізуге ие және төмен тәуекелді нарықты мақсатты түрде кеңейту:

- Корпорация кәсіпорындары қызметінің географиясын кеңейту
- энергия өндіру мен берудің жаңа нарығына шығу бойынша өсім жобаларын жүзеге асыру.

2 Өндірістің техникалық деңгейін көтеру және негізгі өндірістік қорлар мен инфрақұрылымды жаңалау есебінен өндірістік тиімділікті арттыру:

- инвестициялық бағдарламалар жүргізу, апаттылық қауіп-қатерлерін төмендету және жұмыссыз тұрып қалуға жол бермеу үшін электр өндіретін нысандардағы жабдықтарды қайта жарақтау және жаңарту
- жылу және электр энергиясы бірліктерін өндіруге жұмсалатын меншікті шығындарды төмендету

– жылу және электр энергияларын тасымалдау кезінде нормативтен тыс шығындарды төмендету

– энергияны өндіру және тасымалдау кезінде үнемдеуші және энергиялық тұрғыдан тиімді технологияларды енгізу

– тиімді экологиялық тәуекелдерді басқару жүйесін құру.

3 Инновациялық бағыттарды салмақты дамыту есебінен перспективалық жобаларды енгізу, «жасыл» технологиялардың дамуына ықпал ету

4 Кадр құрамын өндірістік сектор мен кәсіпорындарды басқаруда жаңа тиімді технологияларға оқыту есебінен басқарудың ең үздік стандарттарын енгізу:

– бірыңғай АТ-платформада қызметкерлерге қызмет көрсету орталықтарын құру

– бірыңғай биллинг платформасына көшу

– экология, қызметкерлердің денсаулығын қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік салалары бойынша халықаралық стандарт талаптарына сәйкестіктің сертификатын сақтау

– өндірістік жарақаттануды төмендету мақсатындағы шараларды өткізу

– қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында оларды үздіксіз оқыту.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

«ОАЭК» АҚ өндірістік активтерді жаңарту мен қайта құруға бағыттаған капитал салымдарының көлемі бойынша Қазақстан электр энергетикасы саласында 3-орынды иеленеді. Корпорацияның 2009-2020 жылдарға жоспарлаған инвестициясының көлемі 192 млрд теңге.

Инвестициялық бағдарлама аясындағы шаралар үш бағытқа ие:

- өндірісті арттыру;
- беру кезіндегі электр және жылу энергиясы шығындарын төмендетуді қоса алғандағы энергоүнемділік;
- өндірістің экологиялық параметрлерін жақсарту.

Инвестициялық бағдарламаны орындау нәтижесінде 2020 жылға қарай өндіріс стансалары қондырғыларының тозуы 80%-дан 56%-ға қысқарады, толықтай жаңартылған өндірістік активтердің үлесі 65%-ды құрайды, ал зиянды шығарылымдардың саны 31%-ға төмендейді.

Негізгі қондырғыларды жаңғырту және ауыстыру жұмыстарын жүргізу есебінен жоспарлы өсім келесі көрсеткіштерді құрайды:

- орнатылған электр қуаты бойынша - 288 МВт немесе 31,0%;
- орнатылған жылу қуаты бойынша - 210 Гкал/с немесе 7,6%;
- электр энергиясын өндіру бойынша - 2 000 млн кВт•с-тан астам немесе 38,2%;
- жылу энергиясын босату бойынша - 700 мың Гкал-дан астам немесе 12%.

«ОАЭК» АҚ-нда электр және жылу энергиясын тасымалдау кезіндегі шығындарды азайту бойынша, сондай-ақ, тұтынушыларды аталған энергия түрлерімен қамту кезінде сенімділікті арттыру бойынша шаралар кешені тұрақты түрде жүргізіледі.

2009-2020 жылдар кезеңінде желілерде келесідей шығындардың төмендеуіне қол жеткізу жоспарланып отыр:

- электр энергиясы бойынша 3,6%, бұл ретте нормативтен тыс шығындар 2014 жылы толықтай жойылды;
- жылу энергиясы бойынша 7,2%, нормативтен тыс шығындар 2020 жылға қарай толықтай жойылады.





ЭНЕРГИЯ

2



CAERCO

Орталық-Азия
Электроэнергетикалық Корпорациясы

НАРЫҚТЫҚ
ОРТАҒА
ТАЛДАУ



ЭНЕРГИЯ – БОЛАШАҚ

Біз Қазақстан экономикасының стратегиялық секторы болып табылатын энергетиканың дамуына үлес қосамыз.

НАРЫҚТЫҚ ОРТАҒА ТАЛДАУ

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНА ШОЛУ


2017 жылы Қазақстан Республикасының экономикасы экспорттық секторлардағы өндірісті арттыру, инвестициялық белсенділік пен ішкі сұранысты көтеру арқасында жедел өсім көрсетті. Өнеркәсіптегі өндіріс өсімі барлық дерлік өңірдегі көптеген секторларда байқалды. Бұл энергетикалық сектордың өсіміне оң жағдай туғызды. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Статистика жөніндегі комитеттің мәліметіне сәйкес, 2017 жылы ІЖӨ 4%-ға артып, 51,6 трлн теңгеге жетті. Тауарлар мен қызметтер өндірісінің ІЖӨ-дегі үлесі тиісінше 36,5% және 57,0% құрады. Экономиканың ірі секторы – өнеркәсіптің ІЖӨ динамикасындағы үлесі 26,5% болды. ІЖӨ өсіміне әлемдік шикізат нарығындағы баға конъюнктурасының жақсаруы есебінен таза экспорттың артуы негізгі үлес қосты. Тұрғындар шығындары өсімінің шектелуі экономикаға ұстап тұрушы ықпалын тигізді.

Макроэкономикалық факторлар

Ішкі жалпы өнімнің динамикасы
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті



ТМД-ның жекелеген елдері бойынша өткен жылға шаққандағы 2017 жыл қорытындысы бойынша %-дық ІЖӨ
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті




Өнеркәсіп

Өндіріс деңгейі 2015-2016 жылдары төмендегеннен кейін есептік жылы өнеркәсіп өсімі 7,1% құрады. Өнеркәсіптік өндіріс индексінің өсімі елдің 14 өңірінде байқалса, төмендеу – тек Қызылорда облысында (4,3%). Өнеркәсіптің ең жоғарғы өсімі Атырау облысында (20,8%), ол шикі мұнай өндіру көлемінің артуымен байланысты орын алды.

Астана қаласында өндіріс өсімі 7,8% құрады, Батыс Қазақстан облысында газ конденсатын өндіру көрсеткіштері жақсарып, ол өнеркәсіптік өндіріс көлемінің өсімін 5,5%-ға жеткізуге мүмкіндік берді. Павлодар облысы 2017 жылы өнеркәсіп өндірісінің арту қарқыны бойынша төртінші орында: тас көмірін, бензин, мыс, өңделмеген алюминий және ферросиликохром концентраттары өндірісінің артуы арқасында 5,1% өсім байқалды. Солтүстік Қазақстан облысында азық-түлік (өңделген сүт, сұйық май) өндірісі, сондай-ақ, пластмасса құбырлар өндірісі артты. Бұл ретте облыстағы өнеркәсіптік өндірістің жалпы өсімі 4,5% болды.

Электр энергетикасындағы өндіріс өсімі 2017 жылы **6,2%** деңгейінде байқалды. Сала динамикасы елдегі өнеркәсіптік өндірістің жалпы динамикасына жақын.

Жалпы және электр энергетикасында өнеркәсіптегі өндіріс динамикасы, %
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті




Тұтынушылық сектор

2017 жылы тұтынушылық белсенділік 2015-2016 жылдардағы валюталық ауытқулар мен инфляция себеп болған қиын кезеңнен кейін өсім көрсетті. ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитетінің мәліметінше, бөлшек тауар айналымы 2017 жылы 6,3%-ға өсіп, 2016 жылғы көрсеткіштен (2%) жоғары болды.


Алайда бөлшек тауар айналымы бірнеше жыл бойы тұрақты түрде 10%-дан астам өсіп тұрған 2015 жылға дейінгі кезеңнен төмен. Бұл ретте табыстың шынайы деңгейінің төмендеуі жалғасын тапты: 2017 жылы тұрғындардың ақшалай табыстары 2,5%-ға қысқарса, 2016 жылы 0,7%-ға төмендеу байқалды.

Бөлшек тауар айналымы және тұрғындардың шынайы табыстарының динамикасы, %
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті



2017 жылы инфляция 7,1% құраса, 2016 жылғы көрсеткіш 8,5% болған болатын. ҚР Ұлттық банкінің пікірінше, инфляциялық процестердің баяулауына сыртқы инфляциялық қысымның төмендеуі, валюталық нарықтағы жағдайдың тұрақтануы және әлемдік шикізат нарығындағы оң конъюнктура фондындағы теңге құнының жоғарылауы негіз болды.

ҚР-дағы инфляция динамикасы, %
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті




○ Жалпы инфляция
● Баспаналық қызметтердің (электрэнергия, жылу, су, газ және отынның басқа да түрлеріне) құны

2018 жылға болжам

2018 жылы сарапшылар 2017 жылмен салыстырғанда өсім қарқынының төмендеуін болжап, сыртқы экономикалық конъюнктураның салыстырмалы оң жағдайда болатынын айтып отыр. Болжам бойынша, негізгі әлемдік экономика өсіп, мұнай котировкалары барреліне 60 доллардан жоғары деңгейде сақталады. Экспорт пен инвестициялар өсімінің жалғасуы, сондай-ақ, тұтынушылық сектордың ары қарай жандануы күтілуде.

2018 жылғы ҚР-дағы экономика динамикасының болжамдары, %
Дереккөз: ҚР ҰЭМ және халықаралық қаржылық институттар мәліметтері



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНА ШОЛУ


Қазақстандық энергетикалық секторда белсенді даму жалғасса, бұл ірі нарық қатысушыларының негізгі қорларды жаңартуға және өндіріс қуаттылықтарын кеңейтуге салған қомақты инвестицияларымен байланысты. Есептік жыл өндіріс бойынша да, электр энергиясын тұтыну бойынша да рекордты жыл болды.

Өндіріс

KEGOC жүйелік операторының мәліметінше, 2018 жылғы 1 қаңтарда Қазақстанда электр энергиясы өндірісін 128 электр стансасы жүзеге асырады. Электр стансаларының жалпы орнатылған қуаты 21 672,9 МВт құраса, иеліктегі қуат – 18 791,4 МВт.

2017 жылы электр энергиясы өндірісінің өсімі 9%-ға жуық болып, өндіріс көлемі 102,38 млрд кВт·с-қа жетті.

ҚР-дағы электр энергиясы өндірісі және ағын сальдосы, млрд кВт·с
Дереккөз: KEGOC



○ Өндіріс
● Ағын сальдосы (оң бағана)

2017 жылы электр энергиясының 80%-ын ЖЭС-тер өндіріп, өндіріс көлемі бұл ретте 10%-ға өсті. МЖЭС үлесіне 8% өндіріс тиесілі болса, СЭС үлесі - 11%.

2017 жылы жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын өндіріс нысандарының дамуы жалғасты. Бірінші кезекте бұл жел және күн электр стансалары, сондай-ақ, шағын СЭС-тер. ЖЭК нысандары 2017 жылы 1,1 млрд кВт·с электр энергиясын өндірсе, бұл 2016 жылғы көрсеткіштен 19%-ға жоғары.

Өндіріс типтері бойынша электр энергиясы өндірісі, млрд кВт·с


Өндіріс типі	ЖЭС	МЖЭС	СЭС	ЖелЭС	КЭС
2016	74,70	7,41	11,61	0,27	0,09
2017	82,42	8,37	11,16	0,34	0,09
Өзгеріс	10 %	13 %	-4 %	24 %	4 %

Қазақстан Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі шартты түрде үш аумаққа бөлінеді:

- Солтүстік (Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстары);
- Оңтүстік (Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары);
- Батыс (Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары).

өзге өңірлеріне, сондай-ақ, Ресейге экспортталады. Батыс және Оңтүстік аумақтар электр энергиясын импорттайды, бұл ретте Батыс аумақта тұтыну өндірістен сәл жоғары болса, Оңтүстік аумақта өндірілетін энергиядан 80% көп энергия тұтынылады.

Аумақтар бойынша электр энергиясы өндірісі, млрд кВт·с
Дереккөз: KEGOC




2017 жылы электр энергиясының 77%-ы Солтүстік аумақта өндірілді. Бұл негізгі электр стансаларының осы аумақта орналасуымен және көмір кен орындарына жақындығымен байланысты. Солтүстік аумақтағы электр энергиясын тұтыну өндірілетін энергияның 84%-ын құрайды, оған себеп – өңірде ірі индустриялық нысандар орналасқан. Артылған электр энергиясы Қазақстанның



«Самұрық-Энерго» АҚ мемлекеттік холдингіне кіретін компаниялар 2017 жылы Қазақстанда 28% электр энергиясын өндірді. Өндіріс көлемі бұл ретте 27,5%-ға артты. «ОАЭК» АҚ компаниялар тобы елдегі энер-

гия өндіруші компаниялар арасында үшінші орынға ие және Қазақстан электр энергиясы өндірісі сегментінің шамамен 7,1%-ын иеленеді.

Елдің ірі энергия өндіруші кәсіпорындарындағы электр энергия өндірісі, млн кВт·с
Дереккөз: «Самұрық-Энерго» АҚ




Тариф қалыптастыру саясаты

ҚР ҰЭМ Комитетінің мәліметтеріне сәйкес, 2017 жылы электр энергиясы бағасының индексі 2016 жылмен салыстырғанда **4,6 %** құрады, бұл соңғы бірнеше жыл ішіндегі ең төменгі көрсеткіш болып табылады.


Жылыту бағасының индексі **7,4 %** болды.

Тариф қалыптастыру саласындағы қазақстандық реттеушінің ағымдағы саясаты саланың негізгі қорларын жаңарту мақсатында инвестициялық құрамдас бөлікті энергия бағасына қосуды қарастырады. 2015 жылы 2009-2015 жылдар аралығында әрекет еткен электр энергиясы өндірісі нысандарына арналған шекті тарифтер бағдарламасы 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін ұзартылды. Қазақстанның электр желілік және жылумен қамтушы ұйымдары 2016 жылдан бастап реттеу мүмкіндігі бар 5 жылдық шекті тарифтерге көшті.

ҚР-да электр және жылу энергиясы тарифтерінің динамикасы, %
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті



ҚР-да негізгі капиталға салынған инвестиция динамикасы, %
Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика жөніндегі комитеті




Тұтынушылық


Қазақстанда электр энергиясын тұтыну 2017 жылы **97,9 млрд кВт·с** құрады, бұл 2016 жылғы көрсеткіштен **6 %-ға** жоғары. Бұл тәуелсіз Қазақстан тарихындағы энергия тұтынудың нақты ең жоғарғы көрсеткіші болып табылады.

Электр энергиясын тұтыну көлемін арттыру бойынша барлық дерлік ірі тұтынушылар көзге түсті. Осылайша елдегі тұтыну деңгейі бойынша үшінші орын алатын «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ 2016 жылмен салыстырғанда 7%-ға өсім көрсетті. «Арселор Миттал Темиртау» АҚ өсімі – 4%, АЗФ АҚ (Ақтөбе) мен «ТНК Қазхром» – 32%.

ҚР-да электр энергиясын тұтыну, млрд кВт·с
Дереккөз: KEGOC



Аумақтар бойынша электр энергиясын тұтыну, млрд кВт·с
Дереккөз: KEGOC



Нарықтың даму болжамы

ҚР Энергетика министрлігінің болжамына сәйкес, 2018 жылы электр энергия өндірісі 114,5 млрд кВт·с болса, оның ішінде профицит 14,3 млрд кВт·с деңгейінде күтілуде. ЖЭК қолданатын нысандарға өндірістің 2% үлесі тиесілі болады. 2024 жылға қарай

электр энергиясы өндірісі 128 млрд кВт·с деңгейінде болады деп болжанып отыр. Артық энергия үлесі 18,8 млрд кВт·с деңгейінде болмақ. Оның ішінде 32 млрд кВт·с жоспарланып отырған электр стансаларында өндірілетін болады.

ҚР БЭЖ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ БОЛЖАМДЫ ТЕҢГЕРІМІ, МЛРД КВТ·С

Көрсеткіш	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ	100,1	102,6	105,1	106,1	107,2	108,2	109,2
ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯ ӨНДІРІСІ	114,5	115	115,6	118	119,9	124,2	128
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СТАНСАЛАР	105,5	103,3	100,8	100,9	97,3	96,2	96
ЖОСПАРЛЫ	9	11,7	14,8	17,2	22,6	28	32
ЖЭК	1,4	2,2	2,9	3,8	4,6	5,4	6,3
АРТЫҚ ЭНЕРГИЯ	14,3	12,4	10,5	11,9	12,7	16	18,8



CAERCO

Орталық-Азия
Электроэнергетикалық Корпорациясы

ҚЫЗМЕТ
НӘТИЖЕЛЕРІНЕ
ШОЛУ ЖӘНЕ ДАМУ
ПЕРСПЕКТИВАСЫ



ЭНЕРГИЯ – ДАМУ

Біз қатысу аймақтарында экономика тұрақтылығын: өнеркәсіп кәсіпорындарының, коммуналдық сектордың, әлеуметтік саланың тұрақты жұмысын қамтамасыз етеміз.

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

2017 жылы инвестициялық бағдарлама аясында өндірісті арттыруға, беру кезінде электр және жылу энергиясы шығындарын төмендетуге және қызметтің экологиялық параметрлерін жетілдіруге бағытталған қондырғыларды жаңғырту бойынша бірқатар ірі шаралар жалғасын тапты. 2017 жылы Корпорация инвестициялық бағдарлама шараларын жүзеге асыруға 23,8 млрд теңге бағыттады.


ӨНДІРІСТІ АРТТЫРУ

2017 жылы Корпорация электр энергиясы өндірісін 2016 жылмен салыстырғанда 7,0%-ға - 7 526,1 млн кВт·с-қа дейін арттыруды және жылу энергиясын 2016 жылмен салыстырғанда 0,1%-ға - 6 477,4 мың Гкалға дейін арттыруды жоспарлаған болатын. Бұл «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ тұтынушыларына жылу энергиясы көлемін арттыруды жоспарлаумен байланысты еді.

стансалар мен жылу желілерінің бірнеше шаралары бойынша жұмысты аяқтау мерзімін 2018 жылға шегеруге байланысты 23,8 млрд теңге бағытталды.

2009-2017 ЖЫЛДАРДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ «ӨНДІРІС» СЕГМЕНТІ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕРІ

Электр энергиясын өндіру, млн кВт·с



Нақтысында Корпорация өндірісті 2016 жылмен салыстырғанда 3,7%-ға - 7 300,0 млн кВт·с-қа дейін арттырды. Жылу энергиясын босату 2016 жылмен салыстырғанда 5,1%-ға - 6 142,4 мың Гкалға дейін төмендеді. Оның себебі 2017 жылғы жылу беру маусымы айларындағы сыртқы ауа температурасының 2016 жылмен салыстырғанда жоғары (-5,5°C және -6,1°C тиісінше) болуымен және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бөлімшелері бойынша жылу энергиясын тұтыну көлемінің 10,9%-ға азаюымен байланысты.

2017 жылы Корпорация инвестициялық бағдарлама шараларын жүзеге асыруға 26,3 млрд теңге бағыттауды жоспарланған болатын. Нақтысында


Корпорацияның инвестициялық салымдарының маңызды мақсаты – энергия өндірісіне тән қоршаған ортаға негативті ықпал етуді төмендету болып табылады.

2009-2017 жылдар аралығында Корпорация күл шығарылымдары концентрациясын 75%-ға қысқартты. 2008 жыл соңында, инвестициялық бағдарламаны іске қосу алдында «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарының күл, азот қышқылы, күкірттің атмосфераға шығарылымдарының концентрациясы тиісінше 1093, 678 және 1425 мг/нм³ деңгейлерінде тіркелген. 2017 жыл қорытындысы бойынша бұл көрсеткіштер тиісінше 269, 417 және 1310 мг/нм³ болды.

2009-2014 жылдары «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ стансалары мен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-ндағы барлық қазандық агрегаттарда екінші деңгейлі титан эмульгаторлары орнатылды. Атқарылған шаралар түгін газдарын тазалау деңгейін арттыруға мүмкіндік беріп, экологиялық төлемдерге кәсіпорын шығындарын төмендетуді қамтамасыз етті.

Стансаның технологиялық циклінің үздіксіздігін қамтамасыз ету және күл-қож қалдықтарын 25 жылға дейін қоймалау мақсатында күл үйінділерін салу бойынша жұмыстар атқарылуда. Құрылыс кезінде инновациялық материал – канадалық полисинтетикалық геомембрана қолданылады. Ол зиянды заттардың жер қабатына сіңуінің алдын алады.

ӨНДІРІС СЕГМЕНТІ БОЙЫНША ЖАҢҒЫRTU ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚҰРУ



ӨСІМ ДИНАМИКАСЫ



2017 ЖЫЛДЫҢ ІСКЕ АСҚАН ЖОБАЛАРЫ

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ПАВЛОДАР 3-ЖЭО

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Павлодар 3-ЖЭО – «ОАЭК» АҚ ірі энергия өндіруші активі.

Станса Қазақстандағы ең заманауи стансалардың бірі болып табылады. Стансаны жаңғырту 2020 жылға дейін жалғасады.



Орнатылған
электр қуаты
540 МВт



Жаңартылған
өндіруші
қондырғылардың
70,4%-ы

№6 турбоагрегатты орнатылған электр қуатын 15 МВт-тан 125 МВт-қа дейін арттырып жаңғырту жобасын жүзеге асыру жалғасуда. Гидромұфталары бар желілік, сорғыш және айналымдық сорғылар орнатылып, іргетастың болат рамасын жинау жұмыстары басталды. Барлық жұмысты аяқтау 2018 жылға жоспарланған.

2017 жылы №4 қазандық агрегатты технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесімен (ТП БАЖ) жабдықтау жұмыстары жүргізілді. Бұл үнемді және қауіпсіз жұмыс режимін енгізуге, автоматты режимде берілген параметрлерді ұстап тұруға мүмкіндік береді.

3-ЖЭО күл үйіндісінің 2-кезек құрылысы бойынша жұмыстар аяқталды. Бұл стансаның технологиялық циклінің үздіксіздігін қамтамасыз ету және күл-қож қалдықтарын 25 жылға дейін қоймалау мақсатындағы шаралардың бірі.

Күл үйіндісінің 3-кезек құрылысы бойынша жобаны жүзеге асыру басталды.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ПАВЛОДАР 2-ЖЭО

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Павлодар 2-ЖЭО – «ОАЭК» АҚ-ның қуаты бойынша үшінші энергия өндіруші активі қаланың өнеркәсіп кәсіпорындарын, жергілікті қызмет көрсету нысандарын, сондай-ақ, үй шаруашылығын электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Станса жылу беру маусымында орнатылған электр қуатын пайдалану көрсеткіші бойынша Қазақстандағы ең үздік стансалардың бірі. Көрсеткіш 93%-ға жуық.



Орнатылған
электр қуаты
110 МВт

2-ЖЭО күл үйіндісінің 2-кезек құрылысы бойынша жұмыстар аяқталды.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ЕКІБАСТҰЗ ЖЭО

«ОАЭК» АҚ-ның қуаты бойынша төртінші энергия өндіруші активі. ЕЖЭО Екібастұз қаласын жылумен қамтушы жалғыз энергия көзі болып табылады. Ол – Корпорацияның ең көне стансасы.



Орнатылған
электр қуаты
12 МВт

Тұз көлі табанында Екібастұз ЖЭО күл үйіндісінің 2-кезек құрылысы бойынша жұмыстарды орындау жалғасты.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО – «ОАЭК» АҚ-ның ірі энергия өндіруші активі.

2-ПЖЭО қаланың өнеркәсіп кәсіпорындарын, жергілікті қызмет көрсету нысандарын, сондай-ақ, үй шаруашылығын электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Станса Қазақстандағы ең заманауи стансалардың бірі болып табылады: 2009 жылдан бері стансаның өндіріс қондырғылары 49,7%-ға жаңартылды. Стансаны жаңғырту 2020 жылға дейін жалғасады.



Орнатылған
электр қуаты
541 МВт



Өндіріс
қондырғылары
49,7 % -ға
жаңартылды

№2 турбоагрегатты ТП БАЖ орнатып жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Бұл мұндай турбоагрегаттар санын 7-нің ішінде 4-ке жеткізуге мүмкіндік берді.

Есептік жылда қыздырушы қондырғының құрылысы бойынша жобаны жүзеге асыру басталды. Ол қысқы уақытта көмір тиелген вагондарды босату процесін айтарлықтай жеделдетуге, сондай-ақ, бұрын қолданылған дизель отынын сатып алуда үнем жасауға мүмкіндік береді.

ОРУ-110 кВ қайта құру жұмыстары аяқталып, бұл стансаның қуаттылығын беру сызбасының сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді.



ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ

«Ақмола ЭҮК» АҚ - 75,042 км, оның ішінде 59,268 км – өздігінен беруші оқшаулағыш өткізгіштен;

2017 жылы инвестициялық бағдарлама аясында 212,785 км көлемінде 0,4–10 кВ электр желілерін салу, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру бойынша жұмыстар орындалды:

«Павлодар ЭТК» АҚ - 45,0 км, оның ішінде 22,06 км – өздігінен беруші оқшаулағыш өткізгіштен.

«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ – 101,143 км, оның ішінде 83,667 км – өздігінен беруші оқшаулағыш өткізгіштен;

423,78 км көлемінде («Ақмола ЭҮК» АҚ) 35–110 кВ әуе желілерін салу және қайта құру, 10–220 кВ 12 шағын стансаны, оның ішінде «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ бойынша 3 шағын стансаны, «Ақмола ЭҮК» АҚ бойынша 9 шағын стансаны қайта құру жұмыстары орындалды. Сондай-ақ, үш шағын станса бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі 2018 жылға шегерілді.

«АҚМОЛА ЭҮК» АҚ	«ПАВЛОДАР ЭТК» АҚ	«СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭТК» АҚ
<p>ӘЖ-35-110 кВ құрылысы орындалды – 54,16 км</p> <p>ӘЖ-110 кВ қайта құрылды – 369,62 км, ауыстырылған фарфор қаптама – 16 892 дана.</p> <p>0,4-10 кВ ЭБЖ қайта құрылды – 75,042 км, СИП өткізгішіне ауыстырылған жалаңаш өткізгіш – 59,268 км және ауыстырылған КТПН-10/0,4 кВ – 33 дана.</p> <p>ЭКЕАЖ жүйесін енгізумен электронды түрге ауыстырылған индукциялық есептегіштер – 2 310 дана.</p> <p>9 дана ПС 35-220 кВ ШС қайта құру бойынша жұмыстар аяқталды, тағы үш шағын станса бойынша жұмыстарды аяқтау 2018 жылға шегерілді.</p>	<p>ӘЖ-110кВ құрылысы орындалды – 17,2 км және ӘЖ-110кВ қайта құру бойынша шаралар – 14 км</p> <p>0,4-10 кВ ЭБЖ қайта құру орындалды – 45,0 км, СИП өткізгішіне ауыстырылған жалаңаш өткізгіш – 22,06 км</p> <p>ЭКЕАЖ есептегіштерін орнату жүргізілді – 2 444 дана.</p>	<p>0,4-10 кВ – 101,143 км ЭБЖ қайта құру бойынша шаралар орындалды, оның ішінде ӨОС – 83,667 км</p> <p>110/35/10 кВ «Николаевка» ШС-да май толтырылған енгізу нүктелері RIP қаптамалы енгізу нүктелеріне ауыстырылып ТДТН-10000/110 кВА трансформаторын күрделі жөндеу жұмыстары орындалды</p> <p>6 дана КТПН 10/0,4 кВ ауыстыру орындалды</p> <p>3 дана РЭС және РПБ ғимараттары қайта құрылды</p> <p>«СҚ ЭТК» АҚ-нда орталық диспетчерліктің ескірген SCADA жүйесі базасында ауыстыру жобасы әзірленді</p> <p>ЭКЕАЖ есептегіштерін орнату жүргізілді – 2 014 дана.</p> <p>10-110 кВ ШС қайта құру бойынша жұмыстар аяқталды – 3 дана.</p>

«ОАЭК» АҚ-нда тасымалдау және беру кезінде электр энергиясы шығындарын төмендетуге, сондай-ақ, тұтынушыларды қамту сенімділігін арттыруға бағытталған жобалар жүзеге асырылады.

2017 жыл қорытындысы бойынша еншілес ұйымдардағы техникалық шығындар төмендеді: «Павлодар ЭТК» АҚ-нда – **8,5 %** -дан **8,0 %**-ға дейін; «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ-нда – **9,1 %** -дан **8,4 %**-ға дейін; «Ақмола ЭҮК» АҚ-нда – **5,1 %**.

«Ақмола ЭҮК» АҚ-ның ірі жобаларының қатарында Азия даму банкінің қарызы есебінен 110 кВ «2-АЖЭО-Астана» әуе желісін құрудың бірінші кезеңін аяқтау бар. Ұзындығы 3,376 км ӘЖ трассасы Астана 2-ЖЭО-нан «Промзона» шағын стансасына дейін созылады және композитті жүрекшесі мен оп-тоталшықты кабельді казотросы бар АССС өткізгіші қолданылып құрылады.

Желілердің екінші кезеңі аясында «Промзона» шағын стансасынан «Городская» шағын стансасына дейін инженерлік желілерді шығару бойынша жұмыстар жүргізілуде. Желілерді жобалау кезінде жоғары өткізу қабілеті бар АССС өткізгіштері есептелген. Бұл – өткізу мүмкіндігін және әуе желілерінің тиімділігін арттыру үшін композитті жүрекшені қолданатын жетекші технология. Композитті жүрекшелі алюминий өткізгіште (АССС) аса берік карбон жіптері бар гибриді композитті материал қолданылады. Ол жылу кеңеюінің төмен коэффициенті мен болат жүрекшемен салыстырғанда жеңіл салмағының арқасында аз ғана жылу иілімін қамтамасыз етеді.

Жеңілірек жүрекше бөлшек салмағын сақтай отырып, өткізгіш диаметрін арттыруға мүмкіндік береді. Ал бұл желілердің өткізу қабілетін арттыру кезінде электр энергиясы шығындарын төмендетуге әкеледі. ӘЖ-110 кВ құрылысы кезінде оп-тоталшықты кабельді газотрос қолданылады. Ол екінші пусктік кешенді жүзеге асыру барысында сенімді байланысты және «Ақмола ЭҮК» АҚ мен Ақмола АЭС шағын стансаларына ақпарат беруді қамтамасыз етеді.

ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ

Жылу энергиясы шығындарын төмендету бойынша негізгі шаралар Павлодар, Екібастұз, Петропавл қалаларында орталықтандырылған жылумен қамту жүйесін қалпына келтіруге және жаңғыртуға бағытталған.

Жоба «ОАЭК» АҚ 2016-2020 жылғы инвестициялық бағдарламасы аясында жүзеге асырылса, ол Корпорацияның өзіндік қаржысы және ЕҚДБ жаңа инвестициялық қарызын тарту есебінен, сондай-ақ, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында бюджеттік субсидия есебінен қаржыландырылады.

Бағдарламаның жалпы құны 25,95 млрд теңгені құрайды: Еуропалық қайта құру және даму банкі есебінен 9,3 млрд теңге бөлінсе, «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясындағы мемлекеттік қаражат 9,3 млрд теңгені құрайды. Ал амортизациялық аударымдар есебінен компанияның 7,35 млрд теңге көлеміндегі өзіндік қаржысы бөлінеді.

Жоба жылумен қамту сенімділігін, энергия пайдалану тиімділігін арттыруға, сондай-ақ, желілер бойынша беру кезінде жылу шығындарын төмендетумен байланысты көмір шығынын үнемдеу нәтижесінде СО₂ шығарылымдарын төмендету есебінен экологиялық стандарттарды жақсарту және шығындарды төмендетуге бағытталған.

Жұмыстарды орындау кезінде алдын ала оқшауланған құбыр өткізгіші қолданылады. Ол дәстүрлі құбыр өткізгіштерінен жоғары жылу оқшаулағыш көрсеткіштерімен, қондырғының жоғары сенімділік ресурсымен ерекшеленеді. Оның пайдалану мерзімі – 25 жыл. Бағдарлама аясында барлық шараларды жүзеге асыру есебінен отын үнемдеу жылына 109 мың тоннаны, ал СО₂ шығарылымдарын төмендету жылына 168 мың тоннаны құрайды деп күтілуде.

2017 жылы ұзындығы **19,66 км** алдын ала оқшауланған құбыр қолданылған жылу құбыр өткізгіштерін құру және қайта құру орындалды: Павлодар қ. – **1,45 км**, Екібастұз қ. – **10,26 км**, Петропавл қ. – **7,95 км**.

2017 жылы ұзындығы **4,38 км** құбыр өткізгіштерінде ППУ қабықтары қолданылып жылу қаптамасы қалпына келтірілді: Павлодар қ. – **4,17 км**, Екібастұз қ. – **0,21 км**.

Петропавлдағы жылу желілерінің жоғары тозу деңгейі айтарлықтай технологиялық ақауларға әкеледі. Алайда жылу желілерін ППУ қабықтарын қолданып қайта құру арқасында технологиялық ақаулар саны төмендеді: 2016 жылы 274-ті құраған болса, 2017 жылы 197 болды. Петропавлда жаңғырту аяқталған соң алдын ала оқшауланған құбыр өткізгіштерін қолданып жылу магистральдерін қайта құру мен салудан жылу энергиясы шығындарының 11 663,36 Гкал/жылға дейін төмендеуі және ППУ қабықтарын қолданып қаптамаларды ауыстыру есебінен жылу энергиясы шығындарының 1 138,19 Гкал/жылға дейін төмендеуі, сондай-ақ, аталған учаскелерде тозудың мүлде жойылуы күтілуде.

Павлодар және Екібастұзда құбыр өткізгіштерін жаңғырту аяқталғаннан кейін алдын ала оқшауланған құбыр өткізгіштерін қолданып жылу магистральдерін қайта құру мен салудан жылу энергиясы шығындарының 24 429,81 Гкал/жылға дейін төмендеуі және ППУ қабықтарын қолданып қаптамаларды ауыстыру есебінен жылу энергиясы шығындарының 4 844,35 Гкал/жылға дейін төмендеуі, сондай-ақ, аталған учаскелерде тозудың мүлде жойылуы күтілуде. Технологиялық бұзылулар саны 2016 жылғы 1 067-ден 2017 жылы 819-ға дейін төмендеді.

Корпорацияның жылу беру кәсіпорындарында жылу шығынының автоматты регуляторлары, өнеркәсіптік контроллерлар және механизмдер мен бақылаушы-өлшеуші құбырлардың диспетчерлік қызметпен байланысы үшін модемдер орнатылуда. Жылу пункттерінің барлық қондырғылары бірыңғай желімен байланысады, бұл диспетчерлерге гидравликалық және температуралық режимдерді оперативті бақылауға, ал мамандарға штаттан тыс және апаттық жағдайларда жедел шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, Корпорация жылу энергиясы шығындарының көздерін анықтау үшін жетекші технологияларды қоладанады: олар – магистральді құбыр өткізгіштерін бақылау және диагностикалау үшін тепловизиялық зерттеу құралдары, ультрадыбысты дефектоскоптар. Жоғарыда аталған барлық шараларды жүзеге асыру 2020 жылдың соңына қарай желілердегі жалпы жылу шығындарын 2015 жылмен салыстырғанда 9,1% -ға төмендетуге мүмкіндік береді.

2018 ЖЫЛҒА ҚОҢДЫРҒЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТУ БОЙЫНША ЖОСПАРЛАР

Инвестициялық бағдарлама аясында 2018 жылы өндірісті арттыру, электр және жылу энергиясын беру кезінде шығындарды төмендету және қызметтің экологиялық параметрлерін жетілдіруге бағытталған қондырғыларды жаңғырту бойынша шараларды жалғастыру жоспарлануда.

2018 жылы Корпорация инвестициялық бағдарлама шараларын орындауға 25,6 млрд теңге бағыттауы жоспарлап отыр.

Электр энергия өндірісін 2017 жылғы көрсеткіштен 0,8%-ға - 7 244,5 млн кВт•с-қа дейін төмендету, және жылу энергиясын босатуды 2017 жылғы көрсеткіштен 2,7%-ға - 6 306,4 мың Гкал-ға дейін арттыру жоспарлап отыр. Бұл тұтынушыларға жоспарланып отырған жылу энергиясы көлемімен байланысты.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО-нда №6 турбоагрегаттын орнатылған электр қуатын 110-нан 125 МВт-қа арттырып қайта құру бойынша шараларды орындау жалғасуда. Жұмыстарды аяқтау және турбоагрегатты пайдалануға беру 2018 жылға жоспарланған.

Павлодар 3-ЖЭО-нда 2018 жылы қазандық агрегаттардың жұмысын жақсарту мақсатында №2 түтін құбырын салу жоспарланған.

2018 жылы Павлодар 3-ЖЭО күл үйіндісінің үшінші кезек құрылысы жалғасады, оны аяқтау 2020-2021 жылдарға жоспарланған.

Сондай-ақ, Екібастұз ЖЭО күл үйіндісінің құрылысы да жалғасады. Жоспар бойынша аяқтау мерзімі – 2018 жыл.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда ОРУ-110 кВ қайта құру бойынша жобаны жүзеге асыруды аяқтау жоспарланып отыр. Сондай-ақ, 2018 жылы №2 күл үйіндісінің №3 карта бөгеті салынады. 2018 жылы 7АТ автотрансформаторын сатып алып, орнату жоспарланған.

2018 жылы ұзындығы 24,74 км алдын ала оқшауланған құбырларды қолданып, жылу құбыр өткізгіштерін құру және қайта құру жоспарланған, оның ішінде: Павлодар қ. – 0,95 км, Екібастұз қ. – 18,49 км, Петропавл қ. – 5,3 км, сондай-ақ, ұзындығы 16,81 км құбыр желілерінде ППУ қабығын қолданып қаптаманы қалпына келтіру жоспарланған,

оның ішінде: Павлодар қ. – 4,38 км, Екібастұз қ. – 1,33 км, Петропавл қ. – 11,1 км.

2018 жылы инвестициялық бағдарлама аясында жоспарланған шаралар:

- 185,9 км көлемінде 0,4-10 кВ электр желілерін құру, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру, оның ішінде «СҚ ЭТК» АҚ бойынша – 71 км, оның ішінде 56 км өздігінен берілетін оқшаулағыш сымнан, «АЭҮК» АҚ бойынша 72,24 км өздігінен берілетін оқшаулағыш сымнан, «ПЭТК» АҚ бойынша 42,665 км, оның ішінде 27,32 км өздігінен берілетін оқшаулағыш сымнан;
- 270,04 км көлемінде 35-110 кВ әуе желілерін құру және қайта құру, оның ішінде «ПЭТК» АҚ – 23,3 км «АЭҮК» АҚ - 198,74 км; «СҚ ЭТК» АҚ – 48 км.
- 35 кВ және одан жоғары 12 шағын стансаны қайта құру, оның ішінде «ПЭТК» АҚ бойынша 4 шағын станса, «СҚ ЭТК» АҚ бойынша 1 шағын станса, «АЭҮК» АҚ бойынша 7 шағын станса. Олардың үшеуі бойынша жұмыстар 2017 жылы басталды.

ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ

«ОАЭК» АҚ-нда еңбек өнімділігін, қызметтің ашықтығын және экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында 2017 жылы өндірістік, есептік және ақпараттық жүйелерді кешенді жаңғырту және автоматтандыруды жүзеге асыру жалғасты.

Ellipse

Холдингтің еншілес ұйымдары - «ПАВЛОДАРЭНЕРГО», «СЕВКАЗЭНЕРГО» және «Ақмола ЭҮК» АҚ-нда Ellipse 8 (АСУПФиА Ellipse) жүйесінің базасында өндірістік қорларды басқарудың автоматтандырылған жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді. Ellipse бірыңғай жүйесі техникалық және жөндеу жұмыстарын жоспарлап, жүргізуге мүмкіндік береді, оның ішінде:

- болуы мүмкін іркілістер мен апаттық жұмыстарды жою бойынша жұмыстарды автоматтандыру;
- жұмыстарды орындаудың және жоспарлы техникалық қызмет көрсетудің уақыттылығын болжау есебінен іркілістер мен апаттық жұмыстар санын қысқарту;
- қызметкердің оперативті іске кірісу есебінен іркілістер мен апаттық жұмыстарды жою уақытын қысқарту.

Mobility

«ОАЭК» АҚ-нда үйлер мен инфрақұрылым нысандарын «зияткерлік басқару жүйесімен» қамтамасыз ету бойынша бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. 2017 жылғы сәуірден АСУПФиА Ellipse-пен толықтай біріктірілген Mobility мобильдік қосымшасын әзірлеу және енгізу жұмыстары басталды. Бұл жұмыс тапсырмаларын қашықтықтан беруге, қондырғыларды түгендеп, мониторинг жасауға, тарихи, нормативтік мәліметтерге оперативті қолжетімділік беруге көмектеседі. Mobility жобасы аясында далалық жағдайларда инфрақұрылым нысандарына оперативті қызмет көрсету және жөндеуді жүзеге асыру мақсатында мониторингпен айналысатын жұмысшыларға арналған мобильдік қосымша жасалды.

ЭКЕАЖ

«ОАЭК» АҚ-нда үйлер мен инфрақұрылым нысандарын «зияткерлік басқару жүйесімен» қамтамасыз ету бойынша бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Құралдар паркін жаңғырту телекоммуникациялық компаниялар режимінде тұтынушыларға қызмет көрсету (көрсеткіштерді алу, қарызы барларды электр энергиясына қолжетімділіктен үзу) бойынша қашықтықтан жұмысты жолға қоюға мүмкіндік береді.

Есептік жыл соңында ЭКЕАЖ құралдарымен 69 мың тұтынушы жабдықталған болса, ол барлық санның 13%-ын құрайды.

Аталған жүйе, сондай-ақ, энергия шығындарының ошағын автоматты түрде анықтап, оны уақытылы жоюға да мүмкіндік береді. ЭКЕАЖ электр энергиясының комерциялық шығынын қысқартады.

2017 жылы ЭКЕАЖ жобасын жүзеге асыру жалғасын тапты. Ол инфрақұрылым нысандарында орнатылған есеп құралдарын жаңғыртуды және толықтай автоматтандыруды қарастырады. Бұл онлайн режимде электр энергиясын беру және тұтыну бойынша нақты мәліметтерді қашықтықтан жинауға мүмкіндік береді.

2017 жылы LPWAN сымсыз технологиясы бойынша тұрмыстық тұтынушыларды электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі монтаждалды және тәжірибелік пайдалануға берілді. ЭКЕАЖ пилоттық жобасы аясында «АЭҮК» АҚ-нда 140, «Павлодар ЭТК» АҚ-нда 108, «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ-нда 409 есеп нүктесі орнатылды.

Технологияның бұл түрі әрбір кешенді трансформатор шағын стансасында мәліметтер жинау және

беру құрылғыларын қолдануды қажет етпейді. Тұтас тұрғын аумағына бір базалық станса қолданылады, ал радиомодульмен жабдықталған, батареялы есептегіштер тәулік ішінде радиожилік арқылы базалық стансаға өз көрсеткіштерін жолдап отырады. Базалық станса интернет арқылы жинақталған ақпаратты серверлік қондырғыға жіберіп, ақпарат сол жерде сақталады. Логин және пароль иеленген тұтынушы интернет көмегімен серверге қосылып, қажетті кезеңдегі құрал көрсеткіштерімен таныса алады. Бұл жобаны 2018 жылы іске қосу жоспарланып отыр

ЖКЕАЖ

2017 жылы «Жылу энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі» жобасын жүзеге асыру жалғасты. Ол есеп құралдарын жаңғыртуды және толықтай автоматтандыруды қарастырады. Есеп құралдарын енгізу жеткізушілер мен тұтынушылар арасындағы қолданыстағы және перспективалық тарифтік жүйелер бойынша мәліметтер мен есеп дәлдігін және шынайылығын арттырады, сондай-ақ, тұрмыстағы жылу тұтыну жағдайын анықтайды.

ЖКЕАЖ тұтынуды бақылау тұтынылған жылу энергиясын төлеу бойынша кешігулерді төмендету мақсатында жылу энергиясын есептеу бойынша мәліметтер жинау оперативтілігін арттырады. Жүйе коммуналдық-тұрмыстық секторда жылу энергиясын үнемдеу мақсатында жылу энергиясын есептік тұтынушы-ақ шығындарды оперативті түрде анықтауға мүмкіндік береді.



«ТЕЗИС» ТҚП БАЖ

2017 жылғы қарашадан бері «ОАЭК» АҚ-ның Павлодар, Петропавл қалаларында және Ақмола облысындағы электр желілік еншілес ұйымдарында электр желілеріне техникалық қосылу процесін басқарудың автоматтандырылған жүйесі – ТҚП БАЖ тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Жүйе электр желілеріне тұтынушыларды қосу үшін техникалық шарттарды рәсімдеу процесінің ашықтығын көтеруге бағытталған.

Жүйенің басты артықшылығы – құжаттардың қай сапта және процесс қатысушыларының қайсысында екенін анықтауға мүмкіндік беретін аралық бақылау. Жүйе кәсіпорындардың оперативтік қызметіне тиімді қолдау көрсетеді, техникалық шарттарды беру, жобалық-сметалық құжаттаманы мақұлдау және тұтынушыларға құжат дайындау процесін есепке алу және бақылауға мүмкіндік береді.

ТҚП БАЖ жобасы аясында тұтынушыларды қосу уақыты қысқарды, жаңа тұтынушыларды инфрақұрылым нысандарына қосудың барлық процесі жеңілдетіліп, оңтайландырылды.

ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ БОЙЫНША 2018 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

ЭКЕАЖ/ЖКЕАЖ

2018 жылы бірыңғай басқару тәсілі жүзеге асыру және жобаны әрі қарай тиімді дамыту үшін ұйымдастырушылық-техникалық шараларды жетілдіру есебінен ЭКЕАЖ және ЖКЕАЖ жобаларын біріктіру жоспарланып отыр.

Есептегіштер мен мәліметтерді жинау және беру құрылғыларының бірнеше ондаған түрлерін тәжірибелік пайдалану құралдардың монтаждан іске қосу-жөндеуге дейінгі және одан әрі қолдау мен кепілді алып жүруді қамтитын толық өмірлік циклді бірегейлендіруді жүзеге асырады.

ЭКЕАЖ/ЖКЕАЖ басқарушы платформасының бөлшек тұтынушыларға қолжетімділік пен сенімділік деңгейін арттыру үшін Павлодар қаласында мәліметтерді өңдеудің бірыңғай орталығында серверлік қуаттылықтарды шоғырландыру шаралары жүргізілді.

БИЛЛИНГ

2018 жыл аяғына қарай жоспарланып отырған Астана мен Павлодарда бірыңғай биллинг жүйесіне көшуді аяқтау жылу және электр энергиясын автоматтандырып және бірегейлендіріп қана қоймай, тұтынылған электр және жылу энергиясының нақты құнын оперативті есептеу есебінен тұтынушылармен жұмысты жақсарттады, тұтынушыларға қызмет көрсету мен жеке кабинет арқылы ақпарат алудың қашықтықтағы каналдарын ұсынады.

ТҚП БАЖ (ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫ)

2018 жылғы маусымнан тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану кезеңінің сәтті аяқталуымен байланысты «АЭҮК» АҚ, «СҚ ЭТК» АҚ, «ПЭТК» АҚ электр желілік еншілес ұйымдарында ТҚП БАЖ өнеркәсіптік пайдалануға беру жоспарланып отыр. Қызмет көрсетудің толық және ашық циклді қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылдың соңына дейін тұтынушының техникалық шарттарды рәсімдеу процесін онлайн режимінде бақылау үшін жеке кабинетті енгізу жоспарлануда.

Mobility

2018 жылы АСУПФИА Ellipse-пен толықтай біріктірілген Mobility мобильді қосымшасын әзірлеу және енгізуді аяқтау жоспарланып отыр. 2018 жылғы наурыздан бастап «АЭҮК» АҚ-нда Mobility-ді тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану іске қосылатын болады. 2018 жылғы маусымнан бастап ол өнеркәсіптік пайдалану сатысына көшеді. Ал 2019 жылдың соңына дейін Mobility қосымшасын «СҚ ЭТК» АҚ және «ПЭТК» АҚ-нда да енгізу жоспарланып отыр.

ӨТКІЗУШІ КОМПАНИЯЛАРДА ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Көрсетілетін қызметтер бойынша тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарының өткізуші компанияларында «бір терезе» принципі бойынша реформалауға және қызмет көрсетуге бағытталған ұйымдастырушылық шаралар кешені жүргізілді:

- энергия түрлері бойынша есептерден тұратын автоматтандырылған мәліметтер базасы жүйелі түрде жетілдіріледі;
- жеке тұтынушы деңгейінде электр энергиясын тұтынуды басқару енгізілді;

- төлем түсімін оперативті талдау ұйымдастырылды;
- әрбір тұтынушы бойынша қарызды бақылау орнатылды;
- тұтынушылардан техникалық шарттар алуға өтініш қабылдау, тұтынушыларға техникалық шарттарды өңдеу және беру бойынша Сервис орталықтарында «терезелер» ашылды;
- төлем қабылдау пункттерінің жүйесі қайта құрылды.

Тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында ISO 9001 (Сапаны басқару жүйесі) менеджмент жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жалғастырылды.

2017 жылы «Астанаэнергосбыт» ЖШС-нде 1С платформасының базасында «Биллинг» жаңа заманауи талдамалы бағдарламалық қамсыздандыруын (БҚ) әзірлеу және өнеркәсіптік пайдалануға беру аяқталды. Аталған БҚ енгізу келесілерге мүмкіндік берді:

- бизнес процестер бөлігін жеңілдету және автоматтандыру есебінен операциялық шығындарды қысқарту;
- есеп процестерін автоматтандыру және қол еңбегін азайту, мәліметтерді автоматтандырылған верификация процестерін енгізу есебінен ақпарат

шынайылығын айтарлықтай арттыру (қате пайда болу және оның саны тәуекелін төмендету);

- энергиямен қамту қызметімен байланысты барлық процесті қашықтықтан басқару мүмкіндігі бар жеке және заңды тұтынушылардың электронды жұмыс кабинетін құру мүмкіндігін қамтамасыз ету.

2017 жылғы желтоқсанда тұрғындардың дебиторлық қарыздарын азайту мақсатында «Астанаэнергосбыт» ЖШС және «Павлодарэнергосбыт» ЖШС клиенттеріне арналған «Жаңа жылға – қарызсыз» ынталандыру акциясы алғаш рет өткізілді. Тұтынушыларға қарыздарынан және оған қосылатын үстемеақылардан құтылудың ерекше мүмкіндігі берілді. Барлық қарыз түгелдей өтелген жағдайда, үстемеақы есептелген жоқ.

«Астанаэнергосбыт» ЖШС акциясына 40 мыңнан астам абонент қатысты: ыстық су қызметі бойынша қарызын 15281 абонент, жылу үшін 10 мыңнан астам абонент және электр энергиясы үшін 15 мыңнан астам абонент төледі. «Павлодарэнергосбыт» ЖШС акциясына 60 мыңға жуық абонент қатысса, оның ішінде Павлодарда 30 906 адам, Ақсуда 3 773 адам, Екібастұзда 8 238 адам қатысты. Облыс аудандарында тұтынылған энергия мен қызметтер үшін өз қарыздарын толықтай өтеген тұтынушылар саны 16 213 болды.



ӨТКІЗУШІ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ 2018 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАРЫ

Тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатындағы жұмыстар жалғасады. 2018 жыл соңына дейін «Павлодарэнергосбыт» ЖШС және «Севказэнергосбыт» ЖШС-нде 1С платформасының базасында «Биллинг» БҚ-н өндірістік пайдалануға енгізу жоспарланып отыр.

САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚАМТУ

Тиімді сатып алу қызметін құру Корпорацияның операциялық тиімділікті арттыру аясындағы маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. «ОАЭК» АҚ компаниялар тобының сатып алулар саласындағы негізгі басымдықтарына тендер өткізудегі ашықтықты қамтамасыз ету, экономикалық тиімділіктің жоғарғы шегіне қол жеткізу үшін сатып алу қатысушыларының санын кеңейту жатады.

2017 жылдан бері Компаниялар тобында сатып алу қызметінің тиімділігін және ашықтығын арттыру үшін трансформациялық процестер басталды. Жыл ішінде процестерді автоматтандыру, сатып алуды жоспарлау жүйесін жақсарту, санаттық сатып алу стратегияларын әзірлеу КРІ жүйесін енгізу және өзге бағыттағы жобалар әзірленді. Есептік кезең қорытындысы бойынша келесі міндеттер орындалды:

- «сатып алулардың жылдық жоспары» түріндегі сатып алуларды жоспарлау жүйесі әзірленді және енгізілді;
- кейбір КРІ көрсеткіштері анықталған апталық есептілік жүйесі әзірленді және енгізілді;
- жаңартылған ұйымдық құрылым бекітілді;
- сатып алуларды орталықтандыру деңгейі бойынша тәсіл қайта қаралды;
- сатып алулар бойынша процестер қайта қаралып, нұсқаулықтар жаңартылды.

САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІНІҢ 2018 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАРЫ:

- сатып алу қызметінің ашықтығын арттыру;
- коммерциялық тиімділікті арттыру және КРІ бағалау жүйесін енгізу;
- тиімді сатып алуларды жоспарлау жүйесін енгізу;
- жеткізушілерді аттестаттау және алдын ала біліктілік беру жүйесін енгізу;
- сатып алу процестерін автоматтандыру және электронды сатып алу жүйесін енгізу.



ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Корпорацияның 2017 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес әзірленді және еншілес кәсіпорындардың сатып алынған уақытынан бергі

қаржылық есептіліктерінен тұрады. Есеп саясатының принциптері Корпорация кәсіпорындарының бәріне бірегей. Корпорацияның басты қаржы-экономикалық көрсеткіштері операциялық және қаржылық қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін, сондай-ақ, Корпорацияның стратегиялық дамуының негізгі бағыттары орындалғанын көрсетеді.

2015–2017 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН ТЕҢГЕ

КӨРСЕТКІШТЕР	2015	2016	2017
Негізгі қызмет табыстары	107 932	122 123	131 652
Өзіндік құн	(84 144)	(93,198)	(100 295)
Жалпы пайда	23 788	28 925	31 357
Кезең шығындары	(9 672)	(9 932)	(11 178)
Операциялық қызметтен түскен пайда	14 116	18 993	20 178
Бір жылғы жалпы EBITDA*	24 885	31 263	31 865
Бір жылғы жалпы EBITDA, айырма %	23,1 %	25,6 %	24,2 %
Гудвилл құнсыздануынан болған шығындар			(737)
Табыс салығы бойынша шығындар	727	(3 547)	(3 613)
Бір жылғы таза пайда	(7 614)	11 264	10 639
Активтер	279 131	287 221	310 023
Капитал	129 622	140 835	149 785
Негізгі жабдықтар бойынша капиталды шығындар	32 441	22 620	22 685

* жалпы EBITDA курстық айырмашылықты есепке алмай келтірілген

ТАУАР/ҚЫЗМЕТ ӨТКІЗУДЕН ТҮСКЕН ТАБЫС

2017 жыл қорытындысы бойынша, Корпорация жалпы сомасы 131 652 млн теңгенің электр және жылу энергиясын өндіру, беру және өткізу қызметтерін жүзеге асырды. Бұл 2016 жылғы сәйкес көрсеткіштен 9 529 млн теңгеге немесе 7,8%-ға жоғары. Ол Корпорацияның өзіндік электр стансаларында өндірілетін электр энергиясын көтерме нарыққа жеткізу көлемінің өсуімен және бөлшек секторда тұтыну көлемінің 6,7%-ға өсуімен байланысты.

Өткен кезеңмен салыстырғанда, 2017 жылғы өткізуден түскен табыс деңгейіне ықпал еткен басым факторларға келесілер жатады:

- Электр энергиясын өткізу көлемі инвестициялық бағдарлама нәтижесінде және тұтынушылар тарапынан сұраныстың оң динамикасына (қолданыстағы өткізу нарығының шекараларын кеңейту) байланысты жаңа өндірістік қуаттылықтардың енгізілуіне орай, өзіндік электр энергиясын өндіру көлемінің 263,3 млн кВт-с-қа (3,7%) өсуі есебінен 2016 жылмен салыстырғанда, 6 568 млн теңге немесе 9,3%-ға ұлғайды.
- Электр энергиясын беруден түсетін табыстар өткен жыл деңгейінде болды (273 млн теңгеге немесе 1,3%-ға сәл төмендеу орын алды);

- Жылу энергиясын беру табыстары беру тарифтерінің, оның ішінде «Павлодар ЖЖ» ЖШС Павлодар қаласында 16%-ға, Екібастұз қаласында 32%-ға, «Петропавл ЖЖ» ЖШС Петропавл қаласында 15%-ға өсуі есебінен 1 098 млн теңгеге артты.
- Өткізуші компаниялардың өндіріс тарифтері мен босату тарифтерінің жалпы 8%-ға өсуі нәтижесінде өткізу маржасын есепке алғандағы жылу энергиясын өткізу табыстары 2 132 млн теңгеге не 9,1%-ға өсті, сондай-ақ, жылу энергиясын тауарлы босату 252,9 мың Гкал, немесе 2,4%-ға өсті.

лодар, Петропавл қалалары), беру бойынша 16% және 15%-ға (тиісінше Павлодар, Петропавл қалалары), өткізу бойынша 6%, 11% және 13%-ға (тиісінше Павлодар, Петропавл, Астана қалалары) өсуі және бөлшек нарықта сұраныстың 6,7%-ға артуы мен жаңа өндірістік қуаттылықтарды енгізумен байланысты өзіндік өндірістің электр энергиясын өткізу көлемінің артуы болып табылады.

Корпорация өндірістік қызметін бағалауда **операциялық EBITDA көрсеткіші** негізгі болып таңдалған. Бұл көрсеткіш – Корпорацияның базалық өндірістік


ӨТКІЗІЛГЕН ТАУАР/ҚЫЗМЕТТІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

2017 жылы өткізілген электр және жылу энергиясының өзіндік құны 100 295 млн теңгені құрап, 2016 жылмен салыстырғанда өсім 7 097 млн теңге немесе 7,6% болды. Ол «Беруді есепке алғандағы сатып алынатын энергия», «Отын», «Тозу және амортизация», «Еңбекті төлеу» баптары бойынша операциялық шығындардың артуымен байланысты орын алды. Корпорацияның өзіндік құн құрылымында басым бөлшек үлеске (42%) одан арғы тұтынушыларға өткізумен байланысты қызметті есепке алғанда, сатып алынатын энергия шығындары ие. 2017 жылы аталған шығындар электр энергиясын ішкікорпоративтік жеткізудің 22%-ға азаюы және сатылатын электр энергиясын беру шығындарының артуы есебінен 2 423 млн теңге немесе 6%-ға артты. Электр энергиясы өндіріс көлемінің 263,3 млн кВт.с немесе 3,7% өсуі табиғи көмір шығынының 29 мың тонна немесе 1%-ға өсуіне әкелсе, «Отын» бабы бойынша қымбаттау 1 875 млн теңге немесе 11,2% құрады. Бағаның қымбаттауы есебінен өндірістік сипаттағы қызмет көрсету шығындары 1 1364 млн теңге немесе 7,7%-ға артса, жыл сайынғы индексация мен қызметкерлер санының артуы есебінен еңбекті төлеу шығындары 698 млн теңге немесе 6,7%-ға артты. Аамортизациялық аударымдар 2017 жылы 22 508 млн теңгеге негізгі жабдықтарды енгізу есебінен 737 млн теңгеге жоғарылады.

ЖАЛПЫ EBITDA ДИНАМИКАСЫ

2017 жылғы EBITDA көрсеткіші, курстық айырмашылық шығынын есепке алмағанда, 31 865 млн теңгені құрады, 2016 жылмен салыстырғанда өсім 603 млн теңге немесе 2% құрады. Операциялық тиімділік көрсеткіші өсімінің негізгі факторлары жылу энергиясы тарифтерінің өсуі, оның ішінде өндіру бойынша 12% және 7%-ға (тиісінше Пав-

Бір жылғы жалпы EBITDA, млн теңге




* жалпы EBITDA курстық айырмашылықты есепке алмай келтірілген

қызметіне әсер етпейтін өзге кірістер, қаржыландыру кірістері, курстық айырмаға қатысты міндеттемелердің сенімсіз компоненті, еңбекке қабілеттіліктен айрылу бойынша әлеуметтік төлемдер, амортизация мен қайталанбайтын немесе тұрақсыз баптарды қарастырмайды.

Корпорацияның 2017 жылғы операциялық EBITDA 31 505 млн теңге құрап, 2016 жылмен салыстырғанда өсім 2 097 млн теңге немесе 7% құрады. Операциялық EBITDA көрсеткіш құрылымында негізгі (бірінші кезектегі) айырмалы сегмент – электр және жылу энергия өндірісі (21 763 млн теңге) болып табылады, мұнда 2017 жылғы жылу беру маусымы кезінде сыртқы орташа ауа температурасының жоғары (-5,5°C және -6,1°C тиісінше) болуы есебінен жылу энергиясы өндірісінің 330 мың Гкал немесе 5,1%-ға азаюы есебінен, өткен жылдың дәл осы кезеңімен салыстырғанда жылу беру маусымын ерте аяқтау және жылу тасымалдағыштарындағы жылу шығынын төмендету үшін жүргізілген тиімді жұмыс есебінен 2016 жылмен салыстырғанда 11,9% төмендеу орын алды.

Қызмет сегменттері бойынша EBITDA, млн теңге



ТАЗА ТАБЫС/ШЫҒЫННЫҢ ДИНАМИКАСЫ

2017 жылғы операциялық қызметтен түскен пайда 20 178 млн теңге (өткізу табысынан айырмасы 15,3%) құраса, табыстың 1 185 млн теңгеге өсуі

өткізуден түскен табыстың 9 529 млн теңге немесе 7,8%-ға өсуімен байланысты. Қаржылық нетто шығындары өткен жыл деңгейінде сақталды (27 млн теңге немесе 1% төмендеу орын алды). 2017 жылғы таза пайда 10 639 млн теңгені құрап, 2016 жылмен салыстырғанда, бұл көрсеткіш бойынша 625 млн теңге немесе 5,5% төмендеу байқалды.

СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША 2017 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН ТЕҢГЕ


Көрсеткіштер	Электр және жылу энергиясын өндіру	Электр энергиясын беру және тарату	Жылу энергиясын беру және тарату	Электр және жылу энергиясын өткізу	Басқалар	Қорытынды
Негізгі қызмет табыстары	46 143	21 271	7 758	56 464	16	131 652
Өзіндік құны	(29 276)	(12 063)	(6 360)	(52 535)	(61)	(100 295)
Жалпы пайда	16 867	9 208	1 398	3 929	(45)	31 357
Кезең шығындары	(2 402)	(2 709)	(1 861)	(3 726)	(480)	(11 178)
Операциялық қызметтен түскен пайда	14 465	6 499	(463)	203	(525)	20 179
Қаржылық шығындар, нетто	(3 948)	(408)	(478)	(367)	(157)	(5 356)
Курстық айырмашылық шығыны	176	55	5	(76)	21	181
Өзге табыстар	(716)	265	352	331	(247)	(14)
Гудвилл құнсыздануы					(737)	(737)
Пайда салығының шығындары	(2 466)	(1 044)	(56)	(36)	(11)	(3 613)
Бір жылғы пайда	7 513	5 366	(639)	(682)	(919)	10 639
Сегменттер бойынша операциялық EBITDA	21 763	9 256	544	328	(386)	31 505

АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорацияның жиынтық активтері 310 023 млн теңгені құрады, бұл 2016 жылдың сәйкес көрсеткішінен 8%-ға жоғары. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі жабдықтардың құны 251 342 млн теңге немесе барлық активтер құнының 81%-ын құрады. 2017 жылғы кең ауқымды инвестициялық бағдарлама аясында 22 685 млн теңге соманың негізгі жабдықтары сатып алынып, аяқталмаған құрылыс құрамына бағытталды, 22 508 млн теңге сомаға ағымдағы кезең және өткен жылдардан келе жатқан жаңа және қайта құрылған нысандар енгізілді.

Нақтырақ айтқанда, бұл 2017 жылы Павлодар 2-ЖЭО, Павлодар 3-ЖЭО күл үйінділерінің екінші кезегінің құрылыс жұмыстарының аяқталуымен байланысты. ТП БАЖ-мен жабдықтап отырып, Павлодар 3-ЖЭО-нда №4 қазандық агрегаты қайта құру және Петропавл


Активтер, млрд теңге



● Ағымдағы активтер ● Ұзақмерзімді активтер

2-ЖЭО №2 турбоагрегаттың жаңғырту жұмыстары атқарылды. Сондай-ақ Екібастұз ЖЭО күл үйіндісінің екінші кезегінің құрылыс жұмыстары мен Павлодар 3-ЖЭО-нда №6 турбоагрегатты қайта құру жұмыстары жалғасуда.

Пассивы, млрд теңге



● Капитал ● Ұзақмерзімді міндеттемелер ● Ағымдағы міндеттемелер

Корпорацияның жарияланған жарғылық капиталы 50 млн жай акцияны құрайды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толықтай төленген жай акциялардың құны 46 043 млн теңгені құрады.

Корпорация сомасы 5 652 млрд теңге купонды коммерциялық облигациялар орналастырды. Оның ішінде «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ облигацияларының сомасы 100 млн теңге, индексті пайыздық мөлшерлемесі 13%, өтеу мерзімі 2017 жылғы 11 желтоқсанға дейін, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ облигацияларының сомасы 100 млн теңге, индексті пайыздық мөлшерлемесі 13%, өтеу мерзімі 2017 жылғы 20 қарашаға дейін және «ОАЭК» АҚ облигацияларының сомасы 5 451 млрд теңге, индексті пайыздық мөлшерлемесі 6 % (1 шығарылым облигациялары бой-

ынша сома 3 160,1 млрд теңге, өтеу мерзімі 2023 жылға дейін, 2 шығарылым облигациялары бойынша сома 2 290,4 млрд теңге, өтеу мерзімі 2025 жылға дейін). Аталған қаржылар Корпорация стратегиясына сәйкес, инвестициялық бағдарламаны және даму жобаларын қаржыландыруға бағытталды. Ұзақмерзімді қарыздар негізінен компаниялар тобы активтерін қайта құру және жаңғырту бойынша ұзақмерзімді инвестициялық бағдарламаны қаржыландыруға арналған ЕҚДБ, АДБ, «Сбербанк России» ЕБ АҚ қарыздарын қамтиды.

Есептік жылдың соңындағы жалпы қаржылық қарыз 89 075 млн теңгені құрады, бұл ретте Корпорация қаржылық тұрақтылығын сақтап отыр.


АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ


2017 жылы өткізу көлемінің өсуі мен жылу энергиясын өндіру, беру, өткізу және электр энергиясын беру тарифтерін арттыруға байланысты операциялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттар ағынын арттыру тенденциясы байқалды. Курстың шетелдік валютадағы ақшалай қаражат қалдықтарына ықпалын есепке алғанда операциялық қызмет бойынша таға ағын 25 518 млн теңгені құрады. Айналымдық капиталдың өзгерісі саудалық дебиторлық қарыздың азаюымен байланысты.

Негізінен инвестициялық бағдарламаның ірі жеткізілімдеріне қатысты кредиторлық қарыздың артуы айналымдық капиталдың өсіміне әкелді.

23 237 млн теңге көлеміндегі инвестициялық қызмет бойынша ақшаның ең қомақты кері ағыны ағымдағы кезеңнің инвестициялық бағдарламасымен, сондай-ақ, 2016 жылы аяқталған нысандар бойынша қарызды төлеумен байланысты. Ақшалай қаражаттың қорытынды неттосы 29 644 млн теңгені құрады.

Ақша қаражатының қозғалысы, млн теңге





БІЗ




CAERCO

Орталық-Азия
Электроэнергетикалық Корпорациясы

4

**КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ**



ЭНЕРГИЯ – ІС

Біз басқарудың халықаралық стандарттарын және жетекші технологияларды енгізу, қауіпсіздік пен еңбекті қорғау принциптерін сақтау арқылы тұтынушыларды тұрақты электр және жылу энергиясымен қамтимыз.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«ОАЭК» АҚ-нда инвестиция тарту, Корпорацияның бәсекелестік нарығындағы позицияларын бекемдеу және оның акционерлік құнын арттыру үшін міндетті шарт ретінде корпоративтік басқару жүйесі енгізілген. «ОАЭК» АҚ корпоративтік басқару жүйесі басқару органдарының, Корпорацияның ішкі бақылауының, акционерлерінің, өзге мүдделі тараптарының өзара қызметі процесін реттейді және аталған барлық тараптардың көзқарастар теңгерімін қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің жұмысына тәуелсіз директорлар қатысады, бұл корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді. Корпорация қолданыстағы барлық тәртіптер мен стандарттарды сақтайды және тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін бизнес жүргізудің этикалық принциптерін ұстануға талпынады.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Корпорацияның жоғарғы басқарушы органы – Акционерлердің жалпы жиналысы. Акционерлердің Корпорация Жарғысында айқындалған өз құқықтарын жүзеге асыруының негізгі тәсілі – олардың акционерлердің жыл сайынғы жиналысына, сондай-ақ, Директорлар кеңесіне Атқарушы органның бастама-сымен өткізілген кезектен тыс жиналыстарға қатысуы болып табылады.

Корпорация акционерлері жылдық Жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер енгізіп, Директорлар кеңесіне, Комитетке үміткерлер ұсынуға және Директорлар кеңесі отырыстарын шақыруға құқылы.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2017 жылы акционерлердің 1 жылдық және 3 кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді. Акционерлердің Жалпы жиналысының назарында болған негізгі мәселелер:

- 2016 қаржылық жылғы «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ жылдық шоғырландырылған қаржылық есебін бекіту;
- 2016 қаржылық жылғы «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ таза табысын бөлу тәртібін және Корпорацияның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін анықтау;

3. Акционерлердің «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне үндеуі туралы мәселені талқылау және талқы нәтижелері;

4. 2016 қаржылық жылғы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ жылдық шоғырландырылған қаржылық есебін бекіту;

5. 2016 қаржылық жылғы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ таза табысын бөлу тәртібін және Корпорацияның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін анықтау;

6. Акционерлердің «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне үндеуі туралы мәселені талқылау және талқы нәтижелері;

7. 2016 қаржылық жылғы «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ жылдық шоғырландырылған қаржылық есебін бекіту;

8. 2016 қаржылық жылғы «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ таза табысын бөлу тәртібін және Корпорацияның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін анықтау;

9. Акционерлердің «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне үндеуі туралы мәселені талқылау және талқы нәтижелері;

10. 2016 қаржылық жылғы «Астанаэнергосбыт» ЖШС жылдық қаржылық есебін бекіту;

11. 2016 қаржылық жылғы «ОАЭК» АҚ жылдық шоғырландырылған қаржылық есебін бекіту;

12. 2016 қаржылық жылғы «ОАЭК» АҚ таза табысын бөлу тәртібін және Корпорацияның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін анықтау;

13. Акционерлердің «ОАЭК» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне үндеуі туралы мәселені талқылау және талқы нәтижелері;

14. «ОАЭК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының 2016 жылдағы қызметінің нәтижелері бойынша қаржылық есептілігінің аудитін өткізуге аудиторлық ұйымды анықтау;

15. «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау;

16. «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшелеріне сыйақы төлеу тәртібі мен мөлшерін анықтау;

17. «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау;

18. «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау;

19. «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшелеріне сыйақы төлеу тәртібі мен мөлшерін анықтау;

20. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау;

21. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшесіне сыйақы төлеу тәртібі мен мөлшерін анықтау;

22. «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау;

ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Корпорацияның дивиденд төлеуді есептеу, жариялау тәртібі, көлемі, түрі мен мерзімдеріне қатысты саясаты Корпорацияның Жарғысында және «ОАЭК» АҚ Дивидендтік саясаты туралы ережеде анықталған.

Корпорацияның дивидендтік саясатының басты қағидаттары мыналар болып табылады:

- дивидендтік төлем көлемін анықтау кезінде Корпорация мен оның акционерлерінің мүддесінің теңгерімділігі;
- Корпорацияның инвестициялық тартымдылығын, қаржы тұрақтылығын, капиталы мен өтімділігін арттыру;
- салынған капиталдың нарықтық кірісін қамтамасыз ету;
- акционерлердің құқықтарын құрметтеу және қатаң сақтау, сондай-ақ, олардың әл-ауқатын арттыру.


Корпорация өзінің дамуына жеткілікті қаражатты сақтауға мүмкіндік беретін мөлшерде таза пайданың бір бөлігін дивиденд төлеуге жұмсауға ниетті. Жылдық дивидендтерді төлеу туралы шешімді Корпорацияның Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды. Корпорация үшін ойда болмаған жерден жағымсыз жайттар орын алған жағдайда Директорлар кеңесі Корпорация акционерлерінің жалпы жиналысына дивиденд төлеу (жариялау) туралы шешім қабылдамау ұсынысын білдіруге міндетті.

2017 жылы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында «ОАЭК» АҚ акционерлеріне 2016 қаржылық жыл үшін 1 689,6 млн теңге көлемінде дивиденд төлеу туралы шешім қабылданды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ОАЭК» АҚ-ның жарғылық капиталы **46 043 272 мың** теңгені құрайды.

«ОАЭК» АҚ АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

- «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ
- Еуропалық қайта құру және даму банкі
- Kaz Holdings Cooperatief U.A.
- KIF ENERGY S.A.R.L.
- «Baiterek Venture Fund» АҚ
- CKIF ENERGY S.A.R.L.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Корпорацияның Директорлар кеңесі стратегиялық міндеттерді айқындайды, кәсіпорын жұмысы нәтижелеріне ағымдағы мониторинг жүргізу және бағалауды қоса алғанда, қызметті бақылаудың қажетті тетіктерін қолдайды.

Корпорация қызметінің ашықтығын арттыру мақсатында Директорлар кеңесіне 4 тәуелсіз директор кіреді, олар Корпорацияға қатысты аффилирленген тұлғалар болып табылмайды. Директорлар кеңесін Төраға басқарады, ол Директорлар кеңесі мүшелері мен Директорлар кеңесі комитеттерінен түскен ұсыныстар негізінде Директорлар кеңесі отырыстарын шақырып, күн тәртібін белгілейді.

Директорлар кеңесі өз қызметінде алға қойған мақсаттарына қол жеткізу үшін келесі аталған принциптерге сүйенеді:

- Корпорация қызметі турасында шынайы және толық ақпаратты қолдана отырып, ұжымдық және салмақты негізде талқыланған мәселелер бой-

ынша, бизнес жүргізудің ең жоғарғы стандартына сәйкес шешім қабылдау;

- Акционерлердің Корпорацияны басқаруға қатысу, дивидендтер, Корпорация туралы ақпарат пен есеп алу сынды заңды көзқарастары мен құқықтарын шектеуге жол бермеу;
- Корпорация акционерлері көзқарастарының теңгерімді болуын қамтамасыз ету және Директорлар кеңесінің Корпорация акционерлерінің көзқарастарына сай келетін объективті шешімдер қабылдауына қол жеткізу;
- Корпорация акционерлерін шынайы және уақытылы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Директорлар кеңесі және атқарушы органға берілетін сыйақы мөлшері «ОАЭК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі негізінде анықталады. 2017 жылы Директорлар кеңесі мен атқарушы органға берілген сыйақылардың жалпы сомасы 746,7 млн теңгені құрады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ 31.12.2017



**КЛЕБАНОВ
АЛЕКСАНДР ЯКОВЛЕВИЧ** (1963 ж.т.)
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

«ОАЭК» АҚ ДК Төрағасы, «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі және акционері болып табылады.
30.06.2004 – «Эксимбанк Қазақстан» АҚ ДК Төрағасы;
20.08.2007 – «ОАОЭК» АҚ ДК Төрағасы;
16.03.2009 – ОАЭК» АҚ ДК Төрағасы.



**ТАТАРОВ
ИГОРЬ ВИТАЛЬЕВИЧ** (1965 ж.т.)
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

2013-01.07.2015 – «СПМК-4» ЖШС Директоры;
01.07.2015 – «Степногорск тау-химия комбинаты» ЖШС Бас директоры;
13.11.2017 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі.



**КАН
СЕРГЕЙ ВЛАДИМИРОВИЧ** (1968 ж.т.)
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

Директорлар кеңесінің мүшесі.
01.03.2004 – «Эксимбанк Қазақстан» ДК мүшесі;
01.08.2004 – «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі;
12.11.2007 – «Каспиан Оффшор Констракшн» ЖШС Атқарушы директоры;
01.02.2010 – «Circle Maritime Invest» АҚ Президенті;
31.05.2012 – «Circle Maritime Invest» АҚ ДК Төрағасы;
15.10.2015 – «Қазақ Мұнай және Газ институты» АҚ ДК Төрағасы;
28.09.2017 – «ОАЭК» АҚ Президенті;
13.11.2017 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі.



**ПРИХОЖАН
ДМИТРИЙ АНАТОЛЬЕВИЧ** (1973 ж.т.)
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

01.04.2010 – «Эксимбанк Қазақстан» АҚ Басқарма Төрағасы;
13.11.2017 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі.



ВУД ГРЭХЭМ ДЖОН (1951 ж.т.)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

17.08.2009 – 01.03.2012 – Freenergy AS, Tallinn ДК мүшесі;
26.02.2009 – 01.04.2013 – ENEA SA, Poznan Қадағалау кеңесінің мүшесі, Аудит жөніндегі Комитеттің төрағасы;
01.11.2008 – West Herts College аудит жөніндегі комитет төрағасы, ДК мүшесі;
16.07.2012 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі.



**КАЙЗЕР
ФРАНЦ-ЙОЗЕФ** (1949 ж.т.)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған.
17.11.1975–30.06.2009 – Прайс УотерХаусКуперс (PwC) серіктесі;
2005–30.06.2009 – «ЕЭС России» РАҚ PwC жобасы бойынша серіктесі;
10.10.2009 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, Тәуелсіз директоры.



ЧАЙ ЧИ ТАК (1982 ж.т.)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

01.12.2008 – Capital Advisor Partners PTE LTD (CapAsia) Басқарушы директоры;



**КЕРР
МАНФРЕД-ЙОЗЕФ** (1947 ж.т.)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған.
2003–2009 – RWE Power International Ессен Вице-президенті;
2008–2010 – RWE Power International Ессен Басқарушы директоры, Аға кеңесшісі;
25.02.2011 – Rhein Ruhr Power ДК төрағасы;
25.10.2011 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, Тәуелсіз директоры.



**АНДРЕЕВ
ГЕННАДИЙ ИВАНОВИЧ** (1943 ж.т.)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған.
1970 – 2015 – «Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ Президенті;
2011 – 2015 – «Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;
2015 – қазірге дейін – «Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ Құрметті Президенті.
13.11.2017 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі.




**ТАБАНОВ
ЭЛЬДАР РАШИТОВИЧ** (1968 ж.т.)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған.
22.02.2013-17.04.2017 – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі;
14.11.2014-12.06.2017 – «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ ДК мүшесі;
09.09.2015-16.11.2016 – «Astana» ӘКК ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;
29.09.2017 – «City Vox» ЖШС Директоры;
13.11.2017 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі.

Ұйымдық құрылым



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2017 жылы Директорлар кеңесінің 8 отырысы өткізілді. Директорлар кеңесі назар аударған мәселелер қатарында ай сайынғы және квартал сайынғы басқарушылық есептер, «ОАЭК» АҚ 2016 жылғы шоғырландырылған бизнес-жоспарының орындалуын қарау, «ОАЭК» АҚ-ның 2017 жылғы шоғырландырылған бизнес-жоспарына (бюджет) түзетулер енгізу және бекіту, «Ellipse» активтерді басқару жүйесін енгізу бойынша есепті қарау, «Астанаэнергосбыт» ЖШС 2016 жылғы қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, «ОАЭК» АҚ 2016 жылғы қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, «ОАЭК»

АҚ аяқталған 2016 қаржылық жыл үшін таза табысын бөлу тәртібін және «ОАЭК» АҚ бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін айқындау, «ОАЭК» АҚ 2017 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды алдын ала таңдау, «ОАЭК» АҚ Ішкі аудит департаментінің қызметі туралы есептерді қарау, «ОАЭК» АҚ Тәуекелдерді басқару департаментінің қызметі туралы есептерді қарау, «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетінің Төрағасын сайлау, «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Техникалық комитеттің жаңа мүшесін сайлау, бірқатар корпоративтік құжаттарды бекіту және өзгелер болды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі жанында 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төрт комитет жұмыс жасайды:

АТАУЫ	МІНДЕТТЕРІ	ҚҰРАМЫ	ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
<p>Стратегиялық комитет</p> <p>7 комитет мүшесі</p> <p>2017 жылы 1 отырыс</p>	<p>Корпоративтік басқару тиімділігін арттыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жобаларды жүзеге асыруды бақылау; - Корпорацияның даму стратегиясының орындалуын бақылау; - Директорлар кеңесіне Корпорация қызметін жоспарлау және дамыту механизмдерін жетілдіру бойынша көмектесу. 	<p>Керр М. Төраға</p> <p>Кан С.В.</p> <p>Тұрғанов Д.Н.</p> <p>Вуд Г.</p> <p>Чай Чи Так</p> <p>Карягин А.В.</p> <p>Перфилов О.В.</p>	<p>2017 жылы Комитет Директорлар кеңесіне Корпорация қызметін жоспарлау және дамыту механизмдерін жетілдіру бойынша көмектесті. Комитетте келесі мәселелер қаралды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Ellipse» бағдарламалық қамсыздандыруын енгізу прогресі туралы; - Ай сайынғы басқарушылық есебін қарау туралы; - Корпорацияның 2016 жылғы шоғырландырылған бюджетін орындау туралы; - Қарағанды 2-ЖЭО және «АрселорМиттал Темирау» АҚ ПВС ЖЭО қайта құру техникалық-экономикалық негіздемесін қарау туралы; - Корпорацияның корпоративтік хатшы қызметін құру туралы; - «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы бақылаушыны сайлау туралы.
<p>Техникалық комитет</p> <p>6 комитет мүшесі</p> <p>2017 жылы 1 отырыс</p>	<p>Корпорацияда инвестициялық жобалардың орындалуын уақытылы және тиімді бақылау.</p>	<p>Керр М. Төраға</p> <p>Тұрғанов Д.Н.</p> <p>Вуд Г.</p> <p>Чай Чи Так</p> <p>Андреев Г.И.</p> <p>Перфилов О.В.</p>	<p>2017 жылы Комитет өз мүшелерінің Корпорацияда инвестициялық жобалардың орындалуын уақытылы және тиімді бақылауын жүзеге асыруға қатысуын қамтамасыз етті.</p>
<p>Аудит жөніндегі комитет</p> <p>5 комитет мүшесі</p> <p>2017 жылы 2 отырыс</p>	<p>Директорлар кеңесіне реттеуші және бақылаушы қызметтерін тиімді жүргізуіне көмектесу, ішкі аудитті, сондай-ақ, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және бекемдеу.</p> <p>Директорлар кеңесіне оның тарапынан әрекетті қажет ететін кез-келген мәселе бойынша ұсыныстар беру.</p>	<p>Кайзер Ф. Төраға</p> <p>Ким В.В.</p> <p>Вуд Г.</p> <p>Чай Чи Так</p> <p>Карягин А.В.</p>	<p>2017 жылы Комитет Директорлар кеңесіне реттеуші және бақылаушы қызметтерін тиімді жүргізу, ішкі аудитті, сондай-ақ, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және бекемдеу бойынша көмектесті. Комитетте ішкі аудит және тәуекел-менеджмент департаменттерінің жұмысына қатысты мәселелер, оның ішінде департаменттердің жұмысы туралы тиісті есептер қаралып, бюджет, жұмыс жоспарын бекіту, тиісті корпоративтік ережелер мен регламенттерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу және өзге де жұмыстар жүргізілді.</p>

АТАУЫ	МІНДЕТТЕРІ	ҚҰРАМЫ	ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ
<p>Кадрлар, сый-ақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті</p> <p>5 комитет мүшесі</p> <p>2017 жылы 1 отырыс</p>	<p>Корпорация және оның еншілес ұйымдарына бірегей кадрлық саясат әзірлеу және енгізу, корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру және оның принциптерін жүзеге асыру.</p>	<p>Табанов Э.Р. Төраға</p> <p>Тұрғанов Д.Н.</p> <p>Карягин А.В.</p> <p>Нигаи А.Д.</p> <p>Константинова Н.В.</p>	<p>2017 жылы Комитет Директорлар кеңесіне Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құруға көмектесті. Комитетте «ОАЭК» АҚ Қызметкерлерді басқару департаментіне қатысты мәселелер, «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасын және Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер мүшелерін сайлау, Экономика және қаржы жөніндегі вице-президентті атғайындау, Корпорацияның корпоративтік хатшысы мен Директорлар кеңесі жанындағы бақылаушыны тағайындау туралы мәселелер қаралды.</p>

АТҚАРУШЫ ОРГАН

Корпорацияның жеке атқарушы органы – Президент болып табылады, ол Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылық етеді, Акционерлер мен Директорлар кеңесі айқындаған стратегияны жүзеге асырады. Президент қызметінің негізгі принциптеріне Акционерлер көзқарасын мейлінше сақтау, адалдық, білімділік, қырағылық жатады.



«ОАЭК» АҚ Президенті

СЕРГЕЙ ВЛАДИМИРОВИЧ КАН

1998 жылы Абай атындағы Алматы Мемлекеттік Университетін тәмамдаған. 20 жылдан бері Қазақстан Республикасы аумағында түрлі қызмет түріндегі шетелдік қатысумен қазақстандық және біріккен кәсіпорындарды дамытумен, ілгерілетумен және басқарумен айналысып келеді.

2007 жылдан бері Кан мырза «Каспиан Оффшор Констракшн» ЖШС Атқарушы директоры, 2010 жылдан бері «Circle Maritime Invest» АҚ кеме қожалығы компаниясының Президенті лауазымдарын атқарады.

2014 жылдан бері және қазіргі таңда «Эксимбанк Қазақстан» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Орталық Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

2015 жылдан бері және қазіргі таңда «Қазақ Мұнай және Газ Институты» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы лауазымын атқарады.

Кан Сергей Владимирович елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан айтарлықтай үлесі үшін «Парасат» мемлекеттік орденімен марапатталған.

Сыйақы беру саясаты

Атқарушы органға берілетін сыйақы көлемі «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

Президент сыйақысының мөлшерін анықтау келесі талаптарға сәйкес жүзеге асырылады:

- сыйақы тұрақты және ауыспалы бөліктен тұрады;
- сыйақының ауыспалы бөлігі Президент қызметінің негізгі көрсеткіштерімен, оның біліктілігімен, белгілі кезеңде Қоғам қызметінің нәтижесіне қосқан жеке үлесімен байланысты және Президенттің жоғары сапалы қызметіне стимул беруге бағытталған;
- президентке әлеуметтік қолдау, кепілдік және өтемақы төлемдері заңнамаға, Қоғамның ішкі құжаттарына және еңбек шартына сәйкес беріледі.

Департамент қызметі Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына (ISA), сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және «ОАЭК» АҚ ішкі аудиторлар этикасы кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Ішкі аудиторлар өз жұмысында келесі принциптерді ұстанады: адалдық, нақтылық, конфиденциалдық және кәсіби компетенттік.

Корпорацияның еншілес ұйымдарында Ішкі аудит басқармалары құрылған, олардың қызметі ІАД талаптарына сәйкес бірегейлендірілген және Корпорацияда қабылданған аудит әдістемесі мен тәжірибесіне сәйкес келеді.

2017 жылы және қазіргі таңда Корпорация бақылаудың барлық деңгейінің, оның ішінде қаржылық және операциялық бақылаудың, заңдар мен ережелердің сақталуының сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесіне ие.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ




Бизнес-процестерді жетілдіру және Корпорацияда қабылданатын шешімдер тиімділігін арттыру мақсатында ішкі бақылау механизмдері жолға қойылған. Ішкі аудит департаменті (ІАД) қызметінің тәуелсіздігі мен объективтілігі оның Корпорация Директорлар кеңесіне бағыныштылығы мен есеп берушілігімен және қаржылық есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерін үйлестіру процестері мен қабылданған шешімдерге мониторинг жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.

2017 жылы ІАД Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жоспарға сәйкес келесі жұмыстарды орындады: еншілес ұйымдардағы «Сатып алулар, келісімшарттарды басқару және кредиторлармен есеп айырысу», «Тұтынушыларды электр/жылу желілеріне қосу процесін басқару», «Табыстарды есептеу және дебиторлармен есеп айырысу» бизнес-процестерінің ішкі бақылау жүйесінің (ІБЖ) тиімділігіне бағалау жүргізу. Сондай-ақ, техникалық шарттар беруге, ІАД ұсыныстарын орындауға мониторинг, негізгі жабдықтар мен тауарлы-материалдық қорларға түгендеу жүргізілді. ІАД Директорлар кеңесіне және Аудит жөніндегі комитетке жылдық есеп, сондай-ақ, атқарылған жұмыс туралы квартал сайынғы есепті берді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпорацияның корпоративтік басқару саясаты 2016 жылы толықтай Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес болды, кодекс Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасының талаптарына және корпоративтік басқару саласындағы қолданыстағы халықаралық тәжірибені және Қазақстанның акционерлік қоғамдарының Корпоративтік басқару қағидаттарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарын ескере отырып дайындалған.

Принциптерді ұстану Корпорация қызметінің күн сайынғы тәжірибесіне халықаралық стандарттарға сай және Корпорацияның акционерлер, тұтынушылар мен қызметкерлер алдында жағымды бейнесін қалыптастыруға әсер ететін корпоративтік тәртіп нормалары мен дәстүрлерін қалыптастыруға және енгізуге, акционерлер құқығының толығымен жүзеге асуына қол жеткізіп, олардың Корпорация қызметі туралы хабардар болуын арттыруға, сондай-ақ, тәуекелдерді бақылау мен төмендетуге, Корпорацияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін қолдауға және оның жарғылық қызметін сәтті жүзеге асыруға бағытталған.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ	ПРИНЦИПТЕРДІҢ САҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	ТҮСІНДІРМЕЛЕР
<p>Әділеттілік</p> <p>Капиталдағы қатысу үлесі мен орналасқан жеріне қарамай, барлық акционерлерге теңдей қарым-қатынас жасау және олардың құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік беру.</p>	<p>САҚТАЛАДЫ</p> 	<p>«ОАЭК» АҚ корпоративтік басқаруы Корпорация акционерлерінің құқықтары мен заңды көзқарастарын қорғау мен құрметтеу, сондай-ақ, активтер өсімі мен қаржылық тұрақтылықты және Корпорация табыстылығын қамтамасыз ету принципіне негізделген. Акционерлер құқықтары «ОАЭК» АҚ Жарғысы мен «ОАЭК» АҚ Акционерлердің жалпы жиналысы туралы Ережеде бекітілген және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сәйкес келеді.</p>
<p>Есеп берушілік</p> <p>Корпорацияның Директорлар кеңесінің акционерлерге, атқарушы органдардың Корпорацияның Директорлар кеңесіне, қызметкерлердің атқарушы органға (Корпорация Президентіне) есеп берушілігі. Бұл принцип есеп берушілік пен Корпорацияның басқару органдарының өкілеттіліктерін бөлуді, сондай-ақ, Корпорацияның акционерлерге толығымен есеп беруін қамтамасыз етеді, бұл сенімді ақпаратты Корпорация акционерлеріне уақытылы әрі толық беру арқылы жүзеге асады.</p>	<p>САҚТАЛАДЫ</p> 	<p>Корпоративтік басқару Кодексінің аталған принципі Корпорацияның Жарғысында және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған ұйымдастырушылық құрылымды жүргізумен сақталады. Сондай-ақ, есеп берушілік принципі Корпорацияның әрбір басшылық органы/ құрылымдық бөлімшелер туралы ережеде көрініс тапқан, ол Корпорация басқарушы органдарының өкілеттілік шекарасын бөлуге, сондай-ақ, Корпорацияның акционерлерге толықтай есеп берушілігіне мүмкіндік береді.</p>
<p>Жауапкершілік</p> <p>Корпорацияның өз акционерлері, қызметкерлері, тұтынушылары мен серіктестері алдындағы жауапкершілігі, Корпорацияның активтерін көбейту, оның тұрақтылығы мен сенімділігін арттыру мақсатында олармен тығыз ынтымақтастықта болу. Бұл принцип Корпорация акционерлері мен қызметкерлеріне арналған әдеп нормаларын айқындайды, сондай-ақ, Корпорацияның лауазымды тұлғалары заңға қайшы, кінәлі іс-әрекеттер жасаған не болмаса қолданыстағы заңнамада қарастырылған әрекетсіздіктер жасаған жағдайда олардың жауапкершілігін қарастырады.</p>	<p>САҚТАЛАДЫ</p> 	<p>Корпорация 2017 жылы Коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекет ету саясатын қабылдады. Оның негізгі мақсаттары мен міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> – коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекетті қамтамасыз ететін тиімді стратегияны құру және енгізу; – Корпорация қызметкерлері мен органдарында тиісті тәртіп мәдениеті мен барлық коррупция мен алаяқтық әрекеттерге деген негативті қарым-қатынасты қалыптастыру; – Корпорация мен қызметкерлердің коррупциялық және алаяқтық әрекетке қатысты болуын төмендету; – Орын алған коррупциялық және алаяқтық сипаттағы оқиғаларға оперативті түрде араласу. <p>Корпорацияда 2010 жылы Іскерлік этика кодексі қабылданды. Ол Корпорацияның акционерлер мен инвесторлармен, Корпорацияның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларымен, «ОАЭК» АҚ тобының қызметтерін тұтынушылармен негізгі өзара қарым-қатынас принциптерін айқындайды.</p>

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ	ПРИНЦИПТЕРДІҢ САҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	ТҮСІНДІРМЕЛЕР
<p>Ашықтық</p> <p>Корпорацияның қаржылық жағдайын, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, оның қызметіне қатысты барлық маңызды деректер туралы сенімді ақпаратты заңнамада және ішкі құжаттарда көзделген көлемде уақытында ашу, сондай-ақ, заңнамада және Корпорацияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен оны оңай қол жеткізілетін көпшілікке арналған дереккөздерге орналастыру арқылы барлық мүдделі тұлғаларға еркін қолжетімді болуын қамтамасыз ету. Аталмыш принцип Корпорацияның лауазымды тұлғаларының барынша ашықтығын қамтамасыз етеді.</p>	<p>САҚТАЛАДЫ</p> 	<p>Корпоративтік басқару кодексінің ашықтық принципі «ОАЭК» АҚ Ақпараттық саясатында қарастырылған, оның негізгі міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Корпорацияға қатысты барлық маңызды мәселелер бойынша уақытылы ақпарат беру; – Бұқаралық ақпараттық барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімді болуын қамтамасыз ету; – Корпорация мен мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынаста ашықтық пен сенімділік деңгейін арттыру; – Корпоративтік басқаруды жетілдіру; – Корпорацияның оң имиджін қалыптастыру.
<p>Қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік</p> <p>Корпорация өз қызметі барысында қоршаған ортамен мұқият әрі ұқыпты қатынаста болуды қамтамасыз етеді және қоғам алдында әлеуметтік тұрғыдан жауапты.</p>	<p>САҚТАЛАДЫ</p> 	<p>«ОАЭК» АҚ-нда Корпорацияның қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік салалары бойынша саясатын реттейтін экологиялық және әлеуметтік жұмыстар бойынша шаралар жоспары әзірленіп, қабылданған.</p>
<p>Тиімділік</p> <p>Корпорация Президенті мен оның Директорлар кеңесі Корпорацияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін, акционерлік меншіктің ұлғаюын, сондай-ақ, тиімді кадрлық саясатты белгілеуді, Корпорация қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды, еңбекті ынталандыру және әлеуметтік қамсыздандыруды, Корпорация қызметкерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін Корпорацияны парасатты әрі әділ басқаруға міндетті.</p>	<p>САҚТАЛАДЫ</p> 	<p>Корпоративтік басқару кодексінің тиімділік принципі Президент туралы ережемен және Корпорация Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі. Президент – Корпорацияның жеке атқарушы органы, ол Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылық етеді, Акционерлер мен Директорлар кеңесі айқындаған стратегияны жүзеге асырады.</p> <p>Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттары – ұзақмерзімді және жақсы ойластырылған перспективаға негізделген стратегияны қамтамасыз ету, Корпорация активтерін арттыру, Корпорацияның тиімді қызметін жүзеге асыруды, акционерлердің заңды көзқарастары мен құқықтарын беруді қамтамасыз ету, атқарушы органға бақылау жүргізу болып табылады.</p>
<p>Бақылауға алушылық</p> <p>Корпорация акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Корпорацияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, Корпорацияның Директорлар кеңесі бекіткен саясат пен рәсімдеріне сәйкес, жоғарыда тұрған басшылардың өздерінен кейін тұрған басшыларды бақылауы, сондай-ақ, тәуекелге бағытталған ішкі бақылаудың белгіленген тиімді жүйесімен қатар, ішкі және сыртқы аудиторлардың жұмыстарын тиімді пайдалану.</p>	<p>САҚТАЛАДЫ</p> 	<p>Акционерлердің құқықтары мен заңды көзқарастарын қорғау мақсатында Корпорацияның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау «ОАЭК» АҚ Президенті тарапынан ішкі құжаттарда қарастырылған талаптарға сәйкес жүргізіледі.</p> <p>Сондай-ақ, Корпорацияда Директорлар кеңесінің консультативті-ақпараттандырушы органы болып табылатын және Директорлар кеңесіне қаржылық есептіліктің шынайылығы үшін, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің адекватты жұмыс жасауы және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару үшін қабылданған шешімдер мен процестерге мониторинг жасауға көмек көрсету мақсатымен құрылатын Аудит жөніндегі комитет жұмыс жасайды.</p>



ЭНЕРГИЯ

5



CAERCO

Орталық-Азия
Электроэнергетикалық Корпорациясы

**ТӘУЕКЕЛ-
МЕНЕДЖМЕНТ**



ЭНЕРГИЯ – ЖАУАПКЕРШІЛІК

Біз тұтынушылар, мемлекет, инвесторлар, қызметкерлер, іскерлік әріптестер және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінеміз.

ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ

«ОАЭК» АҚ тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі мақсаттарына Корпорация қызметіне қатар жүретін оқиғалардың негативті ықпалын төмендету, сондай-ақ, оң мүмкіндіктерді жүзеге асыру жатады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІ (ТБЖ)

Корпорациядағы ТБЖ тәуекелдерді бірегейлендіру, тиімді басқару және тұрақты түрде монито-

ринг жасауға бағытталған. Тәуекелдерді анықтау барлық деңгейде – өндірістік кәсіпорындар, құрылымдық бөлімшелер және Компаниялар тобы деңгейінде жүргізіледі.

ТӘУЕКЕЛДЕР ТОПТАРЫ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР	ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР
<ul style="list-style-type: none"> Реттеу тәуекелдері Инвестициялық тәуекелдер Жобалық тәуекелдер Репутациялық тәуекелдер Нарықтық тәуекелдер Басқарушылық тәуекелдер 	<ul style="list-style-type: none"> Қаржылық есептілік Пайыздық тәуекелдер Өтімділік тәуекелдер Кредиттік тәуекелдер Бағалық тәуекелдер Валюталық тәуекелдер
ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР
<ul style="list-style-type: none"> Заңнаманың бұзылуы Соттың істі қарау тәуекелдері Коррупциялық және алаяқтық тәуекелдері Мүліктік тәуекелдер Коллекторлық тәуекелдер 	<ul style="list-style-type: none"> Технологиялық тәуекелдер Сатып алулар және қамту Операциялық шешімдерді жоспарлау және қабылдау Қызметкерлерді басқару Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік Контрагенттермен өзара қызмет АТ және ақпараттық қауіпсіздік Мемлекеттік органдармен өзара қызмет Төтенше жағдайлар Тұтынушылармен өзара қызмет Кадрлық тәуекелдер Экологиялық тәуекелдер

Тәуекелдер бірегейленеді, бағаланады және бақыланады.

ТБЖ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ



ІШКІ БАҚЫЛАУ СТАНДАРТТАРЫ

Корпорацияда бірегей үздіксіз процеске біріккен саясаттар, процестер, процедуралар, тәртіп және әрекет нормаларының жиынтығын құрайтын Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) енгізілген. ІБЖ Директорлар кеңесі,

барлық атқарушы органдар мен қызметкерлер жүзеге асыратын Компаниялар тобын басқару процесінің бөлігі болып табылады. ІБС Компаниялар тобының мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге және қызметті жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдерді төмендетуге бағытталған.

Корпорацияда Ішкі бақылау жүйесінің үш деңгейі айқындалған:

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ	ҚАРЖЫЛЫҚ	СӘЙКЕСТІКТІ БАҚЫЛАУ
Ресурстардың өнімділігін, рентабельділігін және сақталуын қоса алғанда, ұйымның негізгі бизнес мақсаттарына қолданады.	Аралық, қысқарған қаржылық есептер, сондай-ақ, есептен шығатын мәліметтерді (мәселен, табыс туралы мәліметтер) қоса алғанда, шынайы бұқаралық қаржылық есептілікті дайындауға жатады.	Ұйым қызметін реттейтін заңдар мен нормаларға сәйкестікті қамтамасыз етумен байланысты.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ САҚТАНДЫРУ

Корпорация қызметіне қатысты тәуекелдерді дұрыс басқару мақсатында «ОАЭК» АҚ-нда сақтандыру қорғанысын қамтамасыз ету саясаты әзірленіп, қолданылады. Оған сәйкес, жүзеге асырылған тәуекелдердің салдарын (зиянын, шығынын) төмендету мен жоюға және аталған негативті салдарлардың Корпорацияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпалын төмендетуге бағытталған тәуекелдерді сақтандыру жүзеге асырылады. Осылайша, саясат Корпорация қызметіне, жұмысшылар денсаулығына, сондай-ақ, акционерлер мен инвесторлардың мүлкілік көзқарастарына қауіп төндіретін және сақтандыруға жататын маңызды тәуекелдерден экономикалық тиімді сақтандыру қорғанысын жүзеге асыру арқылы Корпорацияның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.









«ОАЭК» АҚ тобының сақтандыру қорғанысы Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкес міндетті сақтандырудың барлық түрлері бойынша жүзеге асырылады. Сақтандырудың міндетті түрлерінен басқа Сақтандыру қорғанысын қамтамасыз ету саясатының талаптарына және үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес, Корпорация сақтандырудың







ерікті түрлері болып табылатын мүлкілік тәуекелдерді сақтандырады. «ОАЭК» АҚ тобының өндірістік активтерінің мүлкілік тәуекелдері Қазақстан Республикасы сақтандыру ұйымдарында заңнама талаптарына сәйкес сақтандырылған. Корпорация өз активтерін сақтандыруға (барлық тәуекелдерден мүлкілік сақтандыру) қатысты жоғары талаптар қояды, соған орай, қосымша талаптар қойып, өз тәуекелдерін кредиттік рейтингі АА-дан төмен емес қайта сақтандыру ұйымдарында (Munich RE, Hannover RE және басқалар сынды) қайта сақтандыруды бақылауды жүзеге асырады. Корпорация сақтандыру қоғамдастығының өкілдеріне қатысты ашықтық саясатын жүргізеді: Корпорация тұрақты түрде өндірістік активтерін сақтандыру инженерлік зерттеу (сюрвейлер) жүргізеді, қайта сақтандырушылардың ұсыныстарын орындайды.


ҚЫЗМЕТКЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ТАЛДАУ

Бекітілген тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес, Корпорацияның корпоративтік тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру нәтижесінде 2017 жылы Корпорация қызметіне айтарлықтай ықпал ететін 69 тәуекел анықталды.

ТӘУЕКЕЛ	ФАКТОРЛАР	ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙІ	ӨЗГЕРІС	ТӘУЕКЕЛ ӨЗГЕРІСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ	ТӘУЕКЕЛДІ ТӨМЕНДЕТУ ШАРАЛАРЫ
Стратегиялық тәуекелдер					
Инвестициялық бағдарламаның орындалмауы/жобалар бойынша жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізілмеуі.	1. Инвестициялық жобаны жүзеге асыру кезінде ҚМЖ мерзімдерінің сақталмауы. 2. Қондырғыларды қате/уақытынан кеш сатып алу. 3. Қондырғылар, ТМҚ жеткізу графигінің бұзылуы. 4. Жұмыс графигінің сақталмауы. 5. Қондырғылар жеткізушілермен шарт жасасудың ұзаққа созылуы. 6. Қаржыландыру мерзімдерінің сақталмауы.			Тәуекел деңгейі артуының негізгі себептері ҚМЖ бойынша шарт жасасу мерзімдерінің кешігуі, сондай-ақ, мердігерлердің жұмысшы қызметкерлерінің жетімсіз біліктілігі болып табылады.	1. Мердігер ұйымдардың жұмысын уақытылы және сапалы орындау және сапалы орындау бойынша ережелерді қарастыратын мердігер ұйымдармен өзара қызмет бойынша ішкі нормативті құжаттар әзірлеу.

ТӘУЕКЕЛ	ФАКТОРЛАР	ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙІ	ӨЗГЕРІС	ТӘУЕКЕЛ ӨЗГЕРІСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ	ТӘУЕКЕЛДІ ТӨМЕНДЕТУ ШАРАЛАРЫ
Корпорация репутациясының төмендеуі	1. Қоғамның негативті реакциясы, БАҚ-нда жауап/позитивті жарияланымдардың болмауы. 2. Тұтынушылардың шағымдары санының өсуі, оның ішінде төмен сервистік қызмет көрсетуден, сондай-ақ, компания қызметкерлерінің этика кодексін сақтамауынан туындаған шағымдар.			2017 жылы әлеуметтік желілерде және БАҚ-нда тұтынушыларға төмен қызмет көрсетумен, сондай-ақ, нысандардың жылумен қамту жүйесіне қосылуы уақытының сақталмауымен байланысты негативті ақпарат жарық көрді.	1. Энергиямен қамтушы ұйымдардың сервис орталықтарын қайта құру жұмыстары жүргізілді. 2. Тұтынушылар шағымдарын қарау кезінде сервисті жақсарту/жеделдету үшін шағымдарды қарау тәртібін регламенттейтін ішкі нормативті құжат әзірленді. 3. Баспасөз мәслихаттары өткізілді, БАҚ пен әлеуметтік желілерде ақпараттық-түсіндірме материалдары жарияланды.
Операциялық тәуекелдер					
Жарақаттану/қайғылы оқиға	1. Қызметкерлердің ҚЖЕҚ талаптарының бұзуы. 2. Өндірістегі апаттар. 3. Қызметкерлердің төмен біліктілігі.			2017 жыл қорытындысы бойынша 2016 жылмен салыстырғанда қайғылы оқиғалар саны төмендеді.	2017 жылы Корпорацияда еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы процесін басқаруды ұйымдастыру қателіктерін жою бойынша шаралар жоспары бекітілді.
Сатып алу, тауар, жұмыс және қызметтерді жеткізудің уақытылы жүргізілмеуі	1. Шарттар мен сатып алу бойынша тапсырыстарды мақұлдаудың ұзаққа созылуы. 2. Жеткізушілер алдындағы міндеттемелердің уақытылы орындалмауы. 3. Құжаттарды электронды мақұлдау процестерінің автоматтандырылмауы.			Сатып алу, тауар, жұмыс және қызметтерді жеткізудің уақытылы жүргізілмеуі, сондай-ақ, жыл ішіндегі сатып алу процедураларының тиісті деңгейде жүргізілмеуі жөндеу жұмыстарын орындаудың бекітілген жөндеу графигінен ауытқуына әкелді.	1. Тапсырыстан жеткізілімге дейінгі әрбір кезең бойынша жоспарлы мерзімдер көрсетілген сатып алудың жылдық жоспарын енгізу. 2. Сатып алу процесін жеделдету мақсатында сатып алу санатына қарай бәсекелестік парақтарын басшылықтың қарау тәртібі қайта қаралды.
Білікті/негізгі қызметкерлерді жоғалту	1. Орташа еңбекақының төмен деңгейі. 2. Өзге елдерге көші-қон. 3. Оқу орындарының энергетика саласына білікті кадрларды дайындау деңгейінің төмендігі және басқалар.			Тәуекелдің туындау ықтималдығы азайғанына қарамастан, қызметкерлерді басқару бойынша талданған мәліметтер еншілес ұйымдардағы тұрақсыздық коэффициентінің жоғары мәнін көрсетіп тұр.	Еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесіне (ЕТОЖ) көшу жолымен еңбекақы деңгейін көтеру, сондай-ақ, Корпорациядағы еңбекақының индексстеу.

ТӘУЕКЕЛ	ФАКТОРЛАР	ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙІ	ӨЗГЕРІС	ТӘУЕКЕЛ ӨЗГЕРІСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ	ТӘУЕКЕЛДІ ТӨМЕНДЕТУ ШАРАЛАРЫ
Жылу энергиясының нормативтен тыс шығындары	1. Жылу желілерінің жоғары тозу деңгейі. 2. Жылу магистральдеріндегі технологиялық ақаулар мен апаттар.			2017 жыл қорытындысы бойынша Корпорацияда жылу энергиясына нормативтен тыс шығындардың 2016 жылмен салыстырғанда төмендеуі байқалады.	«Нұрлы Жол» және ЕҚДБ инвестициялық бағдарламаларын жүзеге асыру аясында 2016-2020 жылдары Павлодар және Петропавл қалаларының жылу желілерін жаңғырту қарастырылған. Тиісінше 14 млрд теңге және 12 млрд теңге көлемінде қаржыландыру бекітілді. Инвестициялық жобаның негізгі мақсаты нормативтен тыс жылу шығындарын жою болып табылады.
Қаржылық тәуекелдер					
Дебиторлық қарыздың өсуі	1. Тұтынушылардың төмен төлем тәртібі. 2. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің төмендеуі.			2017 жылы Корпорацияның барлық еншілес ұйымдарында тұтынылған энергия төлемдерінің үлесі есептелген соманың 90%-ынан астам бөлігін құрады. Бұған қарамастан, кешіктірілген қарыздың көрсеткіші өте жоғары деңгейде сақталып отыр.	Шағымдану жұмыстары жүргізілуде. Қарызды бөліп төлеу графигі жасалуда. Кәсіпорындар мекен-жайларына қажеттілікке орай қызметкерлерінің коммуналдық қызмет ақысы бойынша кешіктірген қарызы туралы ақпарат жолданады.
Құқықтық тәуекелдер					
Қызметкерлер немесе үшінші тұлғалар тарапынан адал емес әрекеттері арқылы Корпорацияға нұқсан келтіруі.	1. Корпорация қызметкерлері немесе үшінші тұлғалардың алаяқтық не коррупциялық әрекеттер жасауы. 2. Жеке тәртіп пен мәдениеттің төмен деңгейі. 3. ҚР НҚА білмеушілік. 4. Құқықтық мәдениеттің төмен деңгейі.			Тәуекелдің пайда болу ықтималдығы бұрынғы деңгейде сақталды.	2017 жылы коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекет ету тиімді стратегиясын құру және енгізу мақсатында, сондай-ақ, Корпорацияның жұмысшылары мен басқару органдарында мұндай әрекеттерге негативті көзқарасты қалыптастыру үшін «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекет ету саясатын бекітті.



Тәуекелдерді басқару жұмыстарын Тәуекел менеджменті департаменті жүргізеді, ол Корпорацияның Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитетке есеп береді. Департаменттің жұмысы Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2017 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР	2018 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ЖҰМЫСТАР
«ОАЭК» АҚ коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекет ету бойынша саясатты әзірлеу	Коррупция мен алаяқтық тәуекелі бар бизнес-процестер тізімін жаңалау
«ОАЭК» АҚ негізгі қызметкерлеріне тәуекелдерді басқару саласында оқыту өткізу	
Корпорация тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру	Корпорация тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру
Бизнес-процестердегі ІБС ұйымдастыруының тиімділігін талдау және тестілеу:	Бизнес-процестердегі ІБС ұйымдастыруының тиімділігін талдау және тестілеу:
<ul style="list-style-type: none"> – Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы процесін басқару; – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау процесін басқару; – Табысты есептеу мен дебиторлармен есеп айырысу процесін басқару; – Тауарлы-материалдық қорларды есептеу; – Негізгі жабдықтар мен материалдық емес активтерді есептеу; – Ақпараттық технологиялар және қауіпсіздік; – Корпоративтік басқарудың негізгі принциптерін қалыптастыру мен енгізу. 	<ul style="list-style-type: none"> – Электр энергиясын тарату, тұтынуды есептеу және энергобақылау процесін басқару; – Жылу энергиясын тарату, тұтынуды есептеу және энергобақылау процесін басқару; – Қызметкерлерді басқару; – Қызметкерлермен есеп айырысуды есептеу; – Салықтарды есептеу.





CAERCO

Орталық-Азия
Электроэнергетикалық Корпорациясы

ТҰРАҚТЫ
ДАМУ

ЭНЕРГИЯ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Біз лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз етеміз, дуальді оқу жүйесін енгізуге және Қазақстанда кәсіби білім беруді насихаттауға үлес қосамыз, жергілікті қоғамдар мен әлеуметтік саланы қолдаймыз.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ

«ОАЭК» АҚ тұтынушылар, мемлекет, инвесторлар, қызметкерлер, іскери серіктестер мен қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілікті сезіне отырып, қызметті тұрақты жүргізу принциптерін ұстанады және бұл терминнің кең ауқымды түсінігінде қоршаған ортаға ықпал етуді кешенді басқаруды жүзеге асырады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ

Тұрақты даму жүйесінің маңызды элементі – мүдделі тараптармен жұмыс болып табылады. Өз қызметінің жоғары қоғамдық маңызына байланысты «ОАЭК» АҚ барлық мүдделі тараптармен өзара қызмет тиімділігін арттыру және кеңейту бағытындағы

кешенді шараларды жүзеге асырады. Бұл жұмыстар корпоративтік тәртіп принциптері – ашықтық, шынайылық және Корпорация қызметі туралы ақпараттың толықтығы, барлық мүдделі тараптар көзқарасын толық есепке алушылық, бұл көзқарастардың танылуына жедел жауап берушілікке сәйкес жүргізіледі.

КОРПОРАЦИЯ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН КЕЛЕСІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ДИАЛОГ ЖҮРГІЗЕДІ:

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК	ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ	ӨНДІРИСТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ	ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК
Қызметкерлер	Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)	Қызметкерлер	Акционерлер
Мемлекеттік билік органдары және қадағалаушы органдар	Мемлекеттік билік органдары және қадағалаушы органдар	Жеткізушілер, мердігерлер	Жергілікті қоғамдастықтар
Жергілікті қоғамдастықтар	Жергілікті қоғамдастықтар	Кәсіподақ	
Оқу орындары			

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ ПРОЦЕСТЕРІ

НЕГІЗГІ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР	ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ ПРОЦЕСІ	ҚОЗҒАЛАТЫН БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР
Қызметкерлер	Ішкікорпоративтік газет және интернет-сайттар арқылы жүргізіледі. Қызметкерлерге арналған электронды пошта жәшіктері және сенім телефондары жұмыс істейді. Компаниялар тобы басшылығының қызметкерлерді қабылдауы жүргізіледі. Еңбек келіспеушіліктері келісім комиссиясында жұмыс беруші және жұмысшы өкілдерінің қатысуымен шешіледі.	<ul style="list-style-type: none"> • Еңбек және денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; • Қызметкерлерді Корпорация қызметі туралы ақпараттандыру; • Кәсіби дамуға атсалысу. • Әлеуметтік көмек және қолдау; • Ұжымдық шартты орындау.

НЕГІЗГІ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР	ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ ПРОЦЕСІ	ҚОЗҒАЛАТЫН БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР
Жергілікті қоғамдастықтар, тұтынушылар	Корпорацияда тұтынушылар хабарламаларымен жұмыс жүйеленіп, кері байланыс жолға қойылған. Ол интернет-сайт пен электронды пошта арқылы жүзеге асырылады. Қоғамдық тыңдаулар, «дөңгелек үстелдер» және өзге де шаралар өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> • Тариф өтінімдерін қарау, оларды монополиялық реттеуші қызмет түрлеріне бекіту; • Инвестициялық бағдарламаны орындау; • Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтің сапа деңгейі, талаптардың орындалуына мониторинг.
Мемлекеттік билік органдары және бақылаушы органдар	Мемлекеттік және бақылаушы органдардың хаттары өңделеді: кейбіріне жауап берілсе, кейбірі ақпараттандыру сипатына ие. Топ компанияларының қызметкерлері салалық отырыстар мен жиналыстарға қатысады. Ресми делегациялардың кездесулері өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> • Қала мен өңірге негативті әсер етуді азайту; • Жылу беру маусымына дайындықты қамтамасыз ету; • Инвестициялық міндеттемелерді орындау; • Заңнамаларды сақтау, оның ішінде экология және қоршаған орта талаптарын сақтау мәселелері бойынша.
Жеткізушілер, мердігерлер, клиенттер	Тендерлер ұйымдастырылады және өткізіледі, мердігерлер мен клиенттермен кездесулер өткізіледі. Топ компанияларының сайттарында кері байланыс қамтамасыз етілген.	<ul style="list-style-type: none"> • Өзара тиімді әріптестікті қалыптастыру; • Тендер өткізуде ашықтықты қамтамасыз ету.
Оқу орындары	Қызмет ету өңірлеріндегі ЖОО өкілдерімен кездесулер өткізіледі. Топ компанияларының қызметкерлері емтихан комиссиялары, біліктілік комиссиялары, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу процестеріне қатысады.	<ul style="list-style-type: none"> • Кәсіпорынға қызметкерлер таңдау; • Түлектерді тәжірибеден өткізу және қызметке орналастыру.
Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)	Жыл сайын топ компаниялары пресс-тур, БАҚ-қа арналған брифинг, пресс-конференция, өткізіп, пресс-релиз таратады, ақпараттық сұрауларға жедел жауап беріледі.	<ul style="list-style-type: none"> • Әріптестікті қалыптастыру; • Активтерді жаңғырту мен жаңарту бойынша инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру туралы ақпараттандыру; • Экологиялық нормаларды орындау; • Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру.
Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)	ҮЕҰ өкілдері жыл ішінде өткізілген пресс-тур және қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырылды. Топ компаниялары қызметкерлері шағын және орта кәсіпкерлік өкілдерімен ашық кездесулерге қатысты. Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтамасыз етілген топтарға қолдау көрсететін ҮЕҰ жетекшілерімен, тұтынушыларды қорғау қоғамдары өкілдерімен кездесу өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> • Экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысу.
Кәсіподақ	Кәсіподақтармен өзара қызмет жұмыс барысында кездесулер ұйымдастырып, сұрауларды өңдеу арқылы жүргізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> • Ұжымдық келісімшартты орындау; • Қызметкерлердің бос уақытын және демалысын ұйымдастыруға атсалысу.
Акционерлер	Өзара әрекет акционерлердің жиналысын өткізу барысында жүзеге асады.	<ul style="list-style-type: none"> • Экономикалық тиімділік және қаржылық нәтижені өндіру; • Компаниялар тобы операциялық қызметінің барысында тұрақты даму принциптерін сақтау.

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

«ОАЭК» АҚ ақпараттық саясаты корпоративтік ақпаратты тарату процесін, мақсатты аудитория ішінде Корпорацияның бірыңғай бейнесін қабылдауды басқаруға мүмкіндік беретін әрекеттер, шаралар және регламенттер кешенін құрайды.



Саясат ішкі және сыртқы ақпараттық жұмыстардан құралады. Сыртқы жұмыс Корпорацияның қызметі туралы қоғамдық есеп, хабарлама жариялау, құжаттар және өзге материалдарды беру жолымен ақпараттандыруға негізделеді. Ішкі жұмыс барлық жұмысшылардың оның ағымдағы жағдайы туралы ақпараттандыруға, корпоративтік ниеттестік, түрлі жұмысшылар мен құрылымдық бөлімшелердің корпоративтік ақпаратқа қолжетімділігін регламенттеуге бағытталған.

Ақпаратты ашудың негізгі міндеттері:

- Акционерлер, инвесторлар, сондай-ақ, өзге мүдделі тараптардың Корпорацияның қаржылық-шаруашылық қызметіне ықпал ететін салмақты шешім қабылдауға немесе өзге әрекеттер жасауға қажетті ақпарат, сондай-ақ, Корпорация қызметін толығырақ түсінуге мүмкіндік беретін өзге ақпарат алу тұрғысындағы заңды құқықтарын сақтау мақсатында Корпорацияға қатысты барлық маңызды мәселелер бойынша уақытылы ақпарат беру;

- Корпорация туралы бұқаралық ақпараттың барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Корпорация мен акционерлер, инвесторлар, нарық қатысушылары, мемлекеттік органдар және өзге мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынастың ашықтық және сенімділік деңгейін арттыру;

- Корпорацияда корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- Корпорацияның оң имиджін қалыптастыру.

2017 жылы «ОАЭК» компаниялар тобы мүдделі тұлғаларды Корпорация және оның еншілес ұйымдарының корпоративтік сайттарын актуалдандыру, БАҚ және әлеуметтік желілерде ақпарат жариялау, сұрақтарға жауап беру, бұқаралық тыңдаулар, баспасөз турларын, «дөңгелек үстелдер» және өзге шаралар ұйымдастыру жолымен тұрақты түрде ақпараттандырып отырды.

2017 жылы Корпорацияда Еуропалық қайта құру және даму банкінің саясатына сәйкес Мүдделі тараптармен өзара қызмет жоспары (SEP) бойынша шаралар өткізілді. Жоспарды орындау қорытындысында Корпорацияның корпоративтік сайтында мүдделі тараптармен өзара қызметке бағытталған қызмет туралы ақпаратты қамтитын бұқаралық есеп жари-

яланды. 2017 жылы БАҚ және әлеуметтік желілерде компаниялар тобының қызметі туралы 3 мыңнан астам материал жарияланды, БАҚ қатысуымен 35 шара өткізілді, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «АЭУК» АҚ корпоративтік сайтына редизайн жасалды, корпоративтік басылымдардың 48 шығарылымы жарық көрді.

Есептік жылы «ОАЭК» АҚ қоғаммен байланыс қызметтері спорттық, демеушілік, мерейтойлық, мерекелік, қалалық шараларды әзірлеуге, өткізуге және ақпараттық қолдау көрсетуге қатысты. Сондай-ақ, Компаниялар тобы кәсіпорындары үшін брошюра, буклет және стендтер әзірлеп, шығарды.

2018 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

Ақпараттық саясатты жүзеге асыру аясында Корпорация қызметіндегі барлық маңызды деректер туралы ақпаратты уақытылы және тұрақты түрде ашып көрсетуге бағытталған жұмысты ары қарай жалғастыру көзделіп отыр. Оның ішінде:

- Ақтуалды тақырыптар бойынша тұтынушыларға ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүргізу;
- Компаниялар тобы ішінде коммуникациялық каналдарды дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- Сыртқы аудиториямен коммуникациялық каналдарды дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- ЕҰ-дарда қызметтер арасында ішкі оқыту/тәжірибе алмасуды дамыту.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУДІ БАСҚАРУ

Қоршаған ортаны қорғау (ҚОҚ), қызметтің табиғат қорғау және энерготімділік көрсеткіштерін тұрақты түрде жақсарту – «ОАЭК» АҚ негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі және қызмет тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды элементі болып табылады. Қоршаған ортаға (ҚО) ықпал етуді азайту мақсатында «ОАЭК» АҚ компаниялар тобы Корпорацияда 2016 жылы қабылданған Экологиялық саясатты жүзеге асырады.


«ОАЭК» АҚ компаниялар тобының еншілес ұйымдары ISO 14001 сериялы халықаралық экологиялық стандарттарға сәйкестік сертификаттарына ие және аталған стандарт талаптарына жауап беретін жұмыс тәсілдерін енгізуде. Өндірістік қызмет барысында «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдары қоршаған ортаға келесідей ықпал

етеді: атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарылуы, беткі су нысандарына қалдықтардың тасталуы және өндіріс қалдықтарының орналастырылуы. 2017 жылы «ОАЭК» АҚ компаниялар тобы энергия өндірісіне 6 459,7 мың тонна Екібастұз көмірін және 7,4 мың тонна мазут қолданды.

Басты экологиялық аспектерді басқару экологиялық көрсеткіштерді тұрақты түрде жүзеге асыру, қызметтің заңнамалық және корпоративтік қызметке сәйкестігін бағалау барысында жүзеге асырылады. Аталған экологиялық ықпалдарды бақылау, есептеу және талдауды қамтамасыз ету бойынша функциялар «ОАЭК» АҚ Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология департаментіне жүктелген.


Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет туралы ақпараттандыру Корпорация және оның еншілес ұйымдарының корпоративтік сайттарында ҚОҚ бойынша саясат пен регламенттерді, Тұрақты даму, экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік туралы есептерді жариялау арқылы жүзеге асырылады. Бұдан бөлек, еншілес ұйымдар мердігер ұйымдарды қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптар туралы

2011-2017 жж. ластаушы заттардың атмосфераға жалпы шығарылымы, мың тонна



● Күл ● SO_x ● NO_x ● Көмір шығыны, млн тонна

2011-2017 жж. ластаушы заттардың атмосфераға бөлшек шығарылымы, мг/МВт·с



● Күл ● SO_x ● NO_x ● Энергия өндірісі, млрд кВт·с

мұндай талаптарды шарттарға, техникалық тапсырмаларға және мердігерлерге қойылатын талаптарға қосу жолымен ақпараттандырады.

Инвестициялық бағдарлама аясында және Еуропалық қайта құру және даму банкінің саясаты мен Корпорацияның дамуына сәйкес, ЕҚДБ қаржыландыратын жобаларға қатысты ҚОҚ мәселелері бойынша Экологиялық және әлеуметтік әрекеттер жоспары (ESAP) жүзеге асырылады. ESAP аясында Корпорация жыл сайын бұқаралық есеп ұсынады.

Азия Даму Банкі (АДБ) қаржыландыратын «АЭҮК» АҚ электр тарату желілерін жаңғырту және кеңейту бағдарламасын жүзеге асыру аясында Корпорацияда АБД қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бағдарламалық мәлімдемесіне (2009 жыл, АДБ ҚҚБМ) және банктің өзге әлеуметтік саясаттарына сәйкес, Қоршаған және әлеуметтік ортаны басқару жүйесі (ҚЭОБЖ, ESMS) жүзеге асырылады. Оның аясында тұрақты түрде АДБ-не «АЭҮК» АҚ электр тарату желілерін жаңғырту және кеңейту бойынша жобаларына қатысты қоршаған және әлеуметтік орта, еңбекті қорғауды қамтамасыз ету және еңбек қауіпсіздігі жағдайына мониторинг туралы тұрақты есеп беріледі.

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ

Корпорация шығарылымдарын төмендетуге негізгі ықпал ескірген, энергетикалық және экологиялық тиімділігі төмен өндірістік нысандарды ҚОҚ саласы бойынша заманауи талаптарға жауап беретін жаңа қуаттылықтармен ауыстыру есебінен орын алады. Стансалардың барлық қазандықтарында күл аулағыш қондырғыларды (КАҚ) қайта құру көмір күлінің жалпы жылдық шығарылым көлемін 48 мың тоннадан жылына 14,4 мың тоннаға (70%) қысқартуға мүмкіндік берді.

2008 жылдың аяғы мен 2017 жыл аралығында «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарымен атмосфераға бөлінетін зиянды заттар көлемі 27%-ға (өзге шығарылымдарды қоса алғанда, 108,5 мың тоннадан 79,6 мың тоннаға дейін) төмендеді.

Есептік жылда 2016 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемінің төмендеуі байқалады (0,82%), соның нәтижесінде жылу және электр энергиясы өндірісімен байланысты ластаушы заттар шығарылымдарының төмендеуі орын алды. Газ пішіндес ластаушы заттардың (NOx және SOx) жалпы шығарылымы тиісінше 4,5% және 1,7%-ға төмендеп, NOx бойынша бөлшек шығарылымдар 3,77%-ға, SOx бойынша 0,94%-ға төмендеді. Қатты бөлшектер (көмір күлі) шығарылымдары бойынша жалпы 0,7%-ға, бөлшек бойынша 2%-ға арту байқалады.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЫҚПАЛ ЕТУДІ ТӨМЕНДЕТУ, ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

2017 жылы қоршаған ортаға ықпал ету деңгейін төмендетуге бағытталған келесі негізгі шаралар жүзеге асырылды:

- шығарылымдар көздерінен берілетін газдарда ластаушы заттарды тиімді тазалауды, жоюды, бейтараптандыруды, басуды, залалсыздандыруды қамтамасыз ететін қазандық агрегаттардың қызу беткі қабатын қалпына келтіру;
- шаң-газ тазалау құрылғыларын (тозған күл аулағыш құрылғыларды (КАҚ) жөндеу) және газ өткізгіштерін күрделі және ағымдағы жөндеу, КАҚ ПӘК-н жобалық 99,5% деңгейінде ұстау, аспирациялық құрылғыларды жөндеу және олардың жұмысының тиімділігін есептеу, қазандық агрегаттарды күрделі және ағымдағы жөндеу кезінде оттықтардың жылу оқшаулағышы мен қаптамасын жөндеу,
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ істен шыққан №3 күл үйіндісін рекультивациялау және №2 күл үйіндісінің бөлгіш бөгеттерін өсіру;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ жер қыртысын пайдалану (күл үйіндісін салу) үшін берілген карьерді рекультивациялау;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ЕЖЭО күл үйіндісінің 2-кезек құрылысы;
- істен шыққан шырақтарды энергоүнемді лампалармен және шырақтармен ауыстыру;
- электр желілік компаниялардың май толған қондырғыларын (трансформаторлар, ажыратқыштар) қоршаған орта тұрғысынан біршама қауіпсіз түрлеріне (элегазды, құрғақ және вакуумды) ауыстыру.

ПАРНИК ГАЗДАРЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМЫ (CO₂)

Корпорация парник газдары шығарылымдарын және озон бұзушы заттарды тұтынуды түгендеу жұмыстарын ұйымдастырды. Парник газдарына мониторинг жасау үшін қалыпты (тұрақты) өндірістік қызмет, арнаулы тәжірибе (іске қосу-жөндеу жұмыстары, процесті тоқтату және техникалық қызмет көрсету) және апаттық оқиғалар кезіндегі шығарылымдарды есептеуді қамтамасыз ететін есептік тәсіл қолданылды.

2016-2018 жылдары Павлодар, Екібастұз, Петропавл қалаларын жылумен қамту жүйесін қайта құру бойынша жобаны жүзеге асыру аясында энергияны пайдалану тиімділігін арттыру, шығындарды төмендету және экологиялық стандарттар

ды жақсарту (желілер арқылы жылу беру шығындарын азайтумен байланысты көмір шығынын үнемдеу есебінен CO₂ шығарылымдарын төмендету) күтілуде. Осылайша, 2016 жылы CO₂ жалпы шығарылымдарының төмендеу көлемі 2010 жылмен салыстырғанда 200,98 мың тоннаны құрап, бөлшек шығарылымдар бойынша 2010 жылғы деңгейден 3% жоғары болды.


Парник газдары шығарылымдарын төмендетудің қосымша ұйымдастырушылық құралы – өндіріс үлесін жаңа энергоблоклармен арттырумен және кәсіпорындарда ISO 50001 энергетикалық менеджмент жүйесі (энергоүнемдеу бойынша шаралар) стандартын енгізумен байланысты отынды пайда-

ланудың жалпы тиімділігін арттыру мен Энергоүнемдеу бағдарламасы болды. Екеуінің де мақсаты – өндіріс процестерінің энерготімділігін арттырумен қатар, парник газдары шығарылымдарын төмендету болып табылады. Аталған бағдарлама шараларын жүзеге асыру арқасында 2017 жылы парник газдары шығарылымдарын 585,522 мың тонна CO₂-ге төмендетуге қол жеткізілді.

Өндіріс көлемін төмендетуге байланысты парник газдары шығарылымдарының жалпы көлемі 2017 жылы 2016 жылмен (1%) салыстырғанда төмендеп, 9,735 млн тонна CO₂ құрады. Парник газдары шығарылымдарының бөлшек көрсеткіштері, сондай-ақ, 0,6%-ға төмендеген.



2011-2017 жж. CO₂ жалпы шығарылымы, млн тонна



2011-2017 жж өндірілген энергияның бірлігіне CO₂ бөлшек шығарылымы, тонна/МВт·с



ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ ШЫҒЫНДАРЫ

ҚОҚ саласындағы қызмет тиімділігін арттыру үшін Компаниялар тобы табиғат қорғау қызметін қаржыландыру көлемін өсіреді. Шығындардың жалпы сомасы 2017 жылы 2 940,572 млн теңгені құрады. Құрылыс және қайта құру бойынша жаңа жобалардың бәріне ҚОҚ мәселелеріне арналған «Қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау» (ҚОЫБ) жобасы әзір-

ленеді. Оның материалдары жергілікті қоғамдастықтар мен мүдделі топтардың назарына қоғамдық тыңдау түрінде жеткізіледі. Қазақстан Республикасы экологиялық стандарттарына сәйкестікті растау үшін барлық жобалар ҚОҚ саласы бойынша аймақтық бақылау органдарында мемлекеттік экологиялық сараптаудан өтеді.

ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ ШЫҒЫНДАРЫ, МЛН ТЕҢГЕ

№ P/C	ШЫҒЫНДАР АТАУЫ	ШЫҒЫНДАР СОМАСЫ, МЛН ТЕҢГЕ		
		2015	2016	2017
«ОАЭК» АҚ		8109,9	6 439,5	2940,572
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ				
1.	Инвестициялық шығындар	2 735, 8	958,5	848,396
2.	Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары	788	60,8	59,05
3.	Ағымдағы шығындар	1 152	837,5	603,674
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ				
1.	Инвестициялық шығындар	3 000	4 348,875	707,700
2.	Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары	131, 5	27,641	152,121
3.	Ағымдағы шығындар	292, 9	189,899	189,116
«АЭУК» АҚ				
1.	Инвестициялық шығындар	-	-	358,2
2.	Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары	-	-	-
3.	Ағымдағы шығындар	9,712	16,277	22,315

2017 жылы мемлекеттік өкілетті органдар тарапынан экологиялық заңнаманы және еншілес ұйымдардың табиғат қорғау қызметі саласындағы өзге нормативтік талаптарын бұзу деректері тіркелген жоқ. 2017 жылы «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі өңірлік органдар тарапынан тексерулер жүргізілген жоқ.

СУ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ СУ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ

Компаниялар тобы кәсіпорындарында ауыз сумен қамту, ағын су және коммуналдық-тұрмыстық кәріз

жүйелері бар. Шаруашылық-тұрмыстық, ауыз су, өрт қажеттіліктеріне су әкелу және су әкету жүйелері келісім бойынша қалалық су жүргізу және кәріз жүйелері есебінен орталықтандырылып жүргізіледі. Өндірістік сумен қамту жүйесі – айналымды.

2017 жылы компаниялар тобы сумен қамту мақсатында 810 167,761 мың м³ су қолданса, оның негізгі бөлігін айналымды сумен қамту жүйесінің суы құрайды. Есептік кезеңде су әкету көлемі 489,671 мың м³ құрады.

Көздерге бөлгендегі қолданылған судың жалпы саны, мың м³

КӨРСЕТКІШ	2015	2016	2017
Барлық қолданылған су,	540 137,6	543 598,7	810 167,8
оның ішінде:			
Беткі су нысандарынан	11 032, 3	13 463,0	157 469,7
Тұйық су қолдану жүйелерінен	504 231,9	505 669,3	628 906,8
Сыртқы жеткізушілерден	24 873,3	24 466,4	23 791,289

Ағын су әкету көлемі, мың м³

КӨРСЕТКІШ	2015	2016	2017
Пайда болған барлық ағын су	469,15	499,3	489,7
Сыртқы ұйымдарға әкетілді	469,15	499,3	461,5
Беткі су нысандарына әкетілді	0	0	28,2

2017 жылы жүзеге асырылған су қолдану және су өткізу саласындағы маңызды табиғат қорғау жұмыстарының ішінде келесілерді атап өтуге болады:

- өндірістік мақсаттағы айналымды сумен қамту жүйесін, қайта қолданылатын суды, су ресурстарының ластануы мен сарқылуын болдырмайтын жүйені жаңғырту;
- судың сандық-сапалық сипаттамаларына мониторинг (бекітілген кестеге сәйкес суға талдау жүргізілді);
- 2-ЖЭО және 3-ЖЭО техникалық және шаруашылық-ауыз су құбырларын, тиекті және реттеуші арматураларын жөндеу;
- Техникалық су құбырлары, өрт сөндіру құбырлары және ЕЖЭО жылу беру тиекті арматураларын ауыстыру және жөндеу.

Биоәртүрлілікке жылу-электр стансаларының гидротехникалық құрылғылары ерекше ықпал етеді – су алу орындарында гидробионттардың жаппай өлімі тәуекелі туындайды. Аталған тәуекелді төмендету мақсатында су қоршауларын балық қорғау құрылғыларымен жабдықтау және олардың өмір сүруін бақылау бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылуда, оның ішінде «Рубеж-45» маркалы үнемі қалқып тұратын бонды қоршауларды тазалау жүргізілді.

ӨНДІРІС ҚАЛДЫҚТАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Барлық қалдық көлемінің 99%-ын құрайтын күл-қож қалдықтары жазық типті арнайы жасақталған гидротехникалық құрылғы – күл үйінділерінде қоймаланады. «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында 2017 жылы қалыптасқан қалдықтардың жалпы көлемі 2 619,1 мың тоннаны құрады, оның ішінде күл-қож қалдықтары

2 607,8 мың тонна, өнеркәсіп және коммуналдық қалдықтар 11,3 мың тонна. Қалыптасқан күл-қож қалдықтары көлемінің 2016 жылмен салыстырғанда 7,8 мың тоннаға өсуі қалдықтардың жалпы құрылымындағы қауіптіліктің «жасыл» тізіміне жататын күл-қож қалдықтары үлесінің артуымен байланысты. 2017 жылы сыртқы ұйымдарға жерге көму немесе екінші қайтара пайдалану мақсатында берілген өнеркәсіп және коммуналдық қалдықтар санының 2016 жылмен салыстырғанда 3,1 мың тоннаға артуы Топ кәсіпорындарында қалыптасқан қалдықтар көлемінің артуымен байланысты.

2017 жылы атқарылған қалдықтармен жұмыс бойынша ең айтулы шаралар күл-қож үйінділері мен өзге қалдық орналастыру нысандарының өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздігін арттыруға бағытталған:

- 3-ЖЭО күл үйіндісінің 2-секциясы бөгеттерін күшейту («ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ);
- ЕЖЭО күл үйіндісінің 2-секциясын салу («ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ);

– 3-ЖЭО күл үйіндісінің 3-секциясын салу («ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ);

– №3 күл үйіндісін рекультивациялау («СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ);

– энергонисандарды қайта құру және салу барысында пайда болатын қалдықтарды қоймалау орындарын ұйымдастыру (алаңдарды жасақтау, контейнерлерді орнату).

Айта кету керек, күл үйінділерінің жаңа карталарын салу кезінде күл үйіндісінің табанында фильтрациялық экранға қарсы жаңаша технология – канадалық полисинтетикалық геомембрана қолданылды. Арнаулы пленка – геомембрананы қолдану су оқшаулануын 100% қамтамасыз етеді. Бұл – гидрокүлжою (ГКЖ) айналымды жүйесінің жарықтандырылған суының құрамында кездесетін химиялық құрамдас бөліктердің есебінен ластанатын жер қыртысы және жерасты суларды қорғауды қамтамасыз ететін сенімді және ұзақмерзімді фильтрацияға қарсы экран.

ҚАЛЫПТАСҚАН ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ЖАЛПЫ МАССАСЫ, МЫҢ ТОННА

КӨРСЕТКІШ	2015	2016	2017
Күл-қож қалдықтары	2 437	2 600	2 607,8
Қалдықтардың өзге түрлері	14,4	8,2	11,3

ҚАУІПТІЛІК ДЕҢГЕЙІНЕ БӨЛГЕНДЕГІ ҚАЛДЫҚТАР, МЫҢ ТОННА

КӨРСЕТКІШ	2015	2016	2017
Қалыптасқан қалдықтар:	2 452	2 608,2	2 619,1
Жасыл тізім	2 451	2 607,75	2 618,7
Янтарь тізім	1,20	0,45	0,38



Қолдану тәсіліне бөлгендегі қалдықтар, мың тонна

КӨРСЕТКІШ	2015	2016	2017
Қалыптасқан қалдықтар:	2 452	2 608,2	2 619,1
Оның ішінде күл-қож қалдықтары	2 437	2 600	2 607,8
Кәсіпорында қолданылған қалдықтар	1,9	0,45	5,02
Залалсыздандырылған қалдықтар	0,009	0,036	0,04
Сыртқы ұйымдарға берілген қалдықтар	12,7	8,1	6,27
Кәсіпорынның өзіндік нысандарында орналастырылған қалдықтар	2 424	2 600	2 607,8
Оның ішінде күл-қож қалдықтары	2 423	2 600	2 607,8

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ISO 14001 сериялы стандарттарға сәйкес әзірленген, сәтті жүзеге асырылып жатқан және сертификатталған экологиялық менеджмент жүйесінің болуы Корпорацияның бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне, акциялардың нарықтық бағасының артуына, сыртқы мүдделі тараптармен қарым-қатынаста оң имидж қалыптастыруға негіз болатын ҚОҚ саласындағы жүйелі, тиімді жұмыстың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Есептік кезеңде TÜV Rheinland Inter Cert компаниясы (тәуелсіз сараптама және сертификация саласының үздігі – «ОАЭК» АҚ еншілес кәсіпорындарының ISO 14001 (Экологиялық менеджмент жүйесі), ISO 9001 (Сапа менеджменті жүйесі), OHSAS 18001 (Кәсіби қауіпсіздік және денсаулық менеджментінің жүйесі), ISO/CD 50001 (Энергетикалық менеджмент жүйесі) халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке бақылау және қайта сертификаттау аудитін жүргізді. Нәтижесінде менеджменттің біріктірілген жүйесі (МБЖ) сертификаты беріліп, оның жұмыс қабілеттілігі, нәтижелілігі және жақсаруға бағытталғаны расталды.

«АЭҮК» АҚ 2017 жылы экологиялық менеджмент жүйесін енгізу бойынша консалтингтік қызмет көрсетуге келісімшарт жасасты және жыл ішінде ISO халықаралық стандарттары талаптарына сәйкес қажетті нормативті құжаттаманы әзірлеуді жүзеге асырды. «АЭҮК» АҚ 2018 жылы ISO 9001, 14001, 18001 және 50001 халықаралық стандарттары бойынша сертификат алуға ниетті. Одан әрі Корпорацияның өзге еншілес ұйымдарымен қатар ISO халықаралық стандарттар талаптары бойынша міндеттемелерді орындап, жыл сайын бұрын алынған сертификаттардың әрекетін растап, ұзартады.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІН ҚОҒАМДЫҚ БАҒАЛАУ

ҚР экологиялық талаптарына сәйкес болу мақсатында 2017 жылы «ОАЭК» АҚ компаниялар тобының еншілес ұйымдары жергілікті атқарушы органдар мен қоғам өкілдерінің («СҚО бойынша энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» МБ, «ҚРЭК СҚО және ҚР ЭМ ГИНК бойынша Экология департаменті» РМБ, «Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы басқармасы» МБ, «ҚР ЭМ ҚРЭК Павлодар облысы бойынша Экология департаменті» РМБ қоршаған ортаны қорғау саласындағы өкілетті орган аумақтық бөлімшелері, «Павлодар облысы жер қыртысын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» МБ, «Астана қаласы Табиғи ресурстар және табиғатты қолдануды реттеу басқармасы» МБ) қатысуымен келесі экологиялық жобалар бойынша 7 қоғамдық тыңдау өткізді:

- 1) «Петропавл 2-ЖЭО-нда жылу қуатын беру сызбасын қайта құру» жұмыс жобасы бойынша «Қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау» жобасы;
- 2) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО күл үйіндісінің №3 секциясының бөгеттерін ұлғайту» жобасы бойынша «Қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау» жобасы;
- 3) Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданындағы «Рощинка» кен орнының саздақтарын өнеркәсіптік әзірлеу жобасы бойынша «Қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау» жобасы (III деңгей);
- 4) «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО күл үйіндісінің 3-кезек құрылысы» жобасы бойынша Қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау бөлімі;

5) «Павлодар қаласы №1 Усольск шағын ауданындағы 3 қабатты қосалқы ғимараты бар тұрғын кешені» жобасы бойынша Қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау бөлімі;

6) «Бета» учаскесінде топырақты іздеу-бағалау жұмыстары» жобасы бойынша Қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау бөлімі;

7) Астана қаласы екі шынжырлы ВЛ-110 кВ «2-АЖЭО – Промзона – Городская» II пускті кешен «Промзона - Городская» салу жобасы бойынша Қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау бөлімі

дау, әлемдік экологиялық стандарттарға сәйкестікті растау жоспарланып отыр.

2018 жылы «ОАЭК» АҚ табиғат қорғау қызметінің жағдайына объективті бағалау жүргізу, экологиялық тиімділікті одар әрі жақсарту және ластанумен күрес мүмкіндіктерін айқындау мақсатында қолжетімді үздік технологиялармен бағалауды қоса алғанда, алғашқы рет өзінің өндіріс нысандарына тәуелсіз экологиялық аудит жүргізуге ниетті. Аудит нәтижелері негізінде Корпорация өз кәсіпорындарында қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларды төмендету және экологиялық тиімділікті арттыру бойынша ұзақмерзімді жұмыс жоспарын әзірлемек.

Қоғамдық тыңдаулардың негізгі міндеті жоғарыда аталған жобаларды жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаға ықпал етуді бағалауды анықтау, қоршаған және әлеуметтік-экономикалық ортаға болуы мүмкін салдарларды бағалау, қайта құру және құрылыс бойынша жұмыстар жүргізу кезінде қоршаған ортаға бөлінетін эмиссия нормативтерін әзірлеу болып табылады. Қоршаған ортаға ықпал ету көздері, жұмыс жүргізу кезінде ластаушы заттар шығарылуының көлемі, өндіріс қалдықтарының қалыптасу көлемі тереңірек қарастырылды. Тыңдауға қатысушылар талқысына барлық жоспарланған жұмыстарды жүргізу кезінде қоршаған ортаға негативті ықпал ету төмендетілетін қоршаған ортаны қорғау бойынша бірқатар шаралар ұсынылды.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы БАҚ-та хабарландыру беру «Северный Казахстан», «Солтүстік Қазақстан», «Звезда Прииртышья», «Сарыарқа Самалы», «Вечерняя Астана» басылымдарында, сондай-ақ, «Солтүстік қазақстан облысы бойынша энергетика және тұрғын үй-коммуналдық басқармасы» МБ интернет-ресурсында, «Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» МБ интернет-ресурсында, «Павлодар облысы жер қыртысын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» МБ интернет-ресурсында, «Астана қаласы Табиғи ресурстар және табиғатты қолдануды реттеу басқармасы» МБ интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде хабарландыру беру арқылы жүзеге асырылды.

2018 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

2018 жылы «ОАЭК» АҚ-ның қоршаған ортаға негативті ықпал етуді төмендетуге бағытталған экологиялық қызметі жалғасатын болады. Инвестициялық бағдарлама аясында өндіріс нысандарын одан әрі жаңғырту, табиғат қорғау шаралары жоспарын орын-

КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ

«ОАЭК» АҚ қызметкерлерді басқару саясаты Корпорацияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және қамтамасыз етуге бағытталған қызметкерлермен өзара жұмыс жүйесі болып табылады.

«ОАЭК» АҚ қызметкерлерді басқару саясатының мақсаты – қызметкерлер мүмкіндігін толық ашудың барлық мүмкіндіктерін беретін тиімді корпоративтік басқару жүйесі бар компания құру. Корпорация қызметкерлерді басқару саласындағы саясатын түрлі деңгейдегі кәсіби қызметкерлерді тарту, жоғары кәсіби қызметкерлерді ұстап қалу, қызметкерлерді үздіксіз кәсіби оқыту және дамыту, жас қызметкерлердің кәсіби өсуіне мүмкіндіктер беру, кадрлық резервті құру және дарындарды басқару жолымен бекемдеу болып табылады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ


Корпорация қызметкерлерінің сандық құрамы 2017 жылдың 31 желтоқсаны бойынша 10 603 адамды құрады. Сандық құрамның 2016 жылмен салыстырғанда сәл ғана 0,6%-ға артуы «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдары құрылымдарына жоспарлы түрде жаңа бөлімшелер енгізіп, штаттық бірлікті толтырумен байланысты.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНАТЫ МЕН ЖЫНЫСТЫҚ ҚҰРАМЫ

Корпорация қызметкерлерінің жынысы бойынша құрылымының ара қатынасы ерлердің 61,2% жоғары үлесімен сипатталады. Өндіріс қызметкерлері негізінен «жұмысшылар» санатынан тұрады, оның 73,0% пайызын ерлер құрайды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНАТЫ	БАРЛЫҒЫ		ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ:			
			ЕРЛЕР		ӘЙЕЛДЕР	
	АДАМ	%	АДАМ	%	АДАМ	%
Саны	10 603	100,0	6 494	61,2	4 109	38,8
Басшылар	1 511	14,3	1 140	75,5	371	24,5
Мамандар/қызметкерлер	3 148	29,7	1 012	32,2	2 136	67,8
Жұмысшылар	5 944	56,0	4 342	73,0	1 602	27,0

Сандық құрамның өзгеру динамикасы, адам



«ОАЭК» АҚ кәсіпорындары бойынша 2017 жылы сандық құрамның бөлінісі


КОМПАНИЯЛАР АТАУЫ	ЖҰМЫСШЫЛАР САНЫ
«ОАЭК» АҚ	94
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ	5 189
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	2 576
«АЭУК» АҚ	2 100
«АСТАНАЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС	644
Барлығы:	10 603

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАСЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ

Корпорация қызметкерлерінің жас құрамы кәсіби еңбек өнімділігі жоғары қызметкерлер үлесінің жоғары деңгейімен сипатталады. 40 жасқа дейінгі қызметкерлер саны барлық қызметкерлердің 53,8%-ын құрайды. 2017 жылы 60 жастан жоғары жас санатына жататын қызметкерлердің үлесі 2016

жылмен салыстырғанда 0,9%-ға артқаны байқалды. Бұл көрсеткіштерді назарға ала отырып, Компания кәсіби білім мен біліктілікті беру және ізбасарлықты қамтамасыз ету мақсатында жас мамандар мен тәжірибелі, жоғары білікті қызметкерлердің оңтайлы қатынасына қол жеткізу үшін қызметкерлер құрамын бірте-бірте жасарту бағытындағы шараларды жүргізеді.

Жұмысшылардың жас құрамы



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІМ БОЙЫНША ҚҰРАМЫ

Корпорацияда 2015–2017 жылдары техникалық/кәсіби білімі бар өндірістік қызметкерлер үлесінің өсу және жалпы орта білімі бар қызметкерлердің азаю тенденциясы байқалады. 2017 жылы сырттай оқу формасында 65 қызметкер жоғары білім алса, оның ішінде 44 қызметкер – кәсіпорын саласы бойынша білім алды, ал 51 қызметкер сырттай техникалық/кәсіби білім алса, оның ішінде 40 қызметкер – кәсіпорын саласы бойынша білім алды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Корпорацияның оқыту және дамыту жүйесі келесі бағыттарды қарастырады:


- Міндетті, нормативті оқыту;
- Басқарушылық компетенцияларды дамыту;

- Кәсіби компетенцияларды дамыту.

Қызмет тиімділігін арттырып, қауіпсіз еңбек жағдайларын орнату үшін Корпорация кәсіпорындарында корпоративтік форматта және жеке даму жоспары бойынша оқытулар жүргізіледі.

2017 жылы барлық қызметкерлердің 77,5%-ын құрайтын 8 215 адам оқытудан өтсе, оның ішінде 54,9% құрайтын 6 022 өндіріс саласының адамы міндетті оқудан өтті. Корпорацияның оқу орталықтарында 2017 жылы оқыған қызметкерлер саны – 3 694 адам, олар барлық қызметкерлердің 34,8%-ын құрайды. Корпорация қызметкерлерінің кәсіби профилін кеңейту мақсатында қосып атқарушылық (аралас) мамандықтарға 722 адам оқытылды.

2017 жылы «PROFENERGY» жобасы аясында Негізгі қызметкерлерді дамыту бағдарламасын жүзеге



асыру жалғасты. Осылайша, басқарушылық компетенцияларды дамыту мақсатында «ОАЭК» АҚ-ның еншілес ұйымдарында барлық басқару сатылары басшылары ішінде 250 жұмысшы корпоративтік оқуға қатысты. Жоғарғы және орта саты басшыларының кәсіби компетенцияларын көтеру мақсатында келесі бағыттар бойынша 76 жұмысшы корпоративтік форматтағы оқуға қатысты: «Капиталды

құрылыстағы жобаларды басқару», «Үнемді өндіріс», «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау». Сондай-ақ, есептік жылы Корпорацияның 30 жұмысшысына сыртқы тренерлер мен кәсіпорын жұмысшылары арасынан тренерлер шақырылып, корпоративтік форматта келесі басқару функциялары бойынша ішкі оқыту жүргізілді: сатып алулар, қаржылық есептілік стандарттары.

АТАУЫ	2015	2016	2017
Дайындықтан, қайта даярлаудан және біліктілік көтеруден өткен қызметкерлер саны, оның ішінде:	8 061	7 953	8 215
Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, техникалық пайдалану ережелері (алғашқы оқыту, біліктілікті растау, аттестация/қайта аттестация), басшыларға арналған курстар	6 318	5 786	6 022
ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18000 сапа менеджменті жүйесі бойынша оқытулар (қоршаған ортаны қорғау, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелерін қоса алғанда)	16	52	157
Аралас мамандықтарды оқыту	603	652	722
АҚ және ТЖ бойынша оқыту	21	32	7
Өзге (біліктілікті арттыру, семинарлар, тренингтер және т.б.)	1 103	1 431	1 307


ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ

2017 жылы Корпорация бойынша 2016 жылмен салыстырғанда қызметкерлердің тұрақсыздығының 2,9%-ға артқаны байқалды. Холдинг бойынша қызметкерлердің тұрақсыздығының басты себептері еңбекақы көлеміне қанағаттанбаушылық және Қазақстан іші (қала/ауыл) мен Қазақстаннан тыс аумаққа (РФ қоса алғанда ТМД елдері) көші-қон болып табылады.

2017 жылы тұрақсыздық коэффициентін төмендету үшін келесі шараларды жүзеге асыру жалғастырылды:

- Еңбекті төлеу қоры резервтерін анықтап, босаған қаржыны еңбекақыны көтеруге бағыттау;
- Тәлімгерлік институтын дамыту және жас мамандарды қолдау жүйесі;
- Қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру;
- Ұжымдық келісімшарттарға сәйкес, әлеуметтік кепілдіктер жағдайларын жақсарту.

Білім деңгейінің динамикасы



КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ

«ОАЭК» АҚ барлық компанияларында кәсіподақ ұйымдары қызмет етеді, сондай-ақ, жұмысшылар мен олардың отбасыларына әлеуметтік жеңілдіктер пен кепілдіктер қарастырылған Ұжымдық келісім-шарттар жасалған.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» кәсіпорындар тобында Бірыңғай ұжымдық шарт 2016-2019 жылдарға қабылданған. 2017 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» топ кәсіпорындарында Бірыңғай ұжымдық шартқа өзгерістер енгізу бойынша еңбек ұжымдарынан түскен ұсыныстарға талдау жүргізілді. 2018-2020 жылдарға арналған шарт жобасы оның тараптарының мақұлдауына ұсынылған болатын.

«АЭҮК» топ кәсіпорындарында Ұжымдық шартты жаңа мерзімге қайта қабылдау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

АТАУЫ	2015	2016	2017
Кәсіподаққа мүше қызметкерлер саны	6 937	6 601	6 020
Барлық қызметкерлер ішіндегі үлесі, %	63	63	57

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ, КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

«ОАЭК» АҚ әлеуметтік саясаты жұмысшылармен және олардың өкілдері – кәсіподақ ұйымдарымен анықталады және Корпорация еншілес ұйымдарының қаржылық мүмкіндіктері есебінен қамтамасыз етіледі.

Зейнеткерлермен әлеуметтік жұмыс үшін ұжымдық келісім-шарттармен Корпорацияның барлық кәсіпорындарында жұмыс істейтін Ардагерлер кеңесіне ақшалай қаражат бөлу қарастырылған. Жыл сайын ҰОС ардагерлерін және еңбек ардагерлерін жұмыс істемейтін зейнеткерлерге материалдық көмек көрсету арқылы қолдау шаралары өтеді. Ардагерлерге үйлерінде патронаждық көмек көрсетіліп, 9 мамырға орай, концерттік бағдарламалар мен мерекелік түскі астар ұйымдастырылады.

«АЭҮК» АҚ топ кәсіпорындарында қызметкерлерді әлеуметтік қолдау мақсатында жыл сайын компания әлеуметтік пакетінің аясында қызметкерлерді ерікті медициналық сақтандыру өткізіледі. Сақтандыру бағдарламалары компания қызметкерлеріне қатысу аймақтарында, Астана қаласында амбулаторлы-поликлиникалық және стационарлық

Ұжымдық келісімшартты жасауда экономикалық мақсаттылық, жетімділік, бірлескен жауапкершілік пен айқындылық принциптері басшылыққа алынған.

Әлеуметтік серіктестік аясында кәсіпорындар мен кәсіподақ ұйымдарының қатысуымен жыл сайын келесі шаралар өткізіледі:

- Спорттық-сауықтыру шаралары;
- Демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру, мәдени-бұқаралық шаралар;
- Мерейтойлық және мерекелік даталарға демалу үшін көрсету;
- Қайырымдылық қолдау.

жағдайда білікті медициналық көмек алуға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, шалғайдағы ауыл тұрғындары үшін аса тиімді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ жыл сайын ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі ҚР Энергетика министрлігімен, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен, ҚР Кәсіподақтар федерациясымен бірлесіп өткізетін «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі байқауына қатысты. 2017 жылы байқау «Парыз – сәтті 10 жыл» ұранымен өткізілді. Байқау жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту үшін өзінің қоғам алдындағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруына және көтеруіне бағытталған. Өңірлік кезеңде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ «Үздік әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпорын» аталымы бойынша екінші орынды иеленді. «СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобының 11 қызметкері Еңбек күнін мерекелеуге арналған «Еңбек жолы» облыстық байқауына қатысты. Өңірлік кезеңде байқаудың «Үздік еңбек әулеті» аталымының жеңімпаздары 2-ПЖЭО өкілдері (Зозуля және Нұрымовтар әулеттері тиісінше 1, 2 орындар) болды, «Петропавл жылу желілері» ЖШС өкілі Дүйсенбаев Д.Н. «Өндірістің үздік жас жұмысшысы» аталымында 2 орынды иеленсе, «Солтүстік Қазақстан электр



МАҚСАТТАР	ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТ
Қызметкерді ұзақмерзімдік қызметке ынталандыру	5% көлемдегі қосымша кәсіби зейнетақы жарналары. Кәсіби жарыс үшін сыйақы. Мерейтойлық және мерекелік даталарға орай сыйақылар.
Тиімді өтемақы және жеңілдік жүйесі	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындарына өтемақы, жатақхана, баспана жалдау бойынша жеңілдіктер. Жұмысшыларды жұмысқа және жұмыстан үйіне жеткізуге автотранспорт қызметтері. Пеш арқылы жылытылатын үйлерде тұратын қызметкерлерге көмірді өзіндік құны бойынша беру. 15 жасқа дейінгі балаларға лагерьге жолдама беру. Балаларға жаңа жылдық сыйлықтар.
Қызметкерлердің еңбек қабілеті мен денсаулығын қолдау	Өндірістегі қайғылы оқиғалар мен аурулардан сақтандыру. Міндетті медициналық сақтандыру. Санаторий-профилактикалық ем алу шығындарын өтеу.
Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	Бала дүниеге келгенде материалдық көмек. Ақы төленетін оқу демалысы. Зейнетке шыққанда сыйақы беру. Компания ардагерлерін қолдау бағдарламасы. Жерлеу қызметтеріне материалдық көмек.
Спорттық-сауықтыру шаралары	Спорттық жарыстар қатысушыларының тамақтану шығындарын өтеу. Мәдени-бұқаралық шаралар мен ұжымдық демалысты өткізу шығындарын өтеу.

желілік тарату компаниясы» АҚ өкілі Чекунов А.Е. «Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері» аталымында 2-орын алды. Бірінші орынды иеленген Зозуля әулетінің өкілдері Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрінің қатысуымен Астана қаласында 2017 жылғы қарашада өткен «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» республикалық форумына қатысты.

СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫ

Корпорация кәсіпорындарында салауатты өмір салтын насихаттау және дамыту мақсатында келесі шаралар өткізіледі:

- спорттық-сауықтыру кешендеріне абонементтер беру;
- белсенді бос уақытты ұйымдастыру;
- ұжымдық дәстүрлерді қалыптастыру;
- жыл сайын спартакиада, кәсіби жарыстар өткізу.

«ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарының қызметкерлері кәсіпорын деңгейінде, облыстық, өңірлік және халықаралық деңгейде өткізілетін спорттық және сауықтыру шараларына белсенді қатысады. Кәсіпорын ішінде спорттық сайыстар өткізу тәжірибесі командалардың сыртқы жарыстарда жүлделі орындарды иеленуіне мүмкіндік береді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобы қызметкерлері арасында жыл сайын спорттың 14 түрі бойынша жарыстар, спартакиадалар және туристік слеттер ұйымдастырылады. Жалпы алғанда жарыстарға 293 қызметкер қатысты. 2017 жылы 25 жұмысшыдан құралған «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ құрамасы «Қызылжар» бірінші қалалық спартакиадасына қатысып, Петропавл қаласының 17 командасы ішінде 6 орынды иеленді.

ҚР тәуелсіздігі күні қарсаңында «АЭҰК» АҚ-нда келесі төрт спорт түрі бойынша жыл сайынғы спартакиада өтті: волейбол, шахмат, үстел теннисі және армреслинг. Жарысқа компанияның құрама командалары қатысты. Барлық жарыс қатысушылары саны – 50 адам. Ақмола ауданаралық электр желілері командасы спорттың барлық түрінде де үздік болды.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» топ кәсіпорындарында Энергетик күнін мерекелеуге орай дәстүрлі түрде отбасылық эстафета ұйымдастырылады. 2017 жылы эстафетаға қызметкерлер мен олардың отбасыларынан құралған 8 команда қатысты.

Спорттық-сауықтыру шараларының қатысушылары құр қол қайтпайды, жеңімпаздар кәсіпорынның бағалы сыйлықтарымен марапатталса, орын алған оқиғалар ақпараттық корпоративтік құралдарда кеңінен насихатталады.



2018 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

2018 жылы Корпорацияның кәсіби кадрлық құрамын тартуға және дамытуға бағытталған қызметкерлерді басқару саясатын жүзеге асыру жалғасын тапты. Бұл бағыт аясында жас мамандарды қолдау мақсатындағы шаралар атқарылып, тиімділіктің негізгі көрсеткіштері мен профильді автоматтандырылған процестерді енгізу бойынша жобалар жүзеге асырылады.

Оның ішінде келесі шараларды атқару жоспарланған:

- Жас мамандарды қолдау және қызметкерлердің білім деңгейін арттыру, тәлімгерлік институтын дамыту, негізгі қызметкерлер мен аса қат мамандықтарды дамытуға бағытталған «PROFENERGY» бағдарламасы аясындағы шараларды ары қарай жүзеге асыру;
- Корпорацияның стратегиялық және оперативті мақсаттарына қол жеткізу бойынша негізгі көрсеткіштерді әзірлеу және енгізу;
- Корпорация қызметкерлеріне арналған әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктердің бірыңғай тізімін бірдейлендіру және әзірлеу;
- «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдары өндірістік процесі жұмысшыларының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бойынша бағдарламаларды олар әрі жүзеге асыру;
- Кадрлық есеп, қызметкерлер мен еңбек экономикасын бағалау бағыттары бойынша автоматтандырылған процестерді дамыту және енгізу.

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР ЖӘНЕ ОРЫНДАЛҒАН ШАРАЛАР

2017 жылы 2016-2017 жылдарға арналған қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша шаралар жоспарына сәйкес келесі шаралар жүзеге асырылды:

- «Өндірістік алаңдар мен нысандарда транспорт пен жаяу жүргіншілердің өзара әрекеті кезіндегі қауіпсіздік талаптары» қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша стандарты бекітіліп, қолданысқа енді;
- биіктікте жұмыс атқару кезінде бірыңғай процедуралар құру мақсатында «Биіктіктегі жұмыс» қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша стандарты әзірленді;

– әкімшілік қызметкерлер арасында қайғылы оқиғалардың алдын алу бойынша айтарлықтай жұмыс жүргізілді;

– Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күні қарсаңында қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелерін насихаттауға бағытталған шаралар өткізілді. Ірі шаралар қатарында «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындары арасында өткен «Өндірістегі және тұрмыстағы қауіпсіздік» тақырыбындағы жас мамандар байқауын атауға болады. Сондай-ақ, «Менің ата-анам қауіпсіз жұмыс істейді» тақырыбында балалар суреттері байқауы өткізілді. Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күні аясында «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарында қызметкерлермен кездесулер және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау бойынша жиналыстар өткізілді;

– энергетикалық және технологиялық қондырғыларды пайдалану кезінде оқиғалар мен жарақаттану жағдайларының алдын алуға бағытталған қауіпсіздік және еңбекті қорғау өзара аудиттерін өткізу тәжірибесі жалғасуда. Өзара аудит барысында анықталған үздік тәжірибелерді қолдану Корпорацияның еншілес ұйымдарында жалпы жағдайды жақсартуға мүмкіндік берді. 2017 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «АЭҰК» АҚ кәсіпорындарында 2 өзара аудит жүргізілді;

– 2017 жылғы тамызда және қыркүйекте акционерлердің бастамасымен «ОАЭК» АҚ ЕҰ бірінші басшылары және қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметтерінің басшылары оқыту курсынан өтіп, халықаралық IOSH бағдарламасы (жұмысты қауіпсіз ұйымдастыру) бойынша білімдерін тексерді. Оқудың барлық қатысушылары қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша IOSH Британ сертификатын иеленді;

– «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарының кәсіпорындарында ғимараттарға ауқымды жөндеу жұмыстары жүргізілді;

– «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО-нда кенеттен жүрек тоқтаған жағдайда жарақат иесіне алғашқы көмекті тиімді және уақытылы көрсету (жедел жәрдем қызметі келгенге дейін) үшін автоматты сыртқы дефибрилятор алынды;

– Арнаулы киім мен қорғаныс заттарына талаптарды регламенттейтін «ОАЭК» АҚ «Арнаулы киім альбомы» қайта қаралды. Альбомда арнаулы киім мен қорғаныс заттарының сапасына қойылатын қатал талаптар жазылған.

Корпорацияда Еуропалық қайта құру және даму данкінің саясатына сәйкес Экологиялық және әлеуметтік әрекеттер жоспары (ESAP) жүзеге асырылған. ESAP аясында «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында қа-

уіпсіздік және еңбекті қорғауды жетілдіру бойынша жобалар туралы ақпаратты қамтитын бұқаралық есеп ұсынылған.

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕР

Әрбір еншілес ұйымда Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңестері құрылған. Кеңесті кәсіпорын жұмысшылары ішінен таңдалатын төраға басқарады. Кеңес құрамына жұмыс беруші өкілдері, техникалық еңбек инспекторларын қоса алғанда кәсіподақ ұйымының өкілдері кіреді.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңесі келесі функцияларды орындайды:

- өндірістік жарақаттану мен кәсіби ауру себептерін, еңбекті қорғау шарттары бойынша өткізілетін шаралар тиімділігіне талдауды, ұйымның нақты еңбекті қорғау жағдайы туралы ақпараттық-талдамалы материалдарды зерттейді;
- еңбек шарттары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелерін талдайды, құрылымдық бөлімшелер мен жалпы ұйымды өндірістік нысандардағы тұрақты жұмыс орындарын еңбекті қорғау талаптарына сәйкестікке келтіруге дайындауға қатысады;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында анықталған қателіктерді жою бойынша, қауіпсіз еңбек жағдайларын құру бойынша, ұйымда еңбек қызметі процесінде жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған бағдар-

ламалар, ұсыныстар, шешімдер және басқаларды әзірлеу бойынша ұсыныстарды қарастырады;

- еңбекті қорғау бойынша жұмысшыларға уақытылы және сапалы инструктаж өткізуге, сондай-ақ, қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында білім тексеруге, жұмысшылар, кәсіподақ активін еңбекті қорғау саласындағы заңнама мәселелері бойынша тұрақты оқыту және білім деңгейін көтеруге көмектеседі;
- қауіпсіз еңбек жағдайларын құру, ауыр физикалық жұмысты жою мақсатында өндіріске заманауи технологиялар мен жаңа техниканы енгізу бойынша ұсыныстар береді;
- ұйым жұмысшыларын жағдайды жақсарту және еңбекті қорғау бойынша өткізілетін шаралар туралы, өндірістік жарақат пен кәсіби аурулардың профилактикасы туралы, сертификатталған арнаулы киіммен, арнаулы аяқ киіммен және өзге жеке қорғаныс заттарымен қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы нормативтер туралы және оларды дұрыс қолдану жайында ақпараттандырады;
- ұйымда еңбекті қорғау бойынша шараларды қаржыландыру, өндірісте қайғылы оқиғалардан және кәсіби аурулардан міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелерін қарауға, еңбекті қорғау жағдайларын жақсартуға бағытталған ұйымның заттар шығынын бақылауды жүзеге асыруға қатысады.

Әрбір еншілес ұйымда еңбекті қорғау бойынша техникалық инспектор жұмыс істейді. Өз қызметінде

еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлар бөлімшелер басшыларымен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметімен, пайдалану жөніндегі инспекциямен, өнеркәсіптік қауіпсіздік нысандарын қадағалау жөніндегі инспекциямен, сондай-ақ, мемлекеттік еңбек, мемлекеттік қадағалау және бақылау инспекторларымен өзара қызмет етеді.

Еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлардың негізі функциялары:

- жұмысшылардың құқықтары мен көзқарастарын қорғау;
- ұжымдық шарттың «Еңбекті қорғау» бөліміне, сондай-ақ, кешенді мақсатты бағдарламаларға және органдар тарапынан әзірленетін еңбекті қорғауды жетілдірудің бірінші кезектегі шаралар жоспарын әзірлеуге және ұсыныстар енгізуге қатысу;
- жұмыс орындарына еңбекті қорғау талаптарын сақтауды бақылауды жүзеге асыру;
- кәсіподақ мүшелерінің көзқарастарын мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарда, еңбекті қорғауға қатысты Еңбек кодексін қолданумен байланысты еңбек дауларын қарау кезінде түрлі инстанцияның соттарында қорғау.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ДЕҢГЕЙЛЕРІ

2017 жылы Компаниялар тобы бойынша жарақаттану деңгейі 2016 жылмен салыстырғанда **30%-ға** төмендеді.

Есептік жылы Корпорацияның еншілес ұйымдары кәсіпорындарында 7 қайғылы оқиға орын алды. Бұл есепте алғашқы рет жеңіл ауырлықты оқиға көрсетіліп отыр. Корпорация өндірістік жарақаттануды азайтуға ұмтылады және жұмыс орындарындағы қауіпсіздік жағдайына үлкен көңіл бөледі.

Оқиға түрлері бойынша қайғылы жағдайлар санаттары:

- электр тоғымен жарақаттану;
- жарақаттанушының құлауы
- жарақаттанушының биіктен құлауы.

Қайғылы оқиғалардың себептері:

- жарақаттанушының өрескел байқамаушылығы;
- жұмыстың қанағаттанусыз ұйымдастырылуы;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық талаптарын сақтамау.


Корпорациядағы өндірістік жарақаттанудың деңгейі мен коэффициенті төмендегі кесте мен диаграммаларда берілген.

КЕСТЕ. ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУ ДЕҢГЕЙІ

	2015	2016	2017
Қызметкерлер саны	10 938	10 540	10 549
Жарақаттану оқиғаларының саны	10	10	7
Жарақаттанғандар саны / олардың ішінде әйелдер	10/1	7/3	7/0
Өліммен аяқталған жағдайлар саны	0	1	0



Өндірістегі барлық жарақаттану жағдайларының (TIFR - Total Incident Frequency Rate) мың жұмысшыға шаққандағы жиілік коэффициенті



1000 адамға шаққандағы өндірістегі барлық қайғылы оқиғалардың жиілік коэффициенті (TIFR) келесі формуламен есептелген:

$$Kч = \frac{n \times 1000}{N}, \text{ мұнда}$$

n – есептік кезеңде өндірістегі қайғылы оқиғалардан зардап шеккендердің жалпы саны;


N – қызметкерлердің орташа саны.

Корпорацияда қолданылатын қайғылы оқиғаларды тіркеу, есеп беру және хабарлау жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасы және Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) талаптарына сәйкес келеді.

Өндірістік жарақаттануды алдын ала хабарлау және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарының бұзылуы жағдайларына мониторинг жасап, есепке алу мақсатында Корпорация мен еншілес ұйымдарында келесі жұмыстар атқарылды:

- ірі жарақаттар мен зияндардың іргетасы болып табылатын шағын жарақаттар, қауіпті оқиғаларды зерттеу;
- қайғылы оқиғалар нәтижелері бойынша ақпараттық бюллетеньдер дайындау және себептерін жеткізу және болашақта мұндай жағдайлардың қайталануын болдырмау мақсатында бюллетеньдер арқылы Корпорация еншілес ұйымдарының барлық кәсіпорындары қызметкерлерін ақпараттандыру;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау, электр қауіпсіздігі мәселелері бойынша қызметкерлерді оқыту және білімдерін тексеру;

Өліммен аяқталған жарақаттану жағдайларының (FIFR - Fatality Incident Frequency Rate) мың жұмысшыға шаққандағы жиілік коэффициенті



1000 жұмысшыға шаққандағы өліммен аяқталған қайғылы оқиғалардың жиілік коэффициенті (FIFR) келесі формуламен есептелді:

$$Kч1 = \frac{n1 \times 1000}{N}, \text{ мұнда}$$

n1 – есептік кезеңде өліммен аяқталған өндірістегі қайғылы оқиғалардың саны;

N – қызметкерлердің орташа саны.

- қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша корпоративтік стандарттар енгізу;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау жағдайына жоспарлы және тосын тексерулер жүргізу;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау күндерін өткізу;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша жиындар өткізу;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жұмыс орнын жасақтау;
- жұмыс орындарын ақпараттық плакаттармен және қауіпсіздік белгілерімен қамтамасыз ету;
- кәсіби жарыстар өткізу;
- көрсеткіш наряд-допуск бойынша және басқа да шаралар өткізу.

Корпорацияның өндірістік нысандарында әрекет ететін мердігер ұйымдардың қызметі бақыланады: еншілес ұйымдар мердігер ұйымдарға тексерулер жүргізеді, мердігер қызметкерлеріне инструктаж өткізіп, олармен жиналыстар ұйымдастырады.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау шараларын орындау, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша 2017 жылы атқарылған шаралардың нақты шығыны шамамен 780 млн теңгені құрады. Қаржы Корпорация қызметкерлерін қажетті жеке қорғаныш заттарымен, оның ішінде электрден қорғау заттары, арнайы тағам, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жұмсалды. Сондай-ақ, вакцинация, қызметкерлерді оқыту, ақпараттық плакаттар, нормативті-техникалық құжаттар басылымы мен қауіпсіздік және еңбекті қорғау белгілері, өрт сөндіру заттарын сатып алу жүргізілді. Жұмыс орындарын қосымша жарықтандыру, вентиляция және кондиционер жүйесін жөндеу, ғимараттар мен қондырғыларды жөндеу және басқа шаралар орындалды.

Қазақстан Республикасының «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қайғылы оқиғалардан сақтандыру туралы» заңнамасының талаптарына сәйкес, Корпорация кәсіпорындарының барлық қызметкерлері қайғылы оқиғалардан сақтандырылған.

Корпорацияның кәсіби қызметі жарақат алудың жоғары тәуекелімен байланысты қызметкерлері

Энергетикалық қондырғыға қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстар өндірісі жоғары тәуекелдермен байланысты. Электр құрылғыларында жұмыс жасау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қызметкерлерді оқыту жүргізіледі, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар жүргізіледі, оларды орындауға бақылау жасалады. Қызметкерлер қажетті жеке қорғаныш және электрден қорғау заттарымен қамтамасыз етіледі. Оның ішінде Петропавл 2-ЖЭО электр

цехі қызметкерлері үшін электр доғасынан қорғайтын костюмдер сатып алынды.

2017 жылы Корпорацияда жөндеу, электр қондырғыларында іске қосу-жөндеу жұмыстарын орындау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін LOTO (Lock out/Tag out) қондырғысын бұғаттау және маркалаумен байланысты қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша стандарт жобасы әзірленді. Стандартты 2018 жылы бекіту жоспарланып отыр, оның пилоттық жобасы ретінде Петропавл 2-ЖЭО таңдалып алынды.

«АЭҰК» АҚ және Петропавл 2-ЖЭО-нда электр қондырғыларына қызмет көрсететін қызметкерлерге хабарлау үшін қосымша қорғаныс заттары ретінде жұмысшының қорғаныс каскасына бекітілетін жеке қысым сигнализаторлары алынды.

2018 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

2018 жылы Корпорация қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша келесі корпоративтік стандарттар мен құжаттарды енгізіп, қолдауды жоспарлап отыр:

- «Энергия көздерін оқшаулау» стандарты;
- «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ кәсіпорындары қызметкерлерін қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын сақтауға ынталандыруды ұйымдастыру регламенті;
- Қабылданатын жұмысшылар мен мердігер ұйымдар жұмысшыларына «Welcome training» кіріспе оқыту жүргізу регламенті;



- Мердігер ұйымдармен өзара әрекет туралы регламент.

Сондай-ақ, 2018 жылы «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарында келесі шаралар жоспарланған:

- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-нда электр желілік компаниялардың оперативті-жөндеу қызметкерлері электр беру әуе желілеріне қызмет көрсету және жөндеу бойынша машықтануы үшін және жылу желілік компаниялар қызметкерлері жылу желілері құбыр өткізгіштеріне қызмет көрсету және жөндеу бойынша машықтануы үшін оқыту-жаттығу полигонының құрылысы;
- «ОАЭК» АҚ электр желілік тарату бөлімшелері арасында кәсіби шеберлік бойынша жарыстар.

«Энергия көздерін оқшаулау» стандартын енгізу жоспарына сәйкес, 2018 жылы технологиялық және электр сызбаларын актуалдандырумен, қондырғыларды маркалаумен, қажетті бұғаттаушы қондырғылар санын есептеумен және энергия көздерін оқшаулау матрицалары/оперативтік карталарын әзірлеумен байланысты кең ауқымды жұмыс жоспарланып отыр.

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ

Корпорация өз тұтынушыларының қауіпсіздігі мен денсаулығына алаңдайды. Бұл мақсатта жоспарлы ақпараттық-түсіндірме жұмыстары, қондырғыларды қарау жүргізіледі. Корпорацияның еншілес кәсіпорындары жетекші технологиялар енгізіп, қауіпсіз жұмыс өндірісі бойынша шараларды жүзеге асырады.

Ақпараттық түсіндіру жұмыстары

Корпорацияның электр желілік кәсіпорнының әрбір аудандық бөлімшелерінің басшылығы қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметі мамандарымен бірге тұрғындарға қолданыстағы электр құрылғылары мен электр беру желілері жанында қауіпсіздік талаптарын сақтау тақырыбында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Оқу жылының басында және соңында балалар электр жарақатын алуының алдын алу және профилактика бойынша акциялар өткізіліп, аудандық электр желілік кәсіпорындар мамандары мектептерге шақырылып, олар оқушыларды электр тоғынан жарақат алудан сақтандырады.

Еншілес ұйымдар пайдаланатын барлық электр құрылғыларында қауіп туралы тұрғындар мен қыз-

меткерлерге ескерту үшін қауіпсіздік белгілері мен жазбалары орналастырылған, қондырғылар рұқсат етілмеген енуден қорғалған, олар тиісті қоршаулар, құлыптар, бекітулермен қамтылған.

Облыстық және аудандық БАҚ-та жарақаттану профилактикасына, оның ішінде балалардың жарақаттануына және тұрғындардың денсаулығын қорғауға арналған мақалалар жарияланып тұрады.

ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК

«ОАЭК» АҚ-нда қатысу аймағындағы тұрғындарды қолдауға бағытталған әлеуметтік саясат жүзеге асырылуда. 2017 жылы Павлодар облысы әкімдігі мен «ОАЭК» АҚ акционері «ОАОЭК» АҚ арасында қол қойылған әлеуметтік жобаларды бірлесіп жүзеге асыру туралы меморандум аясында Павлодар монтаж колледжінің студенттеріне арналған 200 орындық жатақхана пайдалануға берілді.

Жатақханада жиһазбен жабдықталған, жеке жыну орындары бар екі және үш орындық бөлмелер, әрбір қабатта қажетті тұрмыстық техникалармен жабдықталған киім жуу және ас бөлмелері, тренажер және би залдары, ғимаратқа электронды кіргізу жүйесі және коридорларда бейнебақылау бар.

Жатақханаға орналастыруда «Дәнекерлеу ісі» (электр-газ дәнекерлеуші) және «энергиямен қамту» (электр желілерінің және электр қондырғыларының электр монтаждаушысы) мамандықтары бойынша білім алатын студенттерге басымдық беріледі. Қазіргі таңда жатақхана Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облыстық білім басқармасының «Павлодар монтаж колледжі» мемлекеттік шаруашылық қазыналық кәсіпорнының балансына берілген.

КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР

2017 жылы «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдары «ОАОЭК» АҚ акционерінің 20 жылдық мерейтойына арналған шараларға белсенді түрде қатысты.

Астанада холдинг қызметкерлерінің **EXPO-2017 халықаралық көрмесіне топ болып баруы**. EXPO көрмесі жаһандық ауқымдағы шара, маңызы жөнінен әлемдік экономикалық форумдармен тең дәрежеде және индустрияландыру символы мен техникалық және технологиялық жетістіктерді таныстырудың ашық алаңы болып табылады. 2017 жылы EXPO-2017 көрмесі балама энергетиканы дамыту тақырыбына арналды: экспозициялар тарихпен, за-

манауи технологиялармен және балама энергетика саласындағы болашақ жобаларымен таныстырды.

Бұл тақырып «ОАОЭК» Компаниялар тобына да өзекті, сол себепті мерейтойының құрметіне екі мыңға жуық қызметкерлер мен балаларына, кәсіпорын ардагерлеріне Астанаға EXPO-2017 көрмесіне жолдама сыйлады. Шілде мен қыркүйек аралығында Павлодар, Петропавл, Ақмола облыстарынан топтық сапарлар ұйымдастырылды. Сапар аясында Қазақстан астанасына бірінші рет келіп тұрған көптеген қызметкер Астананың көрнекі жерлерін де аралады.

«ОАОЭК» АҚ 20 жылдығына арналған мини-футболдан өткен алғашқы корпоративтік турнир Астана қаласында өтті. Турнирге Қазақстанның 4 өңірінен 6 команда қатысты: «ОАЭК» компаниясының құрамасы, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» компания-

сының құрамасы, «СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниясының құрамасы, «АЭҮК» компаниясының құрамасы, «Каустик» компаниясының құрамасы, «Астана Инвест» компаниясының құрамасы. Кездесулер нәтижесінде бірінші орынды «Каустик» командасы жеңіп алса, екінші орын «СЕВКАЗЭНЕРГО» командасына, үшінші орын «АЭҮК» командасына, төртінші орын «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» командасына бұйырды. Бесінші және алтыншы орындарды «ОАЭК» және «Астана Инвест» командалары бөлісті. Кездесулер нәтижесінде тек қана жеңімпаз командалар ғана емес, сонымен бірге келесі аталымдар бойынша үздік ойыншылар да анықталды: «Турнирдің үздік ойыншысы», «Үздік шабуылдаушы», «Үздік қақпашы», «Үздік қорғаушы».


Турнирдің негізгі мақсаты – корпоративтік мәдениетті қалыптастыру, Корпорацияның барлық қызметкерлерін белсенді, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру, спортты дамыту және насихаттау.



МАҢЫЗДЫ АСПЕКТТЕР МЕН ШЕКАРАЛАР

GRI Standards есептің мазмұнын анықтау принциптеріне сәйкес, есепте баяндалатын тақырыптардың маңыздылығына бағалау жүргізілді. Маңыздылықты анықтау үдерісі келесі кезеңдерден тұрады:

- 1-кезең.** GRI Standards нұсқаулығының базасында тұрақты дамуға қатысты тақырыптардың бәрі айқындалды.
- 2-кезең.** Тізімде көрсетілген тақырыптардың Корпорация ішінде және оның сыртында ықпал ету деңгейіне талдау жасалды. Одан арғы тереңдетіліп баяндалатын тақырыптарды таңдау мүдделі тараптармен өзара қызмет ескеріліп жасалды. Бұдан бөлек, тақырыптар Корпорация қызметіне және оның даму стратегиясына ықпал ету тұрғысынан талданды.
- 3-кезең.** Мүдделі тараптардың пікірлері мен Корпорацияның стратегиялық жоспарларына сәйкес, маңызды тақырыптар Маңыздылық картасына орналастыру үшін реттеліп, орындары анықталды. Әрбір қызмет аспектісіне Корпорацияға ықпалы (көлденең ось) және мүдделі тараптарға ықпалы (тік ось) ескеріліп, орташа балл берілді. Аса жоғары басымдыққа ие аспектер қызыл аумақта орналасты – есеп құруда оларға бірінші кезекте мән берілді. Сондай-ақ, есепте қызыл-сары аумақта орналасқан аспектер де ішінара баяндалды.



ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ	
№	АСПЕКТТЕР
1.	Экономикалық нәтижелілік
2.	Нарықтарда қатысу
3.	Тікелей емес экономикалық әсерлер
4.	Сатып алулар тәжірибесі
5.	Коррупцияға қарсы әрекет
6.	Бәсекелестікке тосқауыл
7.	Материалдар
8.	Энергия
9.	Су
10.	Биоәртүрлілік
11.	Шығарылымдар
12.	Қалдықтар
13.	Жеткізушілердің қоршаған ортаны қорғау критерийлерін сақтауын бағалау
14.	Экологиялық талаптарға сәйкестік
15.	Жұмыспен қамту
16.	Қызметкерлер мен басшылардың өзара қарым-қатынасы
17.	Денсаулық пен жұмыс орнындағы қауіпсіздік
18.	Дайындық және білім беру
19.	Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер
20.	Алалаушылыққа жол бермеу
21.	Қауымдастық және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі
22.	Балалар еңбегі
23.	Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек
24.	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі
25.	Негізгі және ұсақ халықтардың құқықтары
26.	Адам құқықтарының сақталуын бағалау
27.	Жергілікті қоғамдастықтар
28.	Жеткізушілердің әлеуметтік критерийлерге сәйкестігін бағалау
29.	Бұқаралық саясат
30.	Тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі
31.	Өнімдер мен қызметтерді маркалау
32.	Тұтынушылардың жеке өміріне қол сұқпаушылық
33.	Әлеуметтік-экономикалық заңнамалардың сақталмауы

GRI ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ИНДЕКСІ

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ ЖӘНЕ / НЕМЕСЕ URL	ЕРЕКШЕЛІК / ТҮСІНДІРМЕЛЕР
GRI 101: Есептілікті дайындау принциптері (2016)			
GRI 102: Жалпы ақпарат (2016)	Ұйым профилі		
	102-1 Ұйым атауы	«Қызмет профилі» бөлімі, 8 бет	
	102-2 Қызмет бағыттары	«Қызмет профилі» бөлімі, 8 бет және «Бизнес-модель» бөлімі, 17 бет	
	102-3 Бас кеңсенің мекен-жайы	«Байланыс» бөлімі, 113 бет	
	102-4 Қызмет географиясы	«Қызмет географиясы» бөлімі, 18 бет	
	102-5 Меншік формасы	«Корпорация құрылымы» бөлімі, 9 бет	
	102-6 Өткізу нарығы	«Қызмет географиясы» бөлімі, 18 бет «Еншілес ұйымдар» бөлімі, 19 бет	
	102-8 Қызметкерлер туралы ақпарат	«Кадрлық және әлеуметтік саясат» бөлімі, 82 бет	
	102-9 Жеткізілімдер тізбегі	«Бизнес-модель» бөлімі, 17 бет	
	102-10 Компания жұмысындағы маңызды өзгерістер	«Ұйымдық құрылым» бөлімі, 56 бет «Акционерлік капитал құрылымы» бөлімі, 51 бет	өзгеріссіз
	102-11 Сақтық принциптері	«Табиғат қорғау шаралары шығындары», 78 бет	
	102-12 Сыртқы бастамаларды қолдау	«Экологиялық ықпал етуді басқару» бөлімі, 75 бет «Парник газдарының шығарылымы» бөлімі, 76 бет «Экологиялық менеджмент жүйесі» бөлімі, 81 бет	
	102-13 Қауымдастықтарға мүшелік	-	Корпорация Қазақстан Электронергетикалық Қауымдастығының (ҚЭҚ) мүшесі болып табылады.
Стратегия			
102-14 Менеджмент хабарламасы	«Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі» бөлімі, 4 бет «Президент үндеуі» бөлімі, 6 бет		
Әдеп және адалдық			
102-16 Құндылықтар, принциптер, стандарттар және тәртіп нормалары	«Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп» бөлімі, 59 бет		

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ ЖӘНЕ / НЕМЕСЕ URL	ЕРЕКШЕЛІК / ТҮСІНДІРМЕЛЕР
	Корпоративтік басқару		
	102-18 Басқару құрылымы	«Ұйымдық құрылым» бөлімі, 56 бет «Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер қызметінің нәтижелері» бөлімі, 57 бет	
	Мүдделі тараптармен өзара қызмет		
	102-40 Мүдделі тараптар тізімі	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 72 бет	
	102-41 Ұжымдық шарттар	«Кәсіподақ ұйымдарымен өзара қызмет» бөлімі, 88 бет	
	102-42 Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 72 бет	
	102-43 Өзара қызмет тәсілдері	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 72 бет	
	102-44 Негізгі көтерілген тақырыптар мен қауіптер	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 72 бет	
	Есеп туралы мәліметтер		
	102-45 Шоғырлану негізі	«Есеп туралы» бөлімі, 2 бет	
	102-46 Есептің мазмұны мен шекараларын анықтау	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 98 бет	
	102-47 Маңызды тақырыптар тізімі	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 98 бет	
	102-48 Өткен кезеңдер мәліметтерін қайта есептеу	-	Көрсеткіштер өзгерген жоқ және Корпорацияның өткен жылдық есептерінде келтірілген мәліметтермен сәйкес келеді
	102-49 Есеп мазмұнындағы өзгерістер	-	Өзгеріссіз
	102-50 Есептілік кезеңі	«Есеп туралы» бөлімі, 2 бет	
	102-51 Соңғы жарияланым датасы	«Есеп туралы» бөлімі, 2 бет	
	102-52 Есептілік циклі	«Есеп туралы» бөлімі, 2 бет	
	102-53 Есеп мазмұны бойынша мәселелерге арналған байланыс ақпараты	«Байланыс» бөлімі, 113 бет	
	102-54 GRI стандарттарына сәйкестік деңгейі	«Есеп туралы» бөлімі, 2 бет	
	102-55 GRI мазмұнының индексі	«GRI элементтерінің индексі» бөлімі, 2 бет	
	102-56 Сыртқы растау	«Есеп туралы» бөлімі, 2 бет	

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ ЖӘНЕ / НЕМЕСЕ URL	ЕРЕКШЕЛІК / ТҮСІНДІРМЕЛЕР
	Маңызды тақырыптар		
	Экология		
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 98 бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Экологиялық ықпал етуді басқару» бөлімі, 75 бет	Экологиялық ықпал етуді басқарудың кешенді саясаты бұл саладағы барлық негізгі тақырыптарды қамтиды
	103-3 Менеджментті бағалау	-	өткізілмейді
	Материалдар		
GRI 301: Материалдар (2016)	301-1 Масса не көлемі бойынша шығындалған материалдар	«Экологиялық ықпал етуді басқару» бөлімі, 75 бет	
	Су		
GRI 303: Су (2016)	303-1 Көздеге бөлгендегі алынатын судың жалпы көлемі	«Су пайдалану және су ресурстарын қорғау» бөлімі, 79 бет	
	303-2 Ұйымнан су алу айтарлықтай ықпал ететін су көздері	«Су пайдалану және су ресурстарын қорғау» бөлімі, 79 бет	
	303-3 Көп мәрте және қайта пайдаланылатын су үлесі және жалпы көлемі	«Су пайдалану және су ресурстарын қорғау» бөлімі, 79 бет	
	Шығарылымдар		
GRI 305: Шығарылымдар (2016)	305-1 Парник газдарының тікелей шығарылымдары	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 76 бет	
	305-4 Парник газдары шығарылымдарының интенсивтілігі	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 76 бет	
	305-5 Парник газдары шығарылымдарының азаяуы (COR2R)	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 76 бет	
	305-7 NOx, SOx және өзге маңызды ластаушы заттар шығарылымдары	«Атмосфералық ауаны қорғау» бөлімі, 76 бет	
	Қалдықтар		
GRI 306: Сбросы и отходы (2016)	306-1 Ағын су сапасы көрсетілген қалдықтардың жалпы көлемі	«Өндіріс қалдықтарын тиімді қолдану және жою» бөлімі, 79 бет	
	306-2 Типі мен орналасу тәсілі бойынша қалдықтардың жалпы көлемі	«Өндіріс қалдықтарын тиімді қолдану және жою» бөлімі, 79 бет	

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ ЖӘНЕ / НЕМЕСЕ URL	ЕРЕКШЕЛІК / ТҮСІНДІРМЕЛЕР
Талаптарға сәйкестік			
GRI 307: Талаптарды сақтау (2016)	307-1 Экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамау туралы ақпарат	«Табиғат қорғау шаралары шығындары» бөлімі, 78 бет	
Әлеуметтік санат			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 98 бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Қызметкерлерді басқару саясаты» бөлімі, 82 бет	Кешенді кадрлық саясат бұл саладағы барлық негізгі тақырыптарды қамтиды
	103-3 Менеджментті бағалау	-	өткізілмейді
Жұмыспен қамту			
GRI 401: Жұмыспен қамту (2016)	401-1 Жалданған қызметкерлер мен кадр тұрақсыздығы	«Кадр тұрақсыздығы» бөлімі, 85 бет	
Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы			
GRI 402: Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы (2016)	402-1 Ұйым қызметіндегі айтарлықтай өзгерістерге қатысты хабарландырулардың ең аз кезеңі	«Кадрлық және әлеуметтік саясат» бөлімі, 82 бет	
Денсаулық және қауіпсіздік			
GRI 403: Денсаулық және қауіпсіздік (2016)	403-1 Жұмысшылардың басшылық пен жұмысшылар қатысатын денсаулық пен қауіпсіздік жөніндегі ресми бірлескен комитетте болуы.	«Қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы стратегиялық мақсаттар мен атқарылған шаралар» бөлімі, 91 бет	
	403-2 Өндірістік жарақат түрлері мен деңгейлері, кәсіби сырқат деңгейі, жоғалтқан күндер коэффициенті мен жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ, өліммен аяқталған жұмысқа қатысты оқиғалар саны	«Өндірістік жарақат түрлері мен деңгейлері» бөлімі, 93 бет	
	403-3 Жоғары жарақаттылықты және жұмысына қатысты сырқаттану қаупі бар жұмысшылар	«Корпорацияның кәсіби қызметі жарақат алудың жоғары тәуекелімен байланысты қызметкерлері» бөлімі, 95 бет	
Оқыту			
GRI 404: Тренинг және оқыту (2016)	404-2 Біліктілікті дамыту бағдарламалары	«Қызметкерлерді оқыту және дамыту» бөлімі, 84 бет	

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ ЖӘНЕ / НЕМЕСЕ URL	ЕРЕКШЕЛІК / ТҮСІНДІРМЕЛЕР
Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер			
GRI 405: Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер (2016)	405-1 Басшылық органдар құрамы	«Қызметкерлердің санаты мен жынысына қарай құрылымы» бөлімі, 82 бет	
Жергілікті қоғамдастықтар			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі мен маңыздылық картасы» бөлімі, 98 бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 72 бет	
	103-3 Менеджментті бағалау	-	өткізілмейді
GRI 413: Жергілікті қоғамдастықтар (2016)	413-1 Жергілікті қоғамдастықтармен өзара қызмет, қызметтің жергілікті қоғамдастықтарға ықпалы мен жергілікті қоғамдастықтардың дамуын бағалау бағдарламалары	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 72 бет	
Тұтынушының қауіпсіздігі мен денсаулығы			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі мен маңыздылық картасы» бөлімі, 98 бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Тұтынушы қауіпсіздігі» бөлімі, 96 бет	
	103-3 Менеджментті бағалау	-	өткізілмейді
GRI 416: Тұтынушының қауіпсіздігі мен денсаулығы (2016)	413-1 Өнімдердің тұтынушыға қауіпсіздігін бағалау	«Тұтынушы қауіпсіздігі» бөлімі, 96 бет	
Қосымша ақпарат			
Электр энергетикасы бойынша салалық хаттама GRI G4	G4-EU1 Орнатылған қуат	«Корпорация туралы» бөлімі, 8 бет	
	G4-EU2 Энергия өндіру	«Қызметтің негізгі көрсеткіштері» бөлімі, 10 бет	
	G4-EU3 Тұрмыстық, өнеркәсіптік, институционалдық, коммерциялық тұтынушылардың жеке есепшоттарының саны	«Қызмет географиясы» бөлімі, 18 бет	
	G4-EU4 Реттеу режимдеріне бөлгендегі жерүсті және жерасты электр энергиясын беру және тарату желілерінің ұзындығы	«Негізгі өндірістік сипаттамалар» бөлімі, 11 бет	
	G4-EU5 COR2R немесе эквиваленттер шығарылымдарына квота бөлу	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 76 бет	

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП.
(МЫҢ ТЕҢГЕ)

	31 ЖЕЛТОҚСАН 2017 ж.	31 ЖЕЛТОҚСАН 2016 ж.
АКТИВТЕР		
ҰЗАҚМЕРЗІМДІ АКТИВТЕР:		
Негізгі қаражат	251,341,851	240,348,875
Гудвил	1,687,141	2,424,419
Бейматериалдық активтер	1,997,187	1,816,542
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	1,282,858	710,031
Өзге қаржылық активтер	5,515	14,000
Берілген аванстар	3,317,136	1,883,613
Өзге ұзақмерзімді активтер	1,816,766	1,833,968
Барлық ұзақмерзімді активтер	261,448,454	261,448,454
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР:		
Тауарлық-материалдық қорлар	4,880,435	4,956,047
Саудалық дебиторлық қарыз	18,767,608	16,879,028
Берілген аванстар	1,518,316	1,682,394
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	179,315	302,911
Өзге ағымдағы активтер	3,679,690	2,110,065
Өзге қаржылық активтер	17,181,418	10,236,661
Ақшалай қаражаттар	2,368,075	2,022,862
Барлық ағымдағы активтер	48,574,857	38,189,968
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР	310,023,311	287,221,416
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
КАПИТАЛ:		
Жарғылық капитал	46,043,272	46,043,272
Қосымша төленген капитал	1,348,105	1,348,105
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв	41,413,587	44,190,092
Бөлінбеген табыс	60,979,619	49,253,645
Барлық капитал	149,784,583	140,835,114

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП. (ЖАЛҒАСТЫРЫЛҒАН)
(МЫҢ ТЕҢГЕ)

	31 ЖЕЛТОҚСАН 2017 ж.	31 ЖЕЛТОҚСАН 2017 ж.
ҰЗАҚМЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:		
Шығарылған облигациялар	20,181,710	14,719,190
Қарыздар	46,448,347	44,821,166
Болашақ кезеңдегі табыстар	7,729,309	3,975,557
Қаржылық аренда бойынша міндеттемелер	2,118,028	1,436,419
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	38,759,445	35,226,177
Күл үйінділерін рекультивациялау бойынша міндеттемелер	484,877	653,356
Қызметкерлер сыйақысы бойынша міндеттемелер	136,805	131,621
Өзге ұзақмерзімді кредиторлық міндеттемелер	194,333	343,745
Барлық ұзақмерзімді міндеттемелер	116,052,854	101,307,231
АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:		
Шығарылған облигациялардың ағымдағы бөлігі	578,571	9,663,264
Қарыздар	19,270,179	15,216,814
Қаржылық аренда бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	477,867	311,334
Саудалық кредиторлық қарыз	17,781,829	14,731,068
Алынған аванстар	2,222,981	1,928,519
Күл үйінділерін рекультивациялау бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	87,694	97,785
Қызметкерлер сыйақысы бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	11,574	10,199
Табыс салығы бойынша міндеттемелер	68,681	-
Өзге міндеттемелер мен есептелген шығындар	3,686,498	3,120,088
Барлық ағымдағы міндеттемелер	44,185,874	45,079,071
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	310,023,311	287,221,416

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП.
(мың теңге)

	31 ЖЕЛТОҚСАН 2017 ж.	31 ЖЕЛТОҚСАН 2016 ж.
ТАБЫСТАР	131,651,735	122,122,783
ӨЗІНДІК ҚҰНЫ	(100,295,105)	(93,197,839)
ЖАЛПЫ ПАЙДА	31,356,630	28,924,944
Жалпы және әкімшілік шығындар	(9,144,534)	(7,950,438)
Өткізу бойынша шығындар	(2,033,859)	(1,981,898)
Қаржылық шығындар	(6,467,984)	(6,440,604)
Қаржылық табыстар	1,111,927	1,113,268
Курс айырмашылығы бойынша шығындар, нетто	181,079	404,090
Гудвилдің құнсыздануынан болатын шығындар	(737,278)	-
Өзге (шығыстар)/табыстар, нетто	(14,314)	741,484
САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ТАБЫС	14,251,667	14,810,846
ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫН	(3,612,563)	(3,546,614)
БІР ЖЫЛҒЫ ТАБЫС	10,639,104	11,264,232
Табыс салығын есептегендегі ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС		
Кіріс пен шығында реклассификациялауға жатпайтын баптар		
Негізгі қаражаттарды қайта есептеуден түсетін табыс	-	(50,746)
БІР ЖЫЛҒЫ БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС	10,639,104	11,213,486
Акцияға бір жылғы табыс, теңге	287.92	304.84

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП.
(мың теңге)

	ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ	ҚОСЫМША ТӨЛЕНГЕН КАПИТАЛ	НЕГІЗГІ ҚАРАЖАТ- ТЫ ҚАЙТА БАҒАЛАУ БОЙЫНША РЕЗЕРВ	БӨЛІНБЕГЕН ТАБЫС	БАРЛЫҚ КАПИТАЛ
1 қаңтар 2016 ж.	46,043,272	1,348,105	47,502,275	34,727,976	129,621,628
Бір жылдағы табыс	-	-	-	11,264,232	11,264,232
Бір жылдағы өзге жиынтық шығын	-	-	(50,746)	-	(50,746)
Бір жылдағы барлық жиынтық табыс			(50,746)	11,264,232	11,213,486
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв амортизациясы	-	-	(3,261,437)	3,261,437	-
31 желтоқсан 2016ж.	46,043,272	1,348,105	44,190,092	49,253,645	140,835,114
Пайда және бір жылдағы барлық жиынтық табыс	-	-	-	10,639,104	10,639,104
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв амортизациясы	-	-	(2,776,505)	2,776,505	-
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	(1,689,635)	(1,689,635)
31 желтоқсан 2017 ж.	46,043,272	1,348,105	41,413,587	60,979,619	149,784,583

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП.
(мың теңге)

	2017 Ж.	2016 Ж.
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:		
Салық салуға дейінгі табыс	14,251,667	14,810,846
Түзетулер:		
Тозу және амортизация	11,326,606	10,414,920
Қаржылық шығындар	6,467,984	6,440,604
Курс айырмашылығы бойынша шығыс, нетто	(181,079)	(404,090)
Негізгі қаражаттың шығып қалуынан болатын шығындар	383,065	156,364
Негізгі қаражаттың құнсыздануынан болатын шығындар	-	152,684
Гудвилдің құнсыздануынан болатын шығындар	737,278	-
Күмәнді қарыздар бойынша резерв есептеу	684,649	479,826
Кредиторлық қарызды шығарып тастау табысы	(52,881)	(209,195)
Пайдаланылмаған босатылым бойынша резервтер есептеу	76,702	42,785
Ликвидті емес және тозған тауарлық-материалдық қорларға резерв есептеу	(1,111,927)	(1,113,268)
Қаржылық табыстар	46,277	23,263
Айналымдық капиталдағы өзгерістерге дейінгі ақша қаражатының қозғалысы	32,691,177	30,843,279
Тауарлық-материалдық қорлардың өзгеруі	(68,120)	1,408,056
Сауда дебиторлық қарыздың өзгеруі	694,889	(3,147,851)
Берілген аванстың өзгеруі	90,015	(250,507)
Өзге ағымдағы активтердің өзгеруі	(139,377)	(389,230)
Ұзақмерзімді активтердің өзгеруі	42,955	-
Сауда кредиторлық қарыздың өзгеруі	225,118	2,241,212
Болашақ кезеңдер табысының өзгеруі	76,869	(37,199)
Алынған аванстардың өзгеруі	(247,731)	(233,053)
Күл үйінділерін рекультивациялау бойынша міндеттемелердің өзгеруі	(192,708)	-
Қызметкерлерді марапаттау бойынша міндеттемелердің өзгеруі	(13,886)	(16,111)
Қызметкерлерді марапаттау бойынша міндеттемелердің өзгеруі	49,099	1,169,408
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты	33,208,300	31,588,004
Табыс салығын (төлеу)/қайтару	(489,868)	158,609
Төленген пайыздар	(7,170,574)	(6,308,772)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты	25,547,858	25,437,841

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП. (ЖАЛҒАСТЫРЫЛҒАН)
(мың теңге)

	2017 Ж.	2016 Ж.
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:		
Негізгі қаражаттарды иелену	(23,261,781)	(26,922,275)
Бейматериалдық активтерді иелену	(347,990)	(309,536)
Негізгі қаражаттың шығып қалу түсімдері	10,742	431,214
Депозиттерді орналастыру	(17,201,239)	-
Депозиттен шешілген ақша қаражаты және пайыздық түсімдер	11,180,296	5,107,648
Кепілдік салымдар қайтарымы	(24,097)	(27,229)
Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақша қаражаттары	(29,644,069)	(21,720,178)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:		
Қарыздар түсімі	28,056,936	23,584,188
Облигацияларды орналастыру түсімдері	5,651,772	800,234
Облигацияларды орналастыру	(9,038,366)	-
Қаржылық аренда	(268,441)	(150,543)
Қарыздарды өтеу	(22,398,498)	(28,821,059)
Дивидендтерді төлеу	(1,292,914)	(932,521)
Мемлекеттік субсидиялар түсімдері	3,760,380	1,569,792
Қаржылық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақша қаражаттары	4,470,869	(3,949,909)
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ТАЗА АРТУЫ/(АЗАЮЫ)	374,658	(232,246)
жыл басындағы АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ	2,022,862	2,279,387
Шетелдік валюта курсы өзгерісінің шетелдік валютадағы ақша қаражатының қалдығына әсері	(29,445)	(24,279)
жыл соңындағы АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ	2,368,075	2,022,862

ГЛОССАРИЙ, ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

Агрегаттың (стансаның) қолданылатын қуаттылығы	– өндіруші агрегаттың (стансаның) қуаттылығын шектеуді алып тастағандағы белгіленген қуаттылығы.
Әуелік электр желісі	– электр энергиясын ашық ауада орнатылған, оқшаулағыштар мен арматуралардың көмегімен тіреулерге немесе кронштейндерге бекітілген өткізгіштердің бойымен беретін электр желісі.
Белгіленген қуаттылық	– турбоагрегаттардың номиналды қуатының қолданыстағы шамасы.
Бу турбинысы	– энергетикалық турбомашинаның жоғары параметрлі будың потенциалды энергиясын электрді өндіретін оның роторының айналуының механикалық энергиясына түрлендіретін булы турбоагрегат элементі.
Гигакалория	– жылу энергиясы мөлшерінің өлшем бірлігі, жылу энергетикасы, жылыту жүйесі, коммуналды шаруашылықта бағалау үшін қолданылады.
Гигакалория / сағат	– белгілі бір уақыт ішінде қандай да бір жабдықтың өндірген немесе пайдаланған жылу мөлшерін сипаттайтын туынды бірлік.
Градирня	– ауа массасын соратын сорғыш мұнара түріндегі құрылыс ғимараты.
Гудвилл (ағылш. goodwill)	– компанияның бағасы мен оның барлық активтерінің таза құны арасындағы айырмашылық.
Жылу мен электр энергиясын аралас өндіру	– электр өндірістің бу турбинысын қозғалысқа келтіріп электр энергиясын және бу турбинысынан бөлініп шыққан будан шығатын жылуды өндіруі.
Жылу электр орталығы (ЖЭО, жылытатын электр станциясы)	– электр энергиясын ғана емес, сондай-ақ бу және ыстық су күйінде тұтынушыларға жіберілетін жылуды өндіретін жылу электр стансасы.
ЖІӨ дефляторы (жалпы ішкі өнім дефляторы)	– экономикадағы белгілі бір кезеңде тауарлар мен қызметтер (тұтыну себеті) жалпы баға деңгейін есептеуге арналған бағалық индекс.
Қазандық агрегаты	– отын жағу, электр энергиясын пайдалану, шығатын газ жылуы немесе технологиялық үрдіс салдарынан қысыммен бу немесе ыстық су алуға арналған құрылғы.
Калория (кал)	– жылу мөлшерінің жүйеден тыс бірлігі.
Күл	– отынның толық жанған кезде минералды қоспаларынан түзілетін жанбайтын қалдығы (шаң тәрізді).
Күл үйіндісі	– жылу электр орталықтарында қатты отынды жаққан кезде түзілетін күл мен боқатты жинауға және кәдеге жаратуға арналған жер.
Мегаватт	– электр өндірісінде қуаттылықты өлшеу бірлігі.
Қолданылатын қуаттылық	– техникалық себептер бойынша сатылмаған (түтін құбырларының тарту күшінің жеткіліксіздігі, турбина конденсаторларының салқындату жүйесі және т.б.) қуаттылықты алып тастағандағы жабдықтың белгіленген қуаттылығына тең шама.
РҚШ томы	– рұқсат етілген қалдықтар шегі нормативтерінің жобасы.
Сорғы	– энергия (кинетикалық немесе потенциалды) келіп түскен кезде ең алдымен сұйықты қысыммен қозғалтуға (соруға, айдауға) арналған құрылғы.
Сорғы қондырғысы	– сорғының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, белгілі бір сұлба бойынша құрастырылған құраушы жабдықтары бар сорғы агрегаты.
Стансадағы белгіленген жылу қуаты	– жылуды сыртқы тұтынушыларға және бу мен ыстық суға деген жеке қажеттіліктерге жіберуге арналған жабдықтарды пайдалану актісі бойынша қабылданған номиналды жылу қуаттылықтарының қосындысы.
Трансформатор (лат. transformare — өзгерту, түрлендіру)	– энергияның (мысалы, электр трансформаторы, гидротрансформатор) немесе нысандардың (мысалы, фототрансформатор) қандай да бір маңызды қасиеттерін түрлендіруге арналған құрылғы.

Турбина	– бу, газ, судың жұмыс жылуының кинетикалық энергиясын механикалық жұмысқа түрлендіретін, жұмыс органы болып табылатын роторды айналдыру қозғалысы бар алғашқы қозғалтқыш.
Турбоагрегат	– бір жиынтық сымға біріктірілген бу турбинысы, электр өндіруші мен қоздырғыштың жиынтығы; пардың потенциалды энергиясын электр энергиясына түрлендіруді қамтамасыз етеді.
Шағын станция	– электр энергиясын түрлендіру және тарату үшін пайдаланылатын, трансформатор немесе энергияны басқа да түрлендірушілерден, тарату құрылғыларынан, басқару құрылғысы мен қосалқы құрылыстардан тұратын электр қондырғысы.
Электрді әуемен беру желісі	– электр энергиясын қашықтықтарға өткізгіштер арқылы беруге арналған құрылым.
Электрді беру желісі (ЭБЖ)	– электр энергиясын электр стансасынан тұтынушыларға беруге арналған, сымдар (кабельдер) мен қосымша құрылғылардан тұратын құрылыс.
Энергожүйенің белгіленген электр қуаты	– энергожүйедегі электр стансаларының барлық турбо және гидроагрегаттарының паспорты не болмаса техникалық шарттарына сәйкес келетін жиынтық номиналды белсенді қуаты.
Эмульгатор	– фазалар инверсиясы режимінде жұмыс істейтін ылғалды күл және шаңды тазалау аппараты.
COSO	– Трэдуэя Комиссиясының демеушілік ұйымдары комитеті.
CTF (ағылш. қысқ. Clean Technology Fund)	– Таза технологиялар қоры.
EBITDA	– салықтарды, пайыздарды және есептелген амортизацияларды төлеу бойынша шығындарды алып тастағандағы пайда көлеміне тең аналитикалық көрсеткіш.
ESAP	– Экологиялық және әлеуметтік әрекеттер жоспары.
ISO	– Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым.
KEGOC	– «Қазақстан Электр желілерін басқару жөніндегі компания» АҚ.
OHSAS	– халықаралық еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі.
2-ПЖЭО	– 2-Петропавл жылу электр орталығы.
АЕК	– айлық есептік көрсеткіш.
АҚ	– акционерлік қоғам.
АЭЖ	– аудандық электр желісі.
ӘЖ	– әуелік желілер.
БАҚ	– бұқаралық ақпарат құралдары.
Гкал	– гигакалория.
Гкал • с	– гигакалория/сағат.
ГЭС	– гидро электр стансасы.
ҒӨБ	– ғылыми-өндірістік бірлестік.
ЕҚДБ	– Еуропа қайта құру және даму банкі (ағылш. European Bank for Reconstruction and Development EBRD).
ЖКЕАЖ	– жылу энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі.
ЖОС	– жеке оқшаулағыш сым.

БАЙЛАНЫС

«ОРТАЛЫҚ -АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ
«ОАЭК» АҚ бас кеңсесінің мекенжайы:
Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Қарасай батыр к-сі., 89
Электрондық пошта: info@energy.kz
Телефон: +7 (727) 258-49-41
Факс: +7 (727) 258-49-42

ЖТҚ	– жиынтық тарату құрылғысы.
ЖШС	– жауапкершілігі шектеулі серіктестік.
ЖІӨ	– жалпы ішкі өнім.
ЖЭО	– жылу электр орталығы.
ИИҚ	– Ислам инфрақұрылымдық қоры.
кВт • с	– киловатт сағат.
КЖ	– кабельді желілер.
КҰҚ	– күлді ұстау құрылғысы.
ҚҚС	– қосымша құн салығы.
ҚОМЖ	– қоршаған орта менеджменті жүйесі.
МАЭС	– мемлекеттік аудандық электр станциясы.
МВт	– мегаватт
МҮИИДБ	– мемлекеттік үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы.
ОАОЭК	– «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ.
ОАЭК	– «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ.
ПЭ	– «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ.
ПЭТК	– «Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ.
СКЭ	– «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ.
СҚ ЭТК	– «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ.
СПЖ	– сапа менеджменті жүйесі.
ТБЖ	– тәуекелдерді басқару жүйесі.
ЭБӘЖ	– электрді берудің әуелік желілері.
ЭБЖ	– электрді беру желілері.
ЭКЕАЖ	– электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі.
ЭС	– электр станциясы.

А.Ә.Т./ҚЫЗМЕТІ	БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ
Инвесторлармен және акционерлермен жұмысқа жауапты тұлғалар	
Карягин Андрей Валерьевич, «ОАЭК» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89 тел.: +7 (727) 258-49-41 факс: +7 (727) 259-66-43
Букша Наталья Викторовна, «ОАЭК» АҚ Бас бухгалтері	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89 тел.: +7 (727) 258-49-47 факс: +7 (727) 259-66-43
Жұмаділов Талғат Мұхтарұлы, «ОАЭК» АҚ Корпоративтік хатшысы	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89 тел.: +7 (727) 258-49-40 факс: +7 (727) 259-66-43
Жылдық есепке жауапты тұлға	
Жүндібаева Салтанат Дауылбайқызы, «ОАЭК» АҚ Қоғаммен байланыс жөніндегі Департаментінің директоры	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қарасай батыр к-сі, 89 тел.: +7 (727) 259-08-63 факс: +7 (727) 259-66-43

АУДИТОР

«ОАЭК» АҚ аудиторы «Делойт» ЖШС болып табылады, орналасқан мекенжайы:
ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби көш., 36, «Нұрлы-Тау» БО.
Телефондары: +7 (727) 258-13-40
Факс: +7 (727) 258-13-41

ТІРКЕУШІ

«Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ (Алматы қ., Әділет департаментінің 11.01.2012 ж. берген 1678-1910-02 АҚ мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі).



CAEPSCO

Орталық-Азия
Электроэнергетикалық Корпорациясы